

## **Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенцияның орындалуы туралы баяндаманы бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 3 қазандағы № 851 қаулысы

Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенцияның 18-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенцияның орындалуы туралы баяндама (бұдан әрі – баяндама) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі баяндаманы белгіленген тәртіппен Біріккен Ұлттар Ұйымының Әйелдерге қатысты кемсітушілікті жою комитетіне жіберсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*Ә. Смайылов*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2023 жылғы 3 қазандағы  
№ 851 қаулысымен  
бекітілген

## **Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенцияның орындалуы туралы баяндама Мазмұны**

Алғы сөз

I бөлім. Жалпы мәліметтер

1. 2020 – 2023 жылдардағы ел және халық (негізгі гендерлік сипаттама)

2. Жалпы саяси негіз

3. Қазақстан Республикасындағы адам құқықтарын заңнамалық және институционалдық қамтамасыз ету

4. Адам құқықтарын халықаралық нормалар негізінде қорғау

5. Ақпараттандыру және адам құқықтарын насихаттау

6. 2020 жылдан 2022 жылға дейінгі кезеңіндегі елдің әлеуметтік–экономикалық ахуалы

II бөлім. Конвенцияның орындалуы туралы ақпарат

1-бап

2-бап

3-бап

4-бап

5-бап

6-бап

7-бап

8-бап

9-бап

10-бап

11-бап

12-бап

13-бап

14-бап

15-бап

16-бап

Қорытынды

1-қосымша. Статистикалық деректер

2-қосымша. Баяндамада көрсетілген Қазақстан Республикасының құқықтық актілерінің, стратегиялық және бағдарламалық құжаттарының тізбесі

## **Алғысөз**

Қазақстан Республикасының Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенцияның орындалуы туралы алтыншы кезеңдік баяндамасы (бұдан әрі – Конвенция) Конвенция бойынша бастапқы және кезеңдік баяндамаларды ұсыну жөніндегі басшылыққа сәйкес әзірленді.

Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенцияның орындалуы туралы алтыншы кезеңдік баяндаманың жобасын (бұдан әрі – баяндама) Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі бекіткен Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жұмыс тобы әзірледі, оның құрамына мемлекеттік органдардың өкілдері, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның мүшелері кірді.

Баяндама негізіне Қазақстанның бесінші баяндамасы бойынша БҰҰ Әйелдерге қатысты кемсітушілікті жою комитетінің қорытынды ескертулерін (бұдан әрі – СИДО жөніндегі комитеттің қорытынды ескертулері) ескере отырып, мемлекеттік органдар, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астана әкімдіктері жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссиялар ұсынған талдамалық материалдар енді.

Осы баяндамада Конвенцияны іске асыру мақсатында 2020 – 2023 жылдардың есептік кезеңі үшін Қазақстанның әйелдердің ерлермен тең құқылы негізде экономикалық, әлеуметтік, мәдени, азаматтық және саяси құқықтарын қамтамасыз ету саласында қол жеткізген негізгі өзгерістері мен прогрестері туралы ақпарат қамтылған.

Баяндама екі негізгі бөлімнен тұрады: баяндаманың I бөлімінде Қазақстан Республикасы, халық, адам құқықтарын қорғайтын саяси құрылым мен заңдар туралы жалпы ақпарат, сондай-ақ адам құқықтары саласында қоғамның және билік құрылымының хабардар болуын арттыру жөніндегі әртүрлі құқық қорғау құралдарындағы шаралардың сипаттамасы қамтылған; II бөлімде Конвенцияның ережелеріне сәйкес, оны одан әрі іске асыру бойынша қолданыстағы конституциялық, заңнамалық, әкімшілік және басқа да шаралар, қол жеткізілген прогрестер, бар кедергілер мен оның алдағы қадамдары туралы ақпарат қамтылған.

Сонымен қатар баяндамада СИДО комитетінің бесінші мерзімді баяндама бойынша қорытынды ескертулерін орындауға баса назар аударылды.

Қазақстан адам құқықтары және халықаралық құжаттар саласындағы, оның ішінде әйелдердің құқықтарын қамтамасыз ету, олардың мүмкіндіктерін кеңейту саласындағы негізгі құқық қорғаушы халықаралық шарттарының – Әйелдердің жағдайын жақсарту жөніндегі Бейжің іс-қимыл платформасының (1995 ж.), әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы БҰҰ Конвенциясының (1998 ж.), оған Факультативтік хаттама (2001), Әйелдердің саяси құқықтары туралы конвенция (2000), Тұрмыстағы әйелдердің азаматтығы туралы конвенция (2000), ХЕҰ-ның Құндылығы бірдей еңбек үшін еркектер мен әйелдерге бірдей сыйақы беру туралы конвенциясы (2000) және басқалар, осылайша әйелдердің құқықтарын сақтау және қорғау кепілдіктерін растайды.

Халықаралық қоғамдастықтың жауапты мүшесі бола отырып, Қазақстан "Гендерлік теңдікті қамтамасыз ету және барлық әйелдер мен қыздардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту" 5-ші тұрақты даму саласындағы мақсаттар (бұдан әрі – ТДМ) бойынша міндеттемелер қабылдады.

Қазақстан БҰҰ-ға қатысушы елдердегі прогресті өлшеу мен нәтижелерді салыстыруда пайдаланылатын халықаралық көрсеткіштерге сәйкес гендерлік теңдікке қол жеткізуге ұмтылады. БҰҰДБ мәліметтеріне сәйкес БҰҰ-ның гендерлік даму индексі бойынша 2021-2022 жылдардағы адами даму бойынша жыл сайынғы баяндамасында Қазақстан ерлер мен әйелдер арасындағы Адами даму индексі (бұдан әрі – АДИ) бойынша жетістіктер теңдігі өте жоғары елдердің 1-ші тобына енгізілген.

2021 жылы орнықты даму мақсаттарына қол жеткізу бойынша елдердің жаһандық рейтингінде Қазақстан 6 орынға көтеріліп, 59-орынға ие болды (2020 жылы – 65-ші).

Гендерлік алшақтық индексі бойынша халықаралық рейтингте Қазақстан 2022 жылмен салыстырғанда позициясын 3 тармаққа жақсартып, 2023 жылы 62-орынға ие болды (2022 жылы 146 ел арасында – 65-орын, 2021 жылы – 156 орыннан 80-орын, 2020 жылы – 153 орыннан 72-орын). Бүгінгі таңда Қазақстан гендерлік паритеттің 72,1 %-ына жетті, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 0,2 пайыздық тармаққа жоғары. Қазақстанда білім деңгейі бойынша бастауыш, орта және жоғары біліммен қамтуда толық паритетке жетіп, гендерлік алшақтық іс жүзінде жойылды. "Күтілетін саламатты

өмір сүру ұзақтығы" көрсеткіші бойынша Қазақстан жыл сайын өз позициясын да сақтап қалады (1-орын) және жетекші елдердің үлкен тобының арасында орналасқан.

ЭЫДҰ-ның 2023 жылғы SIGI зерттеуінде Қазақстан кемсітушілік деңгейі төмен ел ретінде бағаланды (SIGI индексі=22%).

Сонымен қатар Қазақстан 2022 жылғы шілдеде Нью-Йоркте өткен БҰҰ-ның Орнықты даму жөніндегі жоғары деңгейдегі саяси форумында ТДМ-ны іске асыру жөніндегі Екінші ерікті ұлттық шолуды (ЕҰШ), оның ішінде гендерлік теңдік пен әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуге қатысты ТДМ 5 есебін ұсынды.

*Анықтама: Қазақстан елдегі ТДМ іске асыру барысы туралы өзінің ерікті баяндамаларын ұсынған 47 мүше елдің тізіміне енгізілді. Қазақстан өзінің алғашқы баяндамасын 2019 жылдың шілдесінде ұсынды.*

ТДМ 5-ті іске асыру жөніндегі есепте Қазақстан тең құқықтары мен тең мүмкіндіктері бар қоғамды қалыптастыруда елеулі табыстарға қол жеткізгені атап өтілген. Еліміз БҰҰ-ның 2022 – 2024 жылдарға арналған адам құқықтары жөніндегі кеңесінің мүшесі, онда гендерлік теңдік және әйелдердің құқықтарын кеңейту мәселелері басым болып табылады.

Елде Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия, өңірлерде тиісті консультативтік-кеңесші органдары жұмыс істейді.

2023 жылдан бастап Мәдениет және ақпарат министрлігі ЭЫДҰ-мен ынтымақтастық шеңберінде гендерлік саясат мәселелері бойынша жауапты орган болып белгіленді. Мәдениет және ақпарат министрлігінің Жастар және отбасы істері комитетінің құрылымында гендерлік саясатты үйлестіру басқармасы құрылды.

## **I бөлім. Жалпы мәліметтер**

### **1. 2020 – 2023 жылдардағы ел және халық (негізгі гендерлік сипаттама)**

Қазақстанның аумағы 2,7 млн шаршы км-ді құрайды, республика аумағы бойынша әлемнің ең ірі он мемлекетінің қатарына кіреді.

2023 жылдың басында ел халқының саны 19,8 млн адамды, оның ішінде 10,1 млн әйелді (51,2 %), 9,6 млн ер адамды (48,8 %) құрады. 18 жасқа дейінгі балалар саны 6,7 млн адамды, оның ішінде қыздар – 3,3 млн адамды (48,6 %), ұлдар – 3,5 млн адамды (51,4 %) құрайды.

Қарт адамдардың үлесі (65 жас және одан да жоғары) 2023 жылдың басында 8,5 % болды. Осылайша, Қазақстан жалпы саны 7 %-ды құрайтын шекті деңгейден асқан, қарт адамдары бар елдердің қатарына қосылуы мүмкін.

Қазақстанның этникалық құрамы 2021 жылғы санақ деректері бойынша 120-дан астам ұлтты, оның ішінде қазақтар – 13,5 млн адамды (70,4 %), орыстар – 2,9 млн адамды (15,5 %), өзбектер – 614,0 мың адамды (3,2 %), украиндықтар – 387,3 мың

адамды (2,0 %), ұйғырлар – 290,3 мың адамды (1,5 %), татарлар – 218,6 мың адамды (1,1 %), немістер – 226,1 мың адамды (1,2 %) және т.б. құрайды.

2021 жылғы халық санағының қорытындысы еліміздегі айтарлықтай демографиялық өзгерістерді көрсетті. Санақ аралығындағы кезеңде (2009 – 2021 жылдары) туу деңгейі артып, өлім-жітім төмендеген, халықтың өмір сүру ұзақтығы ұлғайған, көші-қонның оң сальдосы байқалды. Нәтижесінде халық саны 3 млн-нан астам адамға көбейді.

#### *Еңбек және жұмыспен қамту саласы*

Қазақстан Республикасында жұмыс күшінің саны 2022 жылы 9,4 млн адамды құрады. Экономиканың түрлі салаларында 9 млн адам жұмыспен қамтылды, бұл 2011 жылмен салыстырғанда 8,1 %-ға артық.

Жұмыс істейтін халық арасында жалдамалы жұмыскерлердің үлесі 76,3 %-ды, ал өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың үлесі 23,7 %-ды құрады. Көрсетілген кезеңде жұмыссыз халық саны азайды және 458,3 мың адамды құрады. 2022 жылы жұмыссыздық деңгейі 4,9 %-ды құрады, 2011 жылы ол 5,4 % болған.

Жұмыс істейтін халық арасындағы әйелдердің үлесі 2022 жылы 4,3 млн адамды (47,9 %) құрады. Жұмыс істейтін әйелдердің жалпы санынан жалдамалы жұмыс істейтіндердің саны 3,3 млн адамды (77,9 %), өзін-өзі жұмыспен қамтығандар 1,0 млн адамды (22,1 %) құрайды.

Әйелдердің басым бөлігі экономиканың тиісті сала қызметінде жұмыс істейтіндердің жалпы санынан мынадай салаларында жұмыс істейді: денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер көрсету – 72,5 %, білім беру – 73,0 %, тұруға және тамақтандыру бойынша көрсетілетін қызметтер – 64,9 %, қаржы және сақтандыру қызметі – 59,8 %, көтерме және бөлшек сауда, автомобильдер мен мотоциклдерді жөндеу – 56,4 %, өнер, ойын-сауық және демалыс – 54,4 %, ауыл шаруашылығы – 40,9 %. Ерлер дәстүрлі түрде құрылыста – 78,5 %, көлікте және қоймаға жинауда – 77,7 %, өнеркәсіпте – 70,0 % жұмыс істейді.

Ауылдық елді мекенде 2022 жылы 3,5 млн адам, оның ішінде 1,6 млн әйел (45,2 %) жұмыспен қамтылды.

2023 жылғы қаңтар-наурыз кезеңінде республикада орташа айлық номиналды жалақы 340,6 мың теңгені құрады, бұл 2011 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 4,2 есеге көп (2020 жылы – 213,0 мың теңге, 2021 жылы – 250,3 мың теңге, 2022 жылы – 309,9 мың теңге).

#### *Әйелдер шешімдер қабылдау деңгейінде*

Бүгінгі күні жоғары өкілді орган – Парламентте 29 әйел бар, бұл депутаттардың жалпы санының 19,6 %-ды құрайды. Қазақстандағы жергілікті өкілді органдарда (мәслихаттарда) әйелдердің үлесі депутаттардың жалпы санының 21,02 %-ын құрайды (3415-тен 786). 30 % өкілдік шегі Шығыс Қазақстан облысында (31,2 %-ға), Ұлытау облысында (30,1%-ға) және Солтүстік Қазақстан облысында (30%-ға), Ақтөбе

облысында және Астана қаласында – 26,5 %-ға, Жамбыл облысы мен Шымкент қаласында – 25%-ға жетті.

Қазақстан Республикасының Үкіметі басшыларының бірі, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары әйел болып табылады. 19 министрлікте 3 әйел – Денсаулық сақтау, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Мәдениет және ақпарат министрі, 7 – вице-министр, 3 – аппарат басшысы. Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін 14 мемлекеттік органда 9 әйел басшы позициясын атқарады. Қазақстан Республикасы Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталығының басшысы, Қазақстан Республикасының Конституциялық сотының төрағасы әйел болып табылады.

2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдайға байланысты ел бойынша мемлекеттік қызметшілердің арасында әйелдердің үлесі нақты санының – 55,4 %-ын (83963-тен 46546) құрайды, оның ішінде: саяси лауазымдарда – 8,1 % (726-дан 59), "А" корпусындағы әкімшілік қызметкерлердің – 9,8 %-ы (92-ден 9), "Б" корпусында – 55,9 % (83145-тен 46478).

Басшы лауазымын атқаратын әйелдердің жалпы үлесі – 39,2 % (23649-дан 9261).

Әйелдердің лауазымдарда болуы: министрлердің орынбасарлары – 12 % (83-тен 7), облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар, астананың әкімдерінің орынбасарлары – 7,6 % (66-дан 5), орталық мемлекеттік органдардың аппараттарының басшылары – 12 % (25-тен 3), комитет төрағаларының орынбасарлары және орталық мемлекеттік органдардың департамент директорлары – 32,9 % (386-дан 127), орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің басшылары – 15 % (527-ден 79), облыстық басқарма басшылары – 17 % (405-тен 69), қалалар мен аудандар әкімдерінің орынбасарлары – 12,8 % (596-дан 76).

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьялары арасында 48,4 %-ы әйелдер (30 әйел-судья). Республиканың облыстық соттарында 449 судьяның 45,7 %-ы – әйел-судьялар (205 судьялар-әйелдер). Аудандық соттарда 1019 әйел-судьялар (54,7 %) сот төрелігін жүзеге асырады.

Прокуратура органдарында 1104 әйел прокурор (нақты жедел құрамның 22 %-ы), оның 79-ы басшы лауазымда қызмет істейді.

БҰҰ-ның ұсынымдарына сәйкес әйелдердің мүдделерін толық ескеру және көрсету үшін билік құрылымдарында және шешім қабылдау деңгейінде әйелдердің 30 %-дық өкілдік деңгейі қажет деп саналады. 2022 жылға арналған жұмыспен қамту статистикасы корпоративтік сектордағы басшы әйелдер өкілдігінің (43,4 %) 30 %-дық шегінен асып кеткенін көрсетеді.

Шешім қабылдау деңгейінде әйелдер өкілдігінің белгіленген деңгейіне қол жеткізу үшін 2022 жылы Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі Отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы өзектілендірілді және оны іске асыру жөніндегі жаңартылған жоспар қабылданды (Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы

1 сәуірдегі № 853 Жарлығы), онда биліктің атқарушы, өкілді және сот органдарында, мемлекеттік, квазимемлекеттік және корпоративтік секторларда шешімдер қабылдау деңгейлеріне тартылған әйелдердің нысаналы индикаторы анықталды – 2023 жылға қарай – 25,0 %-ды, 2027 жылға қарай – 27,0 %-ды, 2030 жылға қарай – 30 %-ды құрайды.

### *Білім беру*

Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы және "Жайлы мектеп" ұлттық жобасы қабылданды. 2022 – 2023 оқу жылында республикада 7723 жалпы білім беру мектебі жұмыс істеді, олардың 6925 немесе 89,6 %-ы мемлекеттік, онда 3,71 млн-нан астам оқушы білім алуда. Мамандандырылған мектептер желісі (114) құрылды, олар жаратылыстану-математикалық циклдер пәндерін ағылшын тілінде оқыту жүргізіледі. Орта мектеп түлектерінің арасында 50,1 %-ы қыздар.

Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы бекітілді. Жоғары білімді 119 жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында алуға болады, (59 – мемлекеттік, 60 – жекеменшік, 2 шетелдік филиалдары), онда 626 мыңнан астам адам білім алуда. Астана қаласында заманауи әрі қарқынды дамып келе жатқан әлемдік деңгейдегі "Назарбаев Университеті" жұмыс істейді, оның негізгі қағидаты білім, ғылым және инновацияларды интеграциялау болып табылады. Орталық Азиядағы цифрлық трансформация бойынша құзыреттердің жетекші орталығы – Astana IT University құрылды. Университет пәнаралық технологиялар негізінде цифрлық экономика саласында жоғары білікті мамандарды даярлау мақсатында құрылған.

Қазақстан Болон декларациясына (Жоғары білімнің еуропалық кеңістігі туралы) қосылды. Мамандарды үш деңгейде даярлау: бакалавр-магистр-PhD докторы енгізілді. Жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылық құрамының 66 %-ын әйелдер құрайды. Профессорлар арасында әйелдер 41 %-ды, философия докторлары (PhD) 60 %-ды, доценттер 59 %-ды құрап отыр. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары түлектерінің арасында 55,3 %-ы қыздар мен жас әйелдер.

### *Денсаулық сақтау*

Денсаулық сақтау жүйесіндегі проблеманы талдаудың негізінде, оның ішінде COVID-19 пандемиясының есебінен, халықтың денсаулығын жақсарту үшін "Дені сау ұлт" әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау" ұлттық жобасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 725 қаулысы) жүзеге асырылуда, Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 945 қаулысы) және "Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту" пилоттық ұлттық жобасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 30 қарашадағы № 962 қаулысы) бекітілді, онда денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамыту, шалғай ауылдық

елді мекендердің тұрғындарын мобильді медициналық көмекпен қамтамасыз ету, жабдықтаудың ең төменгі стандарттарына сәйкес заманауи құрал-жабдықтармен жабдықталған фельдшерлік-акушерлік пункттер мен дәрігерлік амбулаториялардың жаңа нысандарын салу, қашықтан медициналық көрсетілетін қызметтер спектрін кеңейту, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығын жақсарту, мамандандырылған медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігін арттыру көзделген көмек, ынталандыру және білікті кадрлармен қамтамасыз ету, ғылымды дамыту, саланы қаржыландыруды дамыту көзделген.

Халықтың денсаулығын нығайту және ауруларды ерте анықтау мақсатында елде халықтың нысаналы топтары арасында скринингтік зерттеулер іске асырылуда. 2022 жылы ауыл тұрғындары үшін скрининг жүргізу тәсілдері қайта қаралды, асқазан-ішек жолдарының, зәр шығару жүйесінің, егде жастағы топтағы адамдардың тыныс алу органдарының және қуық асты безінің қатерлі ісігі ауруларын ерте анықтауға, сондай-ақ 18 бен 29 жас аралығындағы адамдарды тексеруді қамтитын тексеруден өткізу тізбесі кеңейтілді.

2022 жылдың қорытындысы бойынша 896 мың ауыл тұрғыны тексерілді, оның ішінде аурудың ерте белгілері бар 33 мың (3,8 %) адам анықталды. Тыныс алу органдарының ауруларына (49,8 %), созылмалы бүйрек ауруларына (34,8 %) және асқазан-ішек жолдарының патологиясына (30,7 %) қатысты ерте анықтау көрсеткіштері жоғары.

COVID-19 пандемиясы республика халқының өмір сүру ұзақтығына кері әсерін тигізгендігін және денсаулық сақтау жүйесінің жүктемесінің шамадан тыс болғанын атап өткен жөн. 2021 жылы КВИ пандемиясына байланысты елдегі сырқаттанушылық пен өлім-жітім деңгейі нашарлап, туу кезіндегі өмір сүру ұзақтығының 70,23 жасқа дейін төмендеуіне әкелді (2020 жылы – 71,37 жас). Соңғы жылдары (2020 – 2021) бұл көрсеткіш 2,95 жылға қысқарды, бұл елдің 2013 жылғы деңгейіне сәйкес келеді.

Сонымен қатар халыққа медициналық көмек көрсетудің тиімділігін арттыру бойынша қабылданған шаралар нәтижесінде денсаулық сақтаудың негізгі медициналық-демографиялық көрсеткіштерінің оң динамикасы байқалады. Мәселен, 2022 жылдың алдын ала қорытындылары бойынша халықтың жалпы өлімі 2021 жылмен салыстырғанда 30 %-ға (29,6 %) төмендеді. Бұл ретте КВИ пандемиясына дейін бұл көрсеткіш 2019 жылы 7,2 (133128 адам), 2022 жылы 6,8 (134709) болды.

Қан айналымы жүйесі ауруларынан болатын өлім көрсеткіштерінің 33,0 %-ға (32,7 %), қатерлі ісік 8,0 %-ға (7,9 %), жарақат 5,0 %-ға (5,3 %), тыныс алу органдары ауруларынан болатын өлім 39 %-ға (39,4 %), туберкулезден болатын өлім 25 %-ға (25,1 %) төмендегені байқалады.

Республикада 2022 жылы барлығы 403500 бала дүниеге келді, бұл 2021 жылмен салыстырғанда 47152 балаға аз (450652 бала, 2020 жылы – 426824).



Жүкті әйелдер арасында COVID-19-бен сырқаттанушылық мерзімінен бұрын босану санының өсуіне әкелді, нәтижесінде 2022 жылы шала туылған нәрестелер саны 5,8 %-ға өсті. Тірі туылған нәрестелердің жалпы санында шала туылған нәрестелердің үлесі 2021 жылы 5,2-ге қарағанда 2022 жылы 5,5 % құрады.

Нәрестелердің шетінеу себептерін талдағанда оның 54 %-ын перинаталдық кезеңнің жағдайы құрайды. Салмақ категориялары бөлінісінде 58,7 %-ы дене салмағы 2500 гр-нан аз болып туған балалар.

Неонатальды хирургияны дамытудың және осы өңірлердегі технологияларға трансферттің арқасында туа біткен ақаулары бар жаңа туған нәрестелердің өміршеңдігі 86 % құрады. Орташа алғанда жыл сайын туа біткен ақаулары бар 1500 бала перзентханада туғаннан кейін дереу жедел ем алады. Қазақстан туғаннан бастап кардиохирургиялық операциялар жүргізілетін Орталық Азиядағы жалғыз мемлекет болып табылады. 2022 жылы туа біткен жүрек ақаулары бар балаларға 1800 ашық операция жасалды, оның 75 %-ы бір жасқа дейінгі балаларға жасалды.

2022 жылдың қорытындысы бойынша ана өлімінің көрсеткіші 100 мың тірі туылғандарға шаққанда 17,0 құрады, 2021 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда көрсеткіштің 2,6 есеге төмендеуі байқалады (100 мың тірі туылғандарға шаққанда 44,7). Ана өлімінің (АӨ) құрылымында 54 % жүктілікке, босануға және босанғаннан кейінгі кезеңге байланысты (акушерлік себептер), 46 % экстрагенитальды аурулармен байланысты.

### *Әйелдерге қатысты қылмыс және зорлық-зомбылық*

#### *Статистика*

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің деректері бойынша 2022 жылы республика бойынша отбасылық-тұрмыстық салада жасалған 942 қылмыстық құқық бұзушылық (2020 ж – 1072, 2021 ж – 1047) тіркелген.

2023 жылдың 6 айының қорытындысы бойынша отбасылық-тұрмыстық салада жасалған 461 қылмыстық құқық бұзушылық тіркелді (2022 ж. 6 айында – 460).

2022 жылы республика бойынша отбасылық-тұрмыстық салада жасалған 25173 әкімшілік құқық бұзушылық (2020 ж – 25720, 2021 ж. – 28008) тіркелді.

2023 жылдың 6 айының қорытындысы бойынша (2022 ж. 6 айында – 18516) отбасылық-тұрмыстық салада 18288 әкімшілік құқық бұзушылық тіркелді.

Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау үшін 2023 жылы тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін жауапкершілік күшейтілді. Қылмыстық кодекске (бұдан әрі – ҚК) және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске (бұдан әрі – ӘҚБтК) тиісті өзгерістер енгізілді.

Мәселен, ӘҚБтК мен ҚК-ге мынадай түзетулер енгізілді:

- ӘҚБтК 64-бабының 1-бөлігінен 73-ші баптың (Отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқыққа қайшы әрекеттер), 73-1-ші баптың 1-1-бөлігін (

Отбасылық-тұрмыстық қатынастарда құқық бұзушымен тұрған адамға қатысты денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру), 73-2 баптың 1-1-бөлігін (Отбасылық-тұрмыстық қатынастарда құқық бұзушымен бірге тұрған адамға қатысты ұрып-соғу) алып тастап, ӘҚБтК-ге өзгерістер енгізу жолымен тұрмыстық құқық бұзушылықтарды тіркеудің өтініш берушіден айқындау сипатына көшу;

- ӘҚБтК-нің 73, 73-1 1-1-б., 73-2 1-1-б. баптары бойынша тараптардың татуласу рәсіміне қойылатын талаптарды қатаңдату, олар бойынша сотта бір жыл ішінде бір рет қана татуласу ұсынылады. Қайталама құқық бұзушылықтар бойынша ӘҚБтК-нің 64-бабының 1-1-бөлігінің (Әкімшілік жауаптылықтан тараптардың татуласуына байланысты босату) құқық бұзушыға қатысты ұсынылған редакциядағы әрекеттерін алып тастау;

- отбасылық-тұрмыстық саладағы құқық бұзушылықтар бойынша жауапкершілікті күшейту (ӘҚБтК-нің 73-бабы, 73-1-бабы, 73-2-бабы, 461-бабы (Қорғау нұсқамасын бұзу), 669-бабы 2-б., 669-бабы 3-б. (сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін және атқарушылық құжатты орындамау), көрсетілген баптар бойынша әкімшілік қамауға алудың нақты мерзімдерін айқындау (10, 15, 20 тәулік қамаққа қалдырып, жазаның "дейін" деген нұсқаларын алып тастау), сондай-ақ қайта жасалған құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік қамаққа алу мерзімін ұлғайту;

- материалдық немесе өзге де тәуелді болып табылатын адамдарға қатысты неғұрлым кең таралған қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша саралау белгісін енгізу (ҚК 106-бабы (денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру), ҚК 107-бабы (денсаулыққа қасақана ауырлығы орташа зиян келтіру)).

Мемлекет басшысының 2021 жылғы 25 ақпандағы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің отырысында берген тапсырмасын орындауда ішкі резервтер есебінен әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі инспекторлардың штат саны екі есеге ұлғайтылып, белгіленген нормативтерге жеткізілді.

Қазіргі таңда әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау саласында жұмыс істейтін инспекторлар штаты 253 бірлікті құрайды, бұл 2020 жылғы көрсеткіштен екі есе жоғары.

Әйелдер мен кәмелетке толмағандарға қатысты сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық қылмыстарын тергеу бойынша әйел-тергеушілердің мамандануы енгізілді (республика бойынша жедел-тергеу топтарының құрамына 280 әйел-тергеуші енгізілді).

Кәмелетке толмағандарға қатысты психологиялық жарақат әсерін жоққа шығару мақсатында 2022 жылдан бастап Республикада Оңтүстік Кореяның тәжірибесі бойынша республикада жұмыс істеп тұрған мамандандырылған (дағдарыстық) орталықтар базасында сексуалдық зорлық-зомбылық құрбандарына кешенді көмек көрсету жөніндегі пилоттық жоба іске қосылды.

68 отбасын қолдау орталықтары құрылды. 2025 жылдың соңына дейін 143 орталық ашу жоспарлануда.

Отбасын қолдау орталықтары азаматтардың жекелеген санаттарына (көп балалы, мүгедек адамдарға, толық емес және аз қамтылған отбасыларға, мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналарға) "бір терезе" қағидаты бойынша консультациялық қызметтер кешенін ұсынады, психологиялық, әлеуметтік және заң көмегін, сондай-ақ отбасы институтын нығайтуға бағытталған жан-жақты қолдау көрсетеді.

## **2. Жалпы саяси негіз**

Қазақстан өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде танытады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары. Қазақстан – президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет. Елдің заң шығару қызметін, оның ішінде адам құқықтары саласында заң шығаруды жүзеге асыратын ең жоғары өкілді орган Парламент болып табылады.

Қазақстанда адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге және демократиялық қоғам құруды үздіксіз ұстанатын саяси реформалар пакетін іске асыру жалғасуда.

2022 жылғы 5 маусымда Мемлекет басшысының бастамасымен елімізде Конституцияға өзгерістер енгізу бойынша референдум өтті. Қазақстан Республикасы Конституциясының 33 бабына өзгерістер енгізілді. Олар: суперпрезиденттік басқару нысанынан Парламенті мықты президенттік республикаға түпкілікті көшу, Парламент өкілеттіктерін кеңейту, Мәжіліс пен мәслихат сайлауының аралас жүйесіне қайта оралу, әлеуетті құрылымдардың өкілдері мен жекелеген шенеуніктердің партия мүшелігіне өтуіне тыйым салу, саяси партияларды тіркеу тәртібін жеңілдету, сайлау процесін жаңғырту, сондай-ақ өлім жазасын толығымен алып тастау және Конституциялық соттың жұмысын жандандыру. Оларды дауыс бергендердің 77,18 %-ы қолдады.

Енді Парламент Мәжілісі мен мәслихат сайлауы өзін-өзі ұсынған кандидаттар үшін қолжетімді. Саяси партияларды тіркеудің сандық шегі қысқартылды (20 мыңнан 5 мың мүшеге дейін), саяси партиялардың өңірлік өкілдіктерінің саны (600-ден 200 адамға дейін), саяси партия құру үшін азаматтардың бастамашыл тобының саны (1 мыңнан 700 адамға дейін) қысқартылды. Саяси партияны құру жөніндегі құрылтай съезінің өткізу мерзімі ұзартылды (2 айдан 3 айға дейін).

Қазақстан Республикасы Президентінің бастамасымен 2022 жылы 14 маусымда "Ұлттық құрылтайдың" құрылуы тағы бір реформа болды. Бұл ортақ мақсаттарға қол жеткізу үшін халықтарды біріктіретін бірегей платформа. Ұлттық Құрылтайдың басты міндеті – ұлтты ұйыстыратын ұтымды, тың идеялар мен ұсыныстарға ерекше мән беру.

Сондай-ақ 2022 жылдың желтоқсан айынан бастап азаматтардың мемлекетті дамыту бойынша ұсыныстарын қалыптастыру үшін "Quryltai" мобильді қосымшасы іске қосылды.

Саяси жүйені өзгерту мақсатында кезектен тыс Президент сайлауы, Парламент Мәжілісі мен мәслихаттарға мерзімінен бұрын сайлау өтті. Парламент Мәжілісі депутаттарының 70 %-ын партиялық тізім бойынша, 30 %-ын бір мандатты округтерден сайлады. Мәслихаттарда депутаттардың 50 %-ы партиялық тізім бойынша, 50 %-ы бір мандатты округтерден сайланды. Бұл аталған билік органдарында саналуан көзқарас иелерін тоғыстырды. Бүгінгі таңда Парламент Мәжілісі мен мәслихаттарда 6 саяси партия өкілдік етеді.

### **3. Қазақстан Республикасында адам құқықтарын заңнамалық және институционалдық қамтамасыз ету**

Қазақстанның тұжырымдамалық шаралары жүйелендіріліп, оларды іске асыру күнтізбесі Үкіметтің екі жоспарында – Адам құқықтары саласындағы бірінші кезектегі шаралар жоспарында және Адам құқықтары және заң үстемдігі саласындағы одан арғы шаралар жоспарында айқындалды. Жүйелі шаралар пакеті көптеген, оның ішінде адам саудасы құрбандарының құқықтары, тұрмыстық зорлық-зомбылық, азаптауға қарсы күрес, қылмыстық заңнама шеңберіндегі азаматтардың құқықтары және басқалары бөлігіндегі міндеттерді шешуге бағытталған.

Азаматтар үшін өздерінің бұзылған құқықтарын қалпына келтіру және осындай бұзушылықтардың алдын алу бойынша жаңа мүмкіндіктерді айқындайтын "Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы", "Прокуратура туралы", "Конституциялық Сот туралы" үш конституциялық заңның күшіне енуі 2023 жылғы маңызды оқиға болды.

"Конституциялық Сот туралы" Конституциялық заңға сәйкес азаматтардың, Бас прокурордың және Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің Конституциялық Сотқа жүгіну мүмкіндігі бар.

2021 жылғы 1 шілдеден бастап Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс қолданысқа енгізіліп, толыққанды әкімшілік әділет институты енгізілді. 2021 жылғы 1 шілдеден бастап соттар шешімдердің 52 %-ын сотта да, сотқа дейінгі реттеу барысында да азаматтар мен компаниялардың пайдасына шығара бастады.

Конституцияға енгізілген өзгерістермен Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің мәртебесі бекітілді. 2022 жылғы 5 қарашада "Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңы қабылданды.

Уәкілдің ерекше құзыреттіліктері анықталды, олардың кейбірі алғаш рет енгізілді. Мәселен, Омбудсменге адамның құқықтары мен бостандықтарына қатысты нормативтік құқықтық актілерді Конституцияға сәйкестігі тұрғысынан қарау туралы Конституциялық Сотқа жүгіну құқығы берілді. Мұның өзі институтқа адам құқықтарын бұзудың ықтимал алғышарттарына тиімді ден қоюға мүмкіндік береді.

Бұдан басқа, Омбудсмен куәгер ретінде айғақ беруден босатылды. Уәкілдің заңды қызметіне араласқаны не кедергі жасағаны үшін жауапкершілік енгізілді.

Тағы бір маңызды жаңашылдықтардың бірі – барлық облыстарда Уәкілдің өкілін құру, бұл өңірлерде азаматтардың құқықтық қорғалуын арттыруға ықпал етеді. Президенттің тиісті Жарлығы 2022 жылғы 30 маусымда қабылданды.

Аталған жаңашылдықтар БҰҰ Бас Ассамблеясының 1993 жылғы 20 желтоқсандағы 48/134 қарарымен бекітілген Париж қағидаттары талаптарына (ұлттық мекемелердің мәртебесіне қатысты қағидаттар) сәйкес келеді.

Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің қызметін ақпараттық-талдамалық, ұйымдық-құқықтық тұрғыдан қамтамасыз ету мақсатында Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық жұмыс істейді.

Республикалық бюджетте жыл сайын жеке бюджеттік бағдарламада Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің, оның өкілдерінің, сондай-ақ жұмыс органының қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті қаражат көзделеді.

2022 жылғы 8 маусымда еліміздің Ата заңы – Конституциядан "өлім жазасы" ұғымы алып тасталды. 2021 жылғы 2 қаңтарда Қазақстан өлім жазасының күшін жоюға бағытталған "Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіге Екінші факультативтік хаттаманы ратификациялау туралы" Заңды ратификациялады. Біздің еліміз осы шартқа қатысушы 90-шы мемлекет болды.

Бұған қоса, Қазақстанда 2023 жылы өтініштер рәсіміне қатысты Балалар құқықтары туралы конвенцияға Үшінші факультативтік хаттамаға қол қойылды. Қазақстан адам құқықтары саласындағы осы маңызды халықаралық шартқа қол қойған 53-ші мемлекет болды.

Сондай-ақ 2023 жылғы 7 маусымда "Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияға Факультативтік хаттаманы ратификациялау туралы" Заң қабылдады, онда мүгедектігі бар адамдардың жеке хабарламаларын қабылдау және қарастыру, оларды іске асыру механизмдері бекітілді.

Аталған халықаралық шарттарды ратификациялау адам құқықтарын іске асырудағы маңызды қадам болып табылады және Қазақстанның адам құқықтарын қамтамасыз етуді және оларды құқықтық қорғаудың ұлттық механизмдерін нығайтуды ұстанатынын растайды.

#### **4. Адам құқықтарын халықаралық нормалар негізінде қорғау**

Қазақстан адам құқықтары саласындағы 70-тен астам көпжақты әмбебап халықаралық шарттарға, оның ішінде Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясына және БҰҰ-ның 8 құқық қорғау конвенциясына қатысушы болып табылады.

Нью-Йорктегі БҰҰ Бас Ассамблеясының 76-шы сессиясы барысында Қазақстан 2022 – 2024 жылдарға БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі кеңесінің мүшесі болып

сайланды, бұл оның адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау саласындағы халықаралық нормалар мен стандарттарды ілгерілету процесінің белсенді және жауапты қатысушысы ретіндегі рөлін мойындау болып табылады. Қазақстанның БҰҰ Кеңесіндегі жұмысының басым бағыттары: гендерлік теңдікті ілгерілету және әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту, өлім жазасын жаппай жою, төзбеушіліктің барлық түрлеріне қарсы күрес, дін және наным-сенім бостандығы, инклюзивті және жалпыға бірдей білім беруді қамтамасыз ету, сондай-ақ COVID-19 пандемиясы жағдайында адам құқықтарын құрметтеу болып айқындалды.

Судьялар сот отырыстарында тараптарға тиісті Конвенцияның ережелерін түсіндіреді. Сот актілерінде халықаралық шарттардың, оның ішінде Конвенцияның ережелеріне сілтемелерді қолдану судьялар арасында гендерлік саясат мәселелерін түсіндіру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстың нәтижесі болды. Егер бұрын олар негізінен азаматтық істер бойынша қолданылса, енді Конвенция әкімшілік істер бойынша қаулыларда да айтылады.

Республика соттары Конвенцияны қолдана отырып қаралған істердің барлығы мынадай 2022 жыл мен 2023 жылдың 7 айында:

азаматтық істер бойынша: 2022 жылы – 33 іс аяқталды, оның ішінде шешім шығарылғаны – 33; 2023 жылдың 7 айында – 44 іс аяқталды, оның ішінде шешім шығарылғаны – 44;

қылмыстық істер бойынша: қолданылған жоқ;

әкімшілік істер бойынша құқық бұзушылықтар: 2022 жылы – 152 іс аяқталды, оның ішінде әкімшілік жаза туралы шығарылған қаулы – 98 іс; 2023 жылдың 7 айында – 98 іс аяқталды, оның ішінде әкімшілік жаза туралы – 34 қаулы шығарылды.

## **5. Ақпараттандыру және адам құқықтарын насихаттау**

2011 жылғы қаңтардан бері Құқықтық ақпараттық қызмет (бұдан әрі – Қызмет, ҚАҚ) жұмыс істейді, оның негізгі мақсаттары мен міндеттері халыққа барлық құқықтық мәселелер бойынша тегін консультация беру, ҚР қолданыстағы заңнамасын түсіндіру және Қазақстан Республикасы халқының құқықтық мәдениетін дамытуға жәрдемдесу болып табылады, осыған байланысты біздің республикамыздың азаматтары үшін Қазақстан Республикасының барлық өңірлері мен елді мекендерінен 119 қысқа нөміріне тегін қоңырау шалу арқылы білікті заң консультациясын тегін алуға қолжетімділік ашылды.

Құқықтық консультацияны:

119 бірыңғай нөміріне қоңырау шалу,

1414 бірыңғай байланыс орталығына қоңырау шалу, Астана және Алматы қалалары үшін 8 (7172) 58-00-58 нөміріне тегін қоңырау шалу арқылы алуға болады (мобильді құрылғылардан қоңырау шалу байланыс операторларының тарифі бойынша).

Сонымен бірге Қызмет атқарушылық іс жүргізу мәселелері бойынша азаматтардың өтініштері мен шағымдарын қабылдайды, сот орындаушыларының әрекеттері мен әрекетсіздігіне шағымдар бойынша өтініштерді тіркейді және шешеді.

Сонымен қатар азаматтар мына қызметтерді пайдалана отырып, құқықтық мәселелер бойынша жазбаша консультация ала алады:

WhatsApp онлайн-мессенджері (+77086935631);

"Әділет" ҚР НҚА ДБ "Виртуалды консультант" виджеті, <https://adilet.zan.kz/rus>;

"119Kenesbot" Telegram-боты <https://t.me/VirtAdiletBot>;

"Құқықтық консультация алу" модулі, <https://advices.adilet.zan.kz/add.html>.

ҚАҚ құрылған сәттен бастап халыққа 1,6 миллионнан астам консультация берілді, консультант операторлар күніне орта есеппен 600-700-ге жуық қоңырау қабылдап, қызмет көрсетті. Мәселен, 2022 жылы азаматтардан түскен 148 мыңнан астам өтініш бойынша консультациялар ұсынылды, 2023 жылдың 1 жартыжылдығында Қызмет телефоннан 68 мыңға жуық консультация көрсетті.

Сонымен қатар 2022 жылы жетілдірілген ақпараттық анықтамалық жүйелерді пайдалана отырып, анықтамалық-консультациялық қызметті бағалаған азаматтардың ішінде қанағаттанғандардың үлесі 95,8 %-ды, ал 2023 жылдың 1 жартыжылдығында 96 %-ды құрады.

Бұдан басқа, ҚАҚ тоқсан сайын өзекті құқықтық тақырыптар бойынша онлайн-курстар өткізеді, онда кез келген ыңғайлы уақытта тегін оқып, қажетті ақпарат алуға болады. Вебинарлар Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Заңнама және құқықтық ақпарат институты" РМК YouTube каналында өткізіледі және <https://www.youtube.com/user/rkaokz>. еркін қолжетімді.

Сондай-ақ ҚАҚ халықты құқықтық ақпаратпен қамтамасыз ету мақсатында:

"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің хабаршысы" журналы;

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ведомстволық сайтында "Street law" айдары үшін құқықтық тақырыптар бойынша материалдар дайындап жариялайды;

Сонымен қатар құқықтық ақпарат әлеуметтік желілерде кеңінен ұсынылған.

Осылайша, СИДО комитетінің қорытынды ескертулерінің 14 б) тармағы орындалуда.

## 6. 2020 жылдан 2022 жылға дейінгі кезеңіндегі елдің әлеуметтік-экономикалық ахуалы

2022 жылы жан басына шаққандағы халықтың ЖІӨ 11,3 мың АҚШ долларын (2021 жылы – 10,4 мың АҚШ долларды) құрады. Дүниежүзілік банк деректеріне сәйкес Қазақстан жан басына шаққандағы халықтың табыс деңгейі орта деңгейден жоғары мемлекет ретінде танылды.

2015 – 2021 жылдардағы жалпы ішкі өнім (ЖІӨ)

	2015	2016	2017 <sup>1)</sup>	2018	2019	2020	2021
ЖІӨ							

млрд теңге	40 884	46 971	54 378,9	61819,5	69 532,6	70 649,0	83951,6
млрд АҚШ долл. 2)	184,4	137,3	166,8	179,3	181,7	171,1	197,1
*НКИ ЖІӨ, алдыңғы жылға қатысты жыл, %	101,2	101,1	104,1	104,1	104,5	97,5	104,3
НКИ ЖІӨ, 2010 = 100%	125,9	127,3	132,5	137,9	144,1	140,5	146,5
2011 – 2016 жылдардағы ЖІӨ-нің орташа өсу қарқыны – 104,1%							
Халықтың жан басына шаққандағы ЖІӨ							
АҚШ долл.	10 509,9	7 714,8	9 247,6	9 812,5	9 812,5	9 121,7	10369,9
мың теңге	2 330,4	2 639,7	3 014, 7	3 382, 5	3 755, 7	3 766, 8	4 417,9

\*НКИ – нақты көлем индексі

1) есеп-қисаптар Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 8.08.2019 ж. №19215 тіркелген бақыланбайтын экономиканы бағалаудың жаңа әдістемесіне сәйкес жүргізілді;

2) АҚШ долларына қайта есептеу Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің орташа жылдық ресми айырбас бағамы бойынша жүргізіледі.

Ел бойынша жұмыссыздық деңгейі 2011 жылғы 5,4 %-дан 2022 жылы 4,9 %-ға дейін, оның ішінде әйелдер арасында 6,2 %-дан 5,5 %-ға дейін төмендеді.

2021 жылы Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспары өзектілендірілді, онда коронавирус инфекциясы пандемиясына қатысты және оны тежеу бойынша қабылданған шараларға баса назар аударылды, өйткені бұл соңғы жүз жыл ішіндегі ең күрделі кең ауқымды дағдарысқа әкелді. Пандемия мен жаһандық рецессияның әсері Қазақстан дамуының базалық сценарийін түбегейлі өзгертіп, "жаңа болмысты" қалыптастырды.

Елдің 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарының жаңа редакциясында " коронадағдарыстың" салдарын жоюға және анағұрлым орнықты және инклюзивті экономика үшін экономикалық өсуді жеделдету факторларын дамытуға бағытталған елдің орташа мерзімді кезеңдегі жаңа экономикалық бағамының негізгі параметрлері қалыптастырылады.

## **II. Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенция баптарының (1-16) орындалуы туралы ақпарат**

### **1-бап. Әйелдерге қатысты кемсітушілікті айқындау**

Осы Конвенцияның мақсаттары үшін "әйелдерге қатысты кемсітушілік" термині әйелдердің саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени, азаматтық немесе кез келген



басқа саладағы адамның құқықтары мен негізгі бостандықтарын олардың отбасылық жағдайына қарамастан, ерлер мен әйелдердің теңдігі негізінде пайдалануын немесе жүзеге асыруын әлсіретуге немесе мойындалуын жоққа шығаруға бағытталған кез келген айырмашылық, жынысына байланысты шеттету мен шектеу дегенді білдіреді.

Қазақстан Конвенцияға 1998 жылы қосылып, "кемсітушілік" ұғымы кеңінен қолданылуда.

Қазақстан Республикасының Конституциясында "Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлдіктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды." деп белгіленген (14-б. 2-т.).

"Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы" 2009 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңымен "жыныстық белгісі бойынша кемсітушілік" ұғымына анықтама берілді.

Мемлекет Конвенция ережесі шеңберінде әйелдердің сот қорғауына жүгіну құқығы мен мүмкіндігіне кепілдік береді.

Кемсітушілік үшін, оның ішінде жынысына байланысты кемсітушілік үшін қылмыстық жауапкершілік қарастырылған (ҚР ҚК 145-бабы).

Сондай-ақ қылмыстық, әкімшілік, азаматтық сот ісін жүргізу барысында ешкімді кемсітуге, оның ішінде жынысына байланысты кемсітуге болмайды.

Осылайша, СИДО комитетінің қорытынды ескертулерінің 12 с) тармағы іске асырылуда.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасында қолданылатын құқық – Конституцияның, соған сәйкес заңдардың, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, халықаралық шарттар мен Қазақстан Республикасының басқа да міндеттемелерінің, сондай-ақ Конституциялық Сот пен Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларының нормалары.

"Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2017 жылғы 10 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңымен Қазақстан Республикасының Конституциясына түзетулер енгізілді.

Енгізілген жаңа түзетумен халықаралық шарттардың қолданылу тетігі нақтыланды (Қазақстан қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың Қазақстан Республикасының аумағында қолданылу тәртібі мен талаптары Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады).

"Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы" 2005 жылғы 30 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңымен халықаралық шарттарды жасасу, орындау, өзгерту және олардың қолданылуын тоқтату тәртібі регламенттелген.

Осы Заңның 20-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының қолданыстағы әрбір халықаралық шартын Қазақстан Республикасы міндетті және адал орындауға тиіс.

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар оның заңдары алдында басым болады және халықаралық шартта оны қолдану үшін заң шығару талап етілетін жағдайдан басқа реттерде тікелей қолданылады.

Қазақстан ратификациялаған халықаралық шарттардың басымдығы іс жүргізу кодекстерінде регламенттелген – Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 2-бабының 3-бөлігі, Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 2-бабының 3-бөлігі, "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 1-бабының 4-бөлігі, Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 2-бабының 3-бөлігі, Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің 1-бабының 3-бөлігі, Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 1-бабының 2-бөлігі.

Мысалы, Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 2-бабы 3-бөлігінде Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардың осы Кодекстің алдында басымдыққа ие болатыны көзделген. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта Қазақстан Республикасының Әкімшілік сот ісін жүргізу туралы заңнамасында көзделгеннен өзгеше қағидалар белгіленсе, онда халықаралық шарттың қағидалары қолданылады.

Конвенцияның орындалуын қамтамасыз ету шеңберінде "Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының нормаларын қолдану туралы" 2008 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы қолданылады, онда соттың Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының нормаларын дұрыс қолданбауы сот актісінің күшін жоюға немесе өзгертуге негіз болуы мүмкіндігі түсіндірілген (10-тармақ).

2021 жылғы қазанда Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі құқықтық саясат тұжырымдамасы қабылданды.

Тұжырымдамада жеке тұлғалар мен ұйымдардың негізгі құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау қоғамдық және мемлекеттік өмірдің барлық салаларында бірінші кезекте және тиімді қорғалуға жататыны айқындалған. Бұл ретте ұлттық заңнаманың елеулі құрамдас бөлігі бұдан әрі де Қазақстан Республикасының халықаралық-құқықтық міндеттемелерінің ықпалымен қалыптастырылатыны атап өтіледі.

Осылайша, СИДО комитетінің қорытынды ескертулерінің 10-тармағы іске асырылуда, Конвенцияның ережелері Қазақстан Республикасының заңнамасы алдында басымдыққа ие.

2023 жылдың 6 айында Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің атына әйелдер 925 өтініш жолдады, бұл өтініштердің жалпы санының 32,7 %-ын құрайды. Гендерлік белгісі бойынша кемсітушілік мәселесіне қатысты 8 өтініш келіп түсті, бұл өтініштердің жалпы санының 0,28 %-ын құрайды.

Әйелдерден келіп түскен шағымдар негізінен олардың еңбек, тұрғын үй, әлеуметтік, неке-отбасы заңнамалары саласындағы құқықтарының бұзылуына қатысты және әдетте, көп балалы болу мәртебесі, материалдық жағдайдың ауырлығы, заң көмегіне қаржының да, құқық қорғау тәсілдері туралы білімінің де жетіспеуі сияқты факторлармен сүйемелденеді.

Өтініштерді қарау шеңберінде ұлттық құқық қорғау мекемесі мемлекеттік органдарға тиісті сұрау салулар мен ұсынымдар жібереді.

## **2-бап. Кемсітушілікті жою жөніндегі міндеттемелер**

Қатысушы мемлекеттер әйелдерге қатысты барлық нысандағы кемсітушілікті айыптайды, әйелдерге қатысты кемсітушілікті жою саясатын кідіріссіз барлық тиісті тәсілдерімен жүргізуге келіседі және бұл мақсатта мыналарға міндеттенеді:

а) егер де бұл әлі жасалмаса, ерлер мен әйелдердің тең құқықты қағидатын өз ұлттық конституцияларына немесе басқа да тиісті заңнамасына қосу және заң мен басқа да тиісті құралдардың көмегімен осы қағидатты іске асыру.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабында баяндалғандай, Қазақстан Республикасының заңнамасында ерлер мен әйелдердің тең құқықтық қағидаты енгізілген. Әйелдер ерлермен тыныс-тіршіліктің барлық салаларына тең қатысуға, сол арқылы өз құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыруға құқылы.

СИДО комитетінің 4-ші ұсынымын орындау мақсатында 2022 жылы Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы (бұдан әрі – Тұжырымдама) өзектілендірілді және оны іске асыру жөнінде жаңартылған жоспар қабылданды (Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 1 сәуірдегі № 853 Жарлығы).

Әйелдердің қоғамдағы экономикалық және саяси позициясын барынша қолдауды қамтамасыз етуге, мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор басшылығындағы әйелдер санын 30 %-ға дейін ұлғайтуға, әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алуға, гендерлік білім беруді, ана мен баланы қолдауды ілгерілетуге басты назар аударылды.

Тұжырымдамада елдің жетістіктері де, аталған саладағы проблемалық мәселелер де көрсетілген. Тұжырымдама мен оны іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарында гендерлік саясаттың ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді көрсеткіштері көзделген.

Іске асырылып жатқан гендерлік саясат шеңберінде 2030 жылға қарай ұзақ мерзімді нәтижелер күтілуде:

1. Халықтың репродуктивті денсаулық саласындағы хабардарлығы артады.
2. Балаларды тәрбиелеу процесіне тартылған әкелердің үлесі артады.
3. Өмірде қиын жағдайға тап болған отбасыларды анықтау және оларға көмек көрсету жылдамдығы артады.
4. Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың қайталануы азаяды.
5. Кәсіпкерлік саласында әйелдердің қаржылық сауаттылығы артады.

6. Биліктің атқарушы, өкілді және сот органдарында, мемлекеттік, квазимемлекеттік және корпоративтік секторларда шешімдер қабылдау процестеріне тартылған әйелдердің үлесі өседі.

7. Отбасы институтын және гендерлік теңдікті нығайту жөніндегі шаралармен халықты қамту артады.

Сондай-ақ Тұжырымдаманың 6-бөлімінде 9 нақты нысаналы индикатор және күтілетін нәтижелер бар.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 790 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің 70, 71, 72-тармақтарына сәйкес даму тұжырымдамаларының іске асырылу мониторингін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган осы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің

16-23-тармақтарына сәйкес жыл сайынғы негізде жүргізеді. Осылайша, Тұжырымдаманың орындалуы туралы есеп жыл сайын мемлекеттік органның интернет-ресурсында орналастырылып тұрады.

Бұдан басқа, Тұжырымдаманың орындалуы үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері қатысатын Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның отырыстарында қаралады.

Жоғарыда атап өтілгендей Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасында " ешкімді кемсітуге, оның ішінде жынысына байланысты кемсітуге болмайды" деп белгіленген. Жалпы Қазақстан Республикасының бірқатар заңнамалық актілерінде кемсітушілікке тыйым салынады (оның ішінде Азаматтық процестік кодексі, Қылмыстық-процестік кодексі, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі, Еңбек кодексі және "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі).

б) әйелдерге қатысты кез келген кемсітушілікке тыйым салатын тиісті заңнамалық актілерді және қажет болған жерде санкцияны қоса алғанда, басқа да шараларды қабылдау.

Қоғамдық қатынастардың барлық салаларында Қазақстан Республикасының заңнамасында жынысы бойынша кемсітушілікке тыйым салу белгіленді Әйелдер де, ерлер де тең құқықтар мен міндеттерге ие.

Жүкті екені көрінеу белгілі әйелге қатысты қылмыстық құқық бұзушылық жасау қылмыстық жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жайлардың бірі деп танылады ( ҚР ҚК 54-бабының 1-тармағының 7-тармақшасы).

с) әйелдердің құқықтарын ерлермен тең негізде заңгерлік қорғауды қалыптастыруға және құзырлы ұлттық соттар мен басқа да мемлекеттік мекемелер көмегімен әйелдерді кез келген кемсіту актісіне қарсы тиімді қорғауды қамтамасыз ету.

Қазақстанда шағымдарды, оның ішінде жынысы бойынша кемсіту жағдайларында берудің және қараудың тиімді тетігін құру мақсатында заңнамалық шаралар қабылданды.

Азаматтар өздерінің бұзылған немесе даулы құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін сот органдарына жүгіне алады, адам құқықтары жөніндегі ұлттық мекемелерге, прокуратура органдарына және басқаларға шағым бере алады.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің 2020 – 2023 жылдардағы мәліметтері бойынша соттарға әйелдерден 513499 (6 ай 2023ж– 72952; 2022ж – 154967; 2021ж – 150682; 2020ж – 134898) шағым мен өтініш түскен.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының сайтында "Әйелдерге арналған құқықтық көмек" бөлімі бар, онда әйелдерді кемсітушіліктен қорғау, заңнаманы түсіндіру, сот актілері мәселелері бойынша құқықтық ақпарат орналастырылған.

ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның сайтында әйелдердің құқықтарын қорғау мәселелері де жарияланып тұрады.

Сонымен қатар әрбір азамат құқықтары мен бостандықтары бұзылған жағдайда Адам құқықтары жөніндегі уәкілге жүгінуге құқылы.

Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 19-бабына сәйкес Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің облыстағы, республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы өкілі (бұдан әрі – өкіл) болады, ол Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымынан босатылады.

Өкіл өз өкілеттігін Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің атынан өзінің функционалдық міндеттері шеңберінде және оның тапсырмасы бойынша тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде жүзеге асырады.

Омбудсмен кеңсесіне 2018 жылдан 2022 жылға дейін бөлінген қаражатқа қатысты тұрақты өсім байқалады. 2018 жылы мекеменің бюджеті 80 млн теңгеден асты немесе жалпы мемлекеттік бюджетке қатысты 0,0009 %-ды құрады (2019ж – 110 млн теңгеден астам немесе жалпы мемлекеттік бюджеттің 0,0010 %-ы, 2020ж. – шамамен 160 млн. теңге немесе 0,0013 %, 2021ж – 170 млн теңгеден астам немесе 0,0012 %, 2022ж – 500 млн теңгеден астам немесе 0,0028 %).

Мәселен, Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталықтың облыс орталықтарында және Алматы, Астана, Шымкент қалаларында өкілдіктерінің ашылуына байланысты орталық қызметкерлерінің штат санын 14-тен 105 бірлікке дейін ұлғайту жүзеге асырылды және 2023 жылы жалпы бюджет 1 млрд теңгені немесе мемлекеттік бюджетпен салыстырғанда 0,0049 %-ды құрайды.

Омбудсмен кеңсесінде тергеу жүргізумен және шағымдарды қараумен айналысатын әйелдердің пайыздық үлесі – 36 %.

2020 жылы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің кеңсесі 1201 өтінішті, 2021 жылы 1855, 2022 жылы Омбудсмен кеңсесі 3948 өтінішті, 2023 жылдың басынан бастап 2822 өтінішті қарады.

Өтініштердің статистикалық деректерін талдау олардың өскенін көрсетеді, мұның өзі институттың танымалдығымен, соның ішінде конституциялық мәртебе берумен және жергілікті жерлерде Адам құқықтары жөніндегі уәкіл өкілдіктерінің енгізілуімен байланысты.

Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің 2023 жылғы 20 қаңтардағы № 3 бұйрығымен Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің және оның жұмыс органы қызметкерлерінің шағымдарды қарау тәртібін айқындайтын Шағымдарды қарау қағидалары бекітілді.

2023 жылғы маусымда БҰҰДБ қолдауымен Қазақстанда алдын ала бағалау миссиясын жүргізу үшін Азия-Тынық мұхиты форумы сарапшыларының сапары жүзеге асырылды, оның ұсынымдары Адам құқықтары жөніндегі уәкіл кеңсесінің қызмет бағыттарын одан әрі айқындау және аккредиттеу үшін вектор болады.

Осылайша, СИДО комитетінің Омбудсменнің қызметін қамтамасыз етуге және жұмысын ұйымдастыруға қатысты қорытынды ескертулерінің 20 а) және б) тармақтары орындалды.

d) әйелдерге қатысты қандай да бір кемсіту актілерін немесе әрекеттерін жасаудан қалыс қалуға және мемлекеттік органдар мен мекемелердің осы міндеттемелерге сәйкес әрекет ететініне кепілдік беру.

2020 жылғы 29 маусымда Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі қабылданды, ол әкімшілік рәсімдерді жүзеге асырумен байланысты қатынастарды реттейді. Осы Кодекске сәйкес әркім бұзылған немесе дау айтылатын құқықтарын, бостандықтарын немесе заңды мүдделерін қорғау үшін Кодексте белгіленген тәртіппен әкімшілік органға, лауазымды тұлғаға немесе сотқа жүгінуге құқылы. Әкімшілік органға, лауазымды тұлғаға немесе сотқа жүгіну құқығынан бас тарту жарамсыз болады (ӘРПК-тің 9-бабы).

Конвенцияға Факультативтік хаттаманы орындау үшін 2022 жылғы 1 ақпанда Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының, Қазақстан Республикасы Әділет министрінің, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің бірінші орынбасарының "Қазақстан Республикасы құзыретін мойындаған адам құқықтары жөніндегі шарттық органдардың сауалдары мен пайымдауларын қараудың кейбір мәселелері туралы" бірлескен бұйрығы қабылданды.

Бұйрықпен мемлекеттік органдардың құзыретін Қазақстан Республикасы мойындаған адам құқықтары жөніндегі шарттық органдардың сауалдары мен пайымдауларын қарау тәртібі, сондай-ақ осындай сауалдар мен пайымдауларды қарау жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобының ережесі мен құрамы бекітілді.

СИДО комитетінің қорытынды ескертулерінің 14 с) тармағын орындау үшін БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі Жоғарғы Комиссары Кеңесінің 2023 жылғы 12 шілдедегі сауалына сәйкес қазақстандық тараптың СИДО комитетінің №45/2012 хабарламасы бойынша пікірлерін орындау жөніндегі жаңартылған ақпараты 2023 жылғы 12 қыркүйекке дейінгі мерзімде жіберілетінін атап өтеміз.

е) қандай да бір тұлға, ұйым немесе кәсіпорын тарапынан әйелдерге қатысты кемсітуді жоюдың барлық тиісті шараларын қабылдау.

Қазақстан Республикасында Конституцияға сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі. Әркімнің құқық субъектісі ретінде танылуына құқығы бар және өзінің құқықтары мен бостандықтарын, қажетті қорғанысты қоса алғанда, заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға құқылы. Әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғауға құқығы бар (Конституцияның 12, 13-баптары).

Пайдаланушылардың құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайда орталық және жергілікті атқарушы органдар ӘРПК-ге сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оларды қалпына келтіруге бағытталған шараларды қабылдайды (ӘРПК-нің 57-бабы).

Құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайда әркім өз құқықтарын қорғауға құқылы. Бұл норма барлық салаларда Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген.

СИДО комитетінің қорытынды ескертулерінің 11 в) және 38 d) тармақтарын орындау үшін Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне әйелдердің еңбегі шектелетін жұмыстардың тізімін алып тастау бойынша өзгерістер енгізілді.

Тиісті түзетулер "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2021 жылғы 12 қазандағы Қазақстан Республикасы Заңы шеңберінде іске асырылды.

f) әйелдерге қатысты кемсіту болып табылатын қолданыстағы заңдарды, қаулыларды, әдет-ғұрыптарды және тәжірибені өзгерту немесе жою үшін барлық тиісті шараларды, соның ішінде заңнамалық шараны қабылдау.

СИДО Комитетінің қорытынды ескертулерінің 14 а) тармағын орындау мақсатында сот қызметкерлерін: "Адам құқықтарын сот арқылы қорғау: Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелері", "Адам саудасына байланысты қылмыстарды тергеу кезінде адам құқықтарын қорғаудың халықаралық институттары мен тетіктері", "9 шарттық органдар, олардың функциялары, өкілеттіктері". Үлестірме материалмен жұмыс", "Ұйымдасқан қылмысқа және адам саудасына байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істерді қараудың өзекті мәселелері" (2022 жылы 450-ге жуық адамды қамтитын 15 дәріс, 2023 жылғы 1 тоқсанда 60-қа жуық адамды қамтитын 2 семинар) тақырыптарында оқыту жүргізілді.

Бұдан басқа, 2022 жылдан бастап Қазақстанда "БҰҰ-әйелдер" құрылымымен бірлесіп "Қазақстандағы барлық әйелдер мен қыздардың гендерлік теңдігін қамтамасыз ету және олардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту және COVID-19 пандемиясы дағдарысының салдарын еңсеру бөлігінде Отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасын іске асыруға Қазақстанға жәрдемдесу" жобасы іске асырыла басталды. Жоба шеңберінде гендерлік саясат саласындағы ұлттық заңнаманы нығайтуға, Қазақстанның халықаралық міндеттемелерді орындауына бағытталған процестерге белсенді және пәрменді қатысуға, гендерлік теңдік және әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту саласындағы жаһандық, өңірлік, субөңірлік процестерге белсенді қатысуға бағытталған іс-шаралар іске асырылуда.

Үкімет жұмыс орнындағы қырындауды жою бойынша шаралар қабылдауда. Пилоттық жоба ретінде 2023 жылы Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде, сондай-ақ ведомстволық бағынысты ұйымдарда харассменттен қорғау саясаты қабылданды. Бұл шаралар Министрліктің барлық қызметкерлері арасында харассментке қатысты төзбеушілік саясатын жүзеге асыруға, сондай-ақ оның алдын алу, жедел ден қою және алдын алу шаралары арқылы харассментке төзбеушілік ортасын қалыптастыру мен қолдауға бағытталған.

г) өзінің қылмыстық заңнамасының әйелдерге қатысты кемсіту болып табылатын барлық ережелерін жою.

Қылмыстық заңнамада әйелдерге қатысты кемсітушілікті білдіретін нормалар жоқ. Қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған адамдар шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, сеніміне, қоғамдық бірлестіктерге қатыстылығына, тұрғылықты жеріне немесе өзге де кез келген мән-жайларға қарамастан заң алдында тең (ҚК-тің 15-бабы).

### **3-бап. Әйелдерді дамыту және ілгерілету**

Әйелдерге адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын ерлермен тең негізінде іске асыруына және пайдалануына кепілдік беру үшін қатысушы мемлекеттер барлық салада және ішінара саяси, әлеуметтік, экономикалық және мәдени салаларда әйелдердің жан-жақты дамуы мен прогресін қамтамасыз ету үшін заңнамалық шараларды қоса алғанда, барлық тиісті шараларды қабылдайды.

Жоғарыда айтылғандай, 2022 жылы Тұжырымдама өзектілендіріліп, жаңартылған Іс-шаралар жоспары қабылданды. Тұжырымдамада мемлекеттік гендерлік саясаттың мақсаты қоғам өмірінің барлық салаларында ерлер мен әйелдердің тепе-тең құқықтарға, пайдаға, міндеттер мен мүмкіндіктерге қол жеткізуі, жыныстық белгісі бойынша кемсітушіліктің барлық нысандары мен көріністерін анықтау деп белгіленді.

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы жыл сайын "Қазақстанның әйелдері мен ерлері" статистикалық жинағын шығарады. Мемлекеттік статистика жүйесінде гендерлік көрсеткіштер спектрін кеңейту бойынша жұмыс басталды. БҰҰ ЕЭК мен ЮНКТАД



Статистика бөлімімен бірлесе отырып, 2022 жылдың қыркүйегінде сауда статистикасындағы гендерлік аспектіні өлшеу мәселелері бойынша жобаға бастама жасады.

Осылайша, СИДО комитетінің қорытынды ескертулерінің 30 d) және e) тармақтары орындалуда.

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі (бұдан әрі – ЕХӘҚМ) Отбасының цифрлық картасы немесе мемлекеттік кепілдіктер бойынша дербестендірілген қазақстандық отбасылардың базасы туралы мәліметті қалыптастыруда, ол ағымдағы жылдың басында енгізілген, оны енгізудің негізгі мақсаты қазақстандықтардың мемлекеттік қолдау шараларына тең қолжетімділігін қамтамасыз ету болып табылады. Оның базасында күн сайын отбасылар мен азаматтардың әлеуметтік әл-ауқатының деңгейін бағалау жүргізіледі.

Отбасының цифрлық картасы мемлекеттің әлеуметтік саясатының орта және ұзақ мерзімді міндеттері мен бағыттарын айқындайтын құрал ретінде айқындалған. 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап 541 мыңнан астам азамат зейнетақы, жәрдемақы немесе атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар екендігі туралы хабарлама алды. Бүгінгі таңда олардың 195 мыңына мемлекеттік төлемдер тағайындалып, төленуде.

Қазақстанда мемлекет пен қоғам арасында сындарлы, транспарентті диалог құруға қағидатын ұстану байқалады.

Үкіметтік емес 23335 ұйым жұмыс істейді, оның 500-ден астамы отбасылық және гендерлік саясат мәселелерімен айналысады және әйелдердің мүмкіндіктері мен құқықтарын кеңейтуге маңызды үлес қосуда. Үкіметтік емес 70-ке жуық ұйымды біріктіретін әйелдер көшбасшылығы мектептерінің белсенді ұлттық желісі бар. Еліміздің барлық 17 аймағында "Саясаткер-әйелдер клубтары" жұмысын жүргізуде.

Қазақстан Президенті Қ.К.Тоқаевтың бастамасы бойынша мемлекеттің халықпен тиімді қарым-қатынасын қамтамасыз ету, азаматтардың мемлекеттік басқару процестеріне тартылу деңгейін арттыру мақсатында "Халық үніне құлақ асатын мемлекет" тұжырымдамасы іске асырылуда.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 27 тамыздағы Жарлығымен Азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасы бекітілді, ол азаматтық қоғам мен оның институттарын дамыту үшін жағдай жасау, болып жатқан қоғамдық-саяси процестерді, экономикалық бәсекелестікті, пікірлердің плюрализмін, азаматтық белсенділіктің нысандары мен әдістерінің әр алуандығын ескере отырып, азаматтарды мемлекет пен қоғамның түйінді міндеттерін талқылауға және шешуге тарту жөніндегі шараларды айқындайды.

СИДО комитетінің 18 а) ұсынымы шеңберінде жыл сайын отбасылық және гендерлік мемлекеттік саясатты іске асыруға бағытталған мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс пен гранттық қаржыландырудың тұрақты тақырыптарының тізбесі әзірленеді, отбасыларға кәсіби көмек көрсету, неке және отбасы институтын нығайту, сондай-ақ

гендерлік теңдікті ілгерілету (отбасыларды ресурстық қолдау, дағдарыс орталықтары және т.б.) бағытталған отбасылық және гендерлік саясат бойынша үкіметтік емес ұйымдар жобалары арасында өңірлік конкурстар өткізілуде.

2022 жылы жергілікті атқарушы органдармен мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс (бұдан әрі – МӘТ) шеңберінде мемлекеттік отбасы және гендерлік саясат бағыты бойынша 293,7 млн теңге сомасына 101 әлеуметтік жоба іске асырылды. Отбасы және гендерлік саясат саласындағы жобаларды қаржыландырудың жалпы көлемі 68,4 %-ға өсті (2021 жылы 174,4 млн теңгеге 135 жоба жүзеге асырылды).

Жоғарыда айтылғандай Қазақстандағы "БҰҰ-әйелдер" құрылымымен байланысты грантты іске асыру басталды (2-баптың f тармағын қараңыз). Жоба үш компонент бойынша іске асырылады: гендерлік саясат саласындағы ұлттық заңнаманы нығайту, Қазақстанның ұлттық білім беру жүйесін гендерлік бағдарланған тәсілдермен және кемсітпеушілікпен нығайту, халықтың осал топтарындағы әйелдердің кәсіпкерлік дағдылары мен көшбасшылық қасиеттерін арттыру (іске асырылу мерзімі – 36 ай).

"Tomigis" ақпараттық білім беру бағдарламасы шеңберінде әйелдер қозғалысының белсенді өкілдеріне арналған тренинг басталды. Бағдарлама әйелдер мен қыздардың басқарушылық әлеуеті мен саяси мәдениетін дамытуға бағытталған. Бағдарламаның міндеттерінің бірі – белсенді әйелдерді нысаналы оқытуды қамтамасыз ету мақсатында әр аймақтың контекстінде аймақтық сарапшылар пулын құру. 2022 жылы 50-ден астам жаттықтырушы дайындалды. 2023 жылы жұмыс жалғасуда.

Сондай-ақ 2022 жылы "Гендерлік мұқтаждықтар мен қажеттіліктер картасы: этникалық, өңірлік және таптың әсері" әзірленді. Отбасылық және гендерлік саясат саласында әлеуметтік және талдау зерттеулері жүргізілуде.

"БҰҰ-әйелдер" ұйымымен бірлесіп "Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге жәрдемдесу және Қазақстанда тең құқықты ілгерілету саласындағы міндеттемелерді іске асыру" тақырыбында бірлескен жоба жүзеге асырылды. 2022 жылы жобаны іске асыру барысында гендерлік талдау жүргізу және басқа гендерлік бюджеттеу құралдарын енгізу үшін Қазақстанның 13 өңірінен қоғамдық кеңестердің, үкіметтік емес ұйымдардың және белсенділердің 42 өкілінің (95 %-ы әйелдер және 5 %-ы ерлер) әлеуеті арттырылды.

Әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау және білім беру секторларында гендерлік бюджеттеуді енгізу тәсілдерін гендерлік аспектілерді, гендерлік бағдарлануды және мемлекеттік бағдарламалардың гендерлік әсерін есепке алуды бағалау тұрғысынан сынақтан өткізу жөніндегі пилоттық жоба іске асырылды.

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы мемлекеттік қызметшілерді гендерлік теңдік, оның ішінде гендерлік бағдарланған бюджеттеу мәселелері бойынша үздіксіз оқытуды қамтамасыз етті. Соңғы 3 жылда 1200-ден астам мемлекеттік қызметші оқытылды (2020 ж – 407, 2021 ж – 437, 2022 ж – 427).

2021 жылғы желтоқсанда жанжалдарды болғызбау мен реттеуге, бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, әйелдерге қарсы зорлық-зомбылықтың алдын алуға, хабардар болуды арттыруға, жанжалдардың алдын алу мен әйелдерді қорғау мәселелерінде азаматтық қоғаммен өзара іс-қимылды күшейтуге әйелдердің тең құқылы және жан-жақты қатысуы бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесі қабылдаған 1325 (2000), 1820, 1888, 1889, 1960, 2106, 2122, 2242, 2467-қарарларды іске асыру жөніндегі 2022 – 2025 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары бекітілді (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 24 желтоқсандағы № 935 қаулысымен бекітілген).

Жоспарда жанжалдарды болғызбау мен реттеуге, бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, әйелдерге қарсы зорлық-зомбылықтың алдын алуға, хабардар болуды арттыруға, жанжалдардың алдын алу мен әйелдерді қорғау мәселелерінде азаматтық қоғаммен өзара іс-қимылды күшейтуге әйелдердің тең қатысуы бойынша нақты шаралар қамтылған.

СИДО комитетінің ұсынымдарының 18 b) тармағын орындау үшін мынадай жұмыс жүргізіледі. "Қазақстан Республикасының адам құқықтары саласындағы одан әрі шаралары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 9 маусымдағы № 597 Жарлығын (бұдан әрі – Бірінші кезектегі шаралар жоспары) іске асыру үшін қабылданған Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 28 сәуірдегі № 258 қаулысымен бекітілген Адам құқықтары және заңның үстемдігі саласындағы әрі қарай шаралар жоспарының 5-тармағында қоғамдық бірлестіктердің қызметін реттейтін заңнамаға (оларды құру және олардың қызметін ұйымдастыру жөніндегі рәсімдерді ырықтандыруға бағытталған), атап айтқанда бірлестік бостандығы құқығында өзгерістер енгізу қарастырылған. 2022 жылғы 29 шілдеде Заң жобалау қызметі жөніндегі ведомствоаралық комиссияның отырысында "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қоғамдық бірлестіктер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заң жобасының тұжырымдама жобасы мақұлданды (2022 жылғы 2 тамыздағы № 592 Ведомствоаралық комиссияның хаттамасы). Заң жобасы қоғамдық бірлестіктерді тіркеудегі кедергілерді 10-нан 3 азаматқа дейін төмендетуді көздеп отыр. 2023 жылғы 29 маусымда Заң жобасы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілді.

#### **4-бап. Ерлер мен әйелдер арасындағы теңдікке қол жеткізуді жеделдету**

1. Қатысушы мемлекеттердің ерлер мен әйелдердің іс жүзіндегі теңдігін орнатуды жеделдетуге бағытталған уақытша арнайы шараларды қабылдау осы Конвенцияда анықталғанындай кемсітушілік болып табылмайды, алайда ол ешбір жағдайда теңсіз немесе сараланған стандарттардың сақталуына жол бермеуге тиіс; бұл шаралар мүмкіндіктер теңдігі мен тең құқылы қатынастар мақсатына қол жеткізілген кезде жойылуға тиіс.

Жаңартылған Тұжырымдамада ерлер мен әйелдердің теңдігін орнатуды жеделдетуге бағытталған уақытша арнайы шаралар бекітілді. 2030 жылға қарай әйелдердің орташа жалақысының ерлерге қарағанда гендерлік алшақтығы 21,0 %-ды құрайды, материалдық активтері (мүлік, тұрғын үй, көлік, жеке кәсіпкерлер) бар әйелдердің ерлерге қатысты үлесі 10 %-ға ұлғаяды, биліктің атқарушы, өкілді және сот органдарында, мемлекеттік, квазимемлекеттік және корпоративтік секторларда шешімдер қабылдау деңгейіндегі әйелдердің үлесі 30 %-ды, бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі әйелдер үлесі 10,0 %-ды құрайды деп күтілуде.

Сонымен қатар 2020 жылы "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" және "Саяси партиялар туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына өзгерістер енгізілді, оларға сәйкес партиялық тізімдер әйелдер мен жастар өкілдігінің кемінде 30 %-ын ескере отырып қалыптастырылады. 2022 жылғы 7 ақпанда депутаттық мандаттарды бөлу кезінде мүгедектерге, әйелдер мен жастарға 30 пайыздық квота бөлуді көздейтін заңға қол қойылды. Заң 2022 жылғы 19 ақпанда күшіне енді. Мақсат – биліктің өкілді тармағында әйелдердің, жастардың, мүмкіндігі шектеулі жандардың пікірінің болуын және ескерілуін қамтамасыз ету, оларды мемлекет өміріндегі белсенді жұмысқа тарту.

Сондай-ақ мемлекет қатысатын компаниялардың басшы органдарында әйелдер үлесін кезең-кезеңімен 30 %-ға дейін арттыру бойынша жұмыс жүргізілуде. Осы мақсатта мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардағы корпоративтік басқарудың үлгілік кодексі қайта бекітілді, оған сәйкес Қоғамның және ұйымдардың алқалы атқарушы органдарындағы ұсынылатын әйелдер саны алқалы атқарушы органдар мүшелерінің жалпы санының кемінде 30 %-ы және қоғамның және ұйымдардың директорлар кеңесінің құрамындағы ұсынылатын әйелдер саны директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының кемінде 30 %-ын құрайды.

Баяндамаға кіріспеде әйелдердің өкілді, заң шығарушы және атқарушы билік органдарына қатысуы, сондай-ақ шешім қабылдау деңгейі туралы егжей-тегжейлі статистикалық мәліметтер берілген.

Жынысы және басқа да параметрлер бойынша бөлінген барлық статистикалық деректер "Қазақстанның әйелдері мен ерлері" жинағында және ресми статистика сайтының "Гендерлік статистика" бөлімінде көрсетілген.

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен және ұйымдармен бірлесіп уақытша арнайы іс-шаралардың орындалуын бақылау және олардың әсерін бағалау қағидаларын әзірлеу жұмыстарын бастады.

Осылайша, СИДО комитетінің қорытынды ескертулерінің 22 б) және с) тармақтары орындалуда.

Дүркінді кемсітушілікке ұшырауы мүмкін әйелдердің, мысалы мигрант әйелдердің немесе тұрғылықты халықтарға жататын әйелдердің мүдделері үшін кемсітушілікке жол бермеу жұмыстары үнемі бақылауда.

Ішкі еңбек нарығын қорғау мақсатында ЕХӘҚМ жыл сайын республикаға шетелдік мамандарды тартуға квота белгілейді және бөледі. Гендерлік тиістілігіне сәйкес ШЖК тарту кезінде шектеулер жоқ. Мигрант әйелдерге қатысты кемсітушілік фактілері байқалмайды.

Еңбек саласындағы, оның ішінде энергетика, мұнай-газ салаларында жұмыс істейтін әйелдердің тең құқықтары мен мүмкіндіктерін қамтамасыз ету үшін ЕХӘҚМ бірқатар жүйелі шаралар жүргізуде.

Айталық, 2022 жылы өңірлік жұмыспен қамту карталары аясында әйелдерді нәтижелі жұмыспен қамтуға тарту бойынша белсенді жұмыс жүргізілді. Нәтижесінде 536 мың әйел жұмысқа орналастырылды, бұл барлық жұмысқа орналастырылған азаматтардың 55 %-ы. Ағымдағы жылғы 31 шілдедегі жағдай бойынша бұл көрсеткіш 293,1 мыңға жуық (56 %).

Бұл ретте жас қыздардың көпшілігі мемлекет тарапынан субсидияланатын жұмысқа тартылған. 2022 жылы 30 мыңға жуық жас қыз алғашқы жұмысқа орналасса, ағымдағы жылдың басынан бері "Бірінші жұмыс орны" жобасы арқылы 2,7 мың әйел жұмысқа орналасты.

Мемлекеттік қолдаудың тағы бір маңызды шарасы – кейіннен жұмысқа тұрғызу немесе өз ісін ашу мүмкіндігімен оқыту. 2022 жылы 80 мыңға жуық әйел кәсіпкерлік негіздері бойынша курстардан өтті. Оқыту қорытындысы бойынша 13 мыңға жуық әйел грант алды. Олардың 58 %-ы тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді өндіруге қажетті технологиялық жабдықтар мен керек-жарақтарды сатып алды, ал 31 %-ы мал шаруашылығымен айналысты.

2023 жылдың басынан бері 60,8 мыңнан астам әйел "Бастау бизнес" оқытуымен қамтылды, оның шеңберінде 3,3 мыңнан астам әйелге гранттар берілді.

Бұған қоса, 2022 жылы бірінші рет зейнеткерлік жасқа дейінгі адамдар үшін "Күміс жас" жобасы іске қосылды, оның аясында 1,1 мыңнан астам әйел жұмысқа орналастырылды.

2023 жылы жобаға қатысушылардың жасы 58 жастан 50 жасқа дейін төмендеген. Жұмыс берушілер жұмыс орындарын ұсынады, қатысушылар өз біліктіліктеріне қарай өз таңдауын жасай алады.

2. Қатысушы мемлекеттердің ана болуды қорғауға бағытталған осы Конвенциядағы шараларды қоса алғандағы уақытша арнайы шараларды қабылдауы кемсітушілік болып табылмайды.

"Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ананы, баланы және әкені қорғауға; әйелдерді жүктілігіне және босануына байланысты қорғауға; ерлердің өмір сүру жасының ұзақтығын ұлғайтуға; қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу және қылмыстық-атқару заңнамасында әйелдерді қорғауға бағытталған шаралар жыныстық белгісі бойынша кемсітушілік шаралары деп саналмайды (4-бап).

Мәселен 2020 жылы COVID-19 пандемиясы репродуктивті денсаулықты қорғауға әсер етті. Пандемия тарала бастағаннан кейін әйелдердің 80 %-дан астамы репродуктивті денсаулықты сақтау жөніндегі көрсетілетін қызметтер (ананы қорғау, отбасын жоспарлау) бойынша көмек сұрап жүгінбеген, олардың ішінде 5,9 %-ы ана болуды қорғау, 5,4 %-ы отбасын жоспарлау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді және 3,8 %-ы психологиялық қолдау алу кезінде қиындықтарға тап болған.

Пандемияның салдары ана өлім-жітімнің артуына де әсер еткен. Егер 2016 жылы бұл көрсеткіш 100 000 тірі туғанға шаққанда 12,7 болса, 2019 жылы ол 13,7-ге жеткен. 2020 жылы 100 000 тірі туғанға шаққанда 36,5 жағдайға дейін күрт өскен. 2022 жылдың қорытындысы бойынша 100 000 тірі туғанға – 17,0 жағдай.

Қалалық әйелдердің 11,1 %-ы және ауылдық жерде тұратын әйелдердің 7,6 %-ы ана болуға байланысты көрсетілетін қызметтерді алуда қиындықтарға кездескен.

Жүкті әйелдерге және жаңа туған нәрестелері бар аналарға көмек көрсету мақсатында жағдайы ауыр және өте ауыр жүкті әйелдерге күнделікті мониторингті жүзеге асыратын "Ахуалдық акушерлік орталық" ұйымдастырылды, "Жүкті әйелдердегі COVID-19" диагностикасы мен емдеудің клиникалық хаттамасы және "COVID-19" пандемиясы кезінде жүкті әйелдер мен балаларға медициналық көмек көрсету тәртібі туралы" әдістемелік ұсынымдар әзірленді.

Сондай-ақ Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап бала күтімі бойынша жәрдемақы төлеу бір жарым жылға дейін ұзартылды, 2023 жылдан 2028 жылға дейін әйелдердің зейнеткерлік жасын ұлғайту 5 жылға тоқтатылды және 61 жас деп белгіленді.

## **5-бап. Гендерлік рөлдер мен стереотиптер**

Қатысушы мемлекеттер мына мақсаттарда барлық тиісті шараларды қабылдайды:

а) Ескішілдікті түбірімен жоюға толыққанды емес деген немесе жыныстардың бірі басым болады деген идеяға немесе ерлер мен әйелдер рөлінің стереотиптігіне негізделген салттарды және өзге де барлық практиканы жоюға қол жеткізу мақсатында ерлер мен әйелдер мінез-құлқының әлеуметтік және мәдени үлгісін өзгерту.

Жыл сайын республикалық деңгейде медиажоспар бекітіледі, оның шеңберінде әйелдерге қатысты, сондай-ақ гендерлік саясат саласында кемсітушіліктің барлық нысандарын жоюға бағытталған ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.

Ақпараттық жұмыс – тақырыптық телебағдарламаларды, спикерлердің сөйлейтін сөздерін, инфографиканы, бейнероликтерді пайдалана отырып, әлеуметтік медида ілгерілету түрінде әртүрлі ақпарат ұсыну арқылы жүргізіледі және барлық мемлекеттік ақпараттық ресурстар, сондай-ақ мемлекеттік ақпараттық тапсырыс тетігі арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты іске асыруға қатысатын мемлекеттік емес БАҚ арсеналы жұмылдырылады.

2023 жылғы шілдедегі жағдай бойынша БАҚ-та 1105 материал (2022 жылы – 1293), оның ішінде республикалық телеарналар эфирінде 64 сюжет, республикалық баспа

БАҚ-та 88 мақала, өңірлік телеарналар эфирінде 58 сюжет, өңірлік баспа БАҚ-та 151 мақала, интернет-ресурстарда 744 материал жарияланды.

Телеарналарда әйелдерге арналған "Әйел әлемі", "Өмір көркем", "Tansholpan", "Оян", "Айналайын" және т.б. бағдарламалар көрсетіледі.

Қазіргі уақытта мемлекеттік БАҚ-та 536 журналист әйел жұмыс істейді, бұл 58,3 %-ды құрайды (барлығы 918).

Өз кезегінде полиция қызметкерлері әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғауға арналған құқықтық тақырыпта 14 мыңнан астам сөз сөйледі (теледидарда – 482, баспа басылымдарында – 881, полиция департаменттерінің сайттарында-13187). 2022 жылы осындай 13 мың сөз сөйлеу ұйымдастырылды.

Бұдан басқа, аталған тақырып бойынша полиция қызметкерлері оқу орындарында 52 мыңнан астам дәріс, семинар, тренинг өткізді (2022 ж – 27 мың).

Жыл сайын "Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы белсенділіктің 16 күн" жаһандық науқан аясында тиісті республикалық акция өткізіледі. Осылайша, Қазақстан жаһандық деңгейде де, ұлттық деңгейде де гендерлік зорлық-зомбылықтың барлық түрлерін жоюды өзінің жақтайтынын көрсетуде.

Бүгінгі күні зардап шеккендер құқық қорғау органдарына кез келген ыңғайлы тәсілмен, оның ішінде тәулік бойы жұмыс істейтін полицияның тегін телефонына немесе "102" арнайы мобильді қосымшасы арқылы жүгіне алады.

2023 жылдың 7 айында отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласында жасалған 523 қылмыс тіркелді (2022 ж – 513, +1,9 %). 2022 жылдың қорытындысы бойынша – 935 (2021 ж – 1022, -8,5 %).

Отбасылық "агрессорларға" қатысты 2023 жылдың 7 айында 55 мыңнан астам (2022 жылдың 7 айында – 54 мың), 2022 жылы барлығы 84 мыңға жуық қорғау ұйғарымы шығарылды. Полицияның өтініш хаттары бойынша соттар құқық бұзушылардың өзін-өзі ұстауына қатысты 9229 ерекше талап қойған (барлығы 2022 ж – 12357) (2022 жылдың 7 айында – 8215).

Тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайларындағы әйелдерге (олардың жұбайына қатысты) берілген тыйым салу ордерлерінің саны:

2022 жылы 506 іс бойынша тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адамға жеке тұрғын үйде тұруға немесе жәбірленушінің еркінен тыс іздеуге, қудалауға тыйым салынды;

2023 жылдың 7 айында 226 іс бойынша тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адамға жеке тұрғын үйде тұруға немесе жәбірленушінің еркіне қайшы іздеуге, қудалауға тыйым салынды.

Республика соттарында тұрмыстық зорлық-зомбылыққа байланысты істер қаралған: азаматтық істер бойынша: 2022 жылы – 790, оның ішінде шешім шығарылғаны – 435; 2023 жылдың 7 айында – 417, оның ішінде шешім шығарылып 273 іс аяқталды;

қылмыстық істер бойынша: 2022 жылы – 273 іс, оның ішінде үкім шығарылғаны – 257; 2023 жылдың 7 айында – 148, оның ішінде шешім шығарылып 135 іс аяқталды;

әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша: 2022 жылы – 24607, оның ішінде әкімшілік өндіріп алу туралы 13365 өндіріп алу қаулысы шығарылды; 2023 жылдың 7 айында – 18122, оның ішінде 9351 әкімшілік өндіріп алу туралы қаулы шығарылды.

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша соңғы 12 айда сексуалдық серіктес тарапынан физикалық немесе сексуалдық зорлық-зомбылыққа ұшыраған 18-75 жас аралығындағы әйелдер үлесі 4,7 %-ды құрайды.

15 жастан бастап өмірінде сексуалдық серіктесі болып табылмайтын физикалық зорлық-зомбылыққа ұшыраған 18-75 жас аралығындағы әйелдердің үлесі 2,9 %, жыныстық зорлық-зомбылық, оның ішінде зорлауға ұшыраған – 0,7 %, зорлау әрекеті немесе өзге де жыныстық зорлық-зомбылыққа ұшырағандар үлесі – 1,2 %.

"Әділетті мемлекет. Біртұтас Ұлт. Берекелі Қоғам" атты Мемлекет басшысының 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында берілген тапсырманы орындау үшін әкімшілік және қылмыстық кодекстерге тұрмыстық зорлық-зомбылық жасағаны үшін жауапкершілікті күшейтуге бағытталған бірқатар түзетулер енгізілді (1-бөлімді қараңыз).

СИДО комитеті ұсынымының 26 а) тармағына қатысты Қылмыстық кодексте жеке адамға, отбасы мен кәмелетке толмағандарға, халықтың денсаулығы мен имандылығына, адамның және азаматтың конституциялық және өзге де құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік көзделген, онда жаза түрлері жасалған іс-әрекеттің ауырлығына қарай айқындалған.

Бұдан басқа, 2023 жылғы 19 мамырда "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық сот ісін жүргізу, жазаны орындау, сондай-ақ азаптаулардың және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын қарым-қатынас түрлерінің алдын алу саласындағы адам құқықтары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заң күшіне енді. Заңмен отбасылық-тұрмыстық салада, атап айтқанда "кінәліге материалдық немесе өзге де түрде тәуелді адамға қатысты жасалған" құқық бұзушылықтар кезінде тұрмыстық жағдайларда денсаулыққа ауыр және орташа ауыр зиян келтіргені үшін жауапкершілікті күшейту енгізілді. Мұндай жағдайларда білікті қылмыстық жауапкершілік туындайды (ҚР ҚК-нің "Денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру" туралы 106-бабы, "Денсаулыққа қасақана ауырлығы орташа зиян келтіру" туралы 107-бабы).

Сонымен қатар Қазақстан "Ұрпақ теңдігі" жаһандық форумы аясында: гендерлік зорлық-зомбылықты жою және экономикалық әділеттілік, және құқықтар жөніндегі екі іс-қимыл коалициясына қосылды, олардың шеңберінде бірқатар ұлттық міндеттемелер



қабылданып, орындалды. Қазақстанның іске асырған міндеттемелері туралы ақпаратты Жаһандық форум хатшылығының сарапшылары талдап, 2022 жылғы қыркүйекте Нью-Йорк қаласында БҰҰ Бас Ассамблеясының 77-ші сессиясы барысында ұсынылған Жаһандық форум есебіне енгізді.

СИДО комитетінің қорытынды ескертулерінің 26 b) тармағына қатысты: Қылмыстық кодексте күш қолданып немесе оны қолдану қатерін төндіріп не жәбірленушінің дәрменсіз күйін пайдаланып жыныстық қатынас жасау (120-бап " Зорлау") үшін жауапкершілік белгіленген.

Зорлаудың негізгі объектісі – жәбірленушінің жыныстық еркіндігі немесе жыныстық қол сұғылмаушылығы.

Әйелдің жыныстық қатынасты қаламайтынын оның анық және нақты келіспеуі, белсенді қарсылық көрсетуі айғақтауы мүмкін.

"Зорлау және өзге де сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттермен байланысты қылмыстарды саралаудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 11 мамырдағы № 4 нормативтік қаулысына сәйкес зорлауды және сексуалдық сипаттағы өзге де зорлық-зомбылық әрекеттерін саралау үшін жәбірленушінің моральдық бейнесі, әлеуметтік мәртебесі, мінез-құлқы, кінәлі адам мен жәбірленушінің бұрынғы өзара қарым-қатынасы маңызды емес.

Зорлық-зомбылық деп жәбірленушінің қарсылығын жеңуге бағытталған, мысалы, соққы беру, тыныс алу жолдарын қысу, қолды, аяқты ұстау, киімді жұлу және т.б. сияқты әрекеттерді түсінген жөн.

Бұдан басқа, зорлық-зомбылық болмаған кезде жыныстық қатынас жасауға, еркек пен еркектің жыныстық қатынас жасауына, әйел мен әйелдің жыныстық қатынас жасауына немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттерге мәжбүр еткені үшін қылмыстық жауаптылық көзделген (ҚК 123-бабы).

СИДО комитетінің қорытынды ескертулерінің 26 d) және f) тармақтарын орындау үшін зорлық-зомбылық қылмыстары үшін жазалар күшейтілді.

Айталық, "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі "Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі" атты Қазақстан халқына Жолдауының жекелеген ережелерін іске асыру мәселесі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңымен кәмелетке толмағандардың жыныстық қол сұғылмаушылығына қарсы қылмыстары, сондай-ақ ҚК-тің 120-бабында (Зорлау), 121-бабында (Жыныстық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттері), 122-бабында (Он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынас немесе жыныстық сипаттағы өзге де әрекеттер), 123-бабында (Жыныстық қатынас жасауға, еркек пен еркектің жыныстық қатынас жасауына, әйел мен әйелдің жыныстық қатынас жасауына немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттерге мәжбүр ету), 124-бабында (Жас

балаларды азғындық жолға түсіру), 134-бабында (Кәмелетке толмаған адамды жезөкшелікпен айналысуға тарту), 144-бабында (Кәмелетке толмағандарды эротикалық мазмұндағы өнімдерді жасауға тарту), 312-бабында (Кәмелетке толмағандардың порнографиялық бейнелері бар материалдарды немесе заттарды дайындау және олардың айналымы не оларды порнографиялық сипаттағы ойын сауық іс шараларына қатысу үшін тарту) көзделген әрекеттер үшін жазалар қатаңдатылды. Жоғарыда аталған қылмыстар аса ауыр қылмыстарға жатады, олар бойынша тараптардың татуласуы жойылған.

СИДО комитетінің қорытынды ескертулерінің 26 g), h) тармақтарын орындау үшін Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2021 жылдан бастап барлық полиция департаменттерінде тергеушілердің әйелдер мен кәмелетке толмағандарға қатысты жыныстық қылмыстарды тергеу бойынша мамандануы енгізілді. Бұйрықтарға сәйкес осы санаттағы қылмыстарды тергеуге тек әйел тергеушілер тағайындалған. Барлығы 361 әйел тергеуші бірлігі енгізілді, олар әйелдер мен балаларға қатысты жыныстық қылмыстар туралы қылмыстық істердің 100 %-ын тергеуде. Әйел тергеушілер саны жеткілікті.

2022 жылғы 10 сәуірден бастап елімізде жұмыс істеп тұрған мамандандырылған орталықтар базасында сексуалдық зорлық-зомбылық құрбандарына кешенді көмек көрсету жөніндегі пилоттық жоба іске асырылуда.

Еліміздің барлық өңірлерінде 52 орталық базасында тергеу іс-қимылдарын жүргізу туралы меморандумдар жасалды, онда әйелдермен 149, оның ішінде кәмелетке толмағандармен 117 тергеу іс-қимылы жүргізілді.

Әлеуметтік кодекске сәйкес тұрмыстық зорлық-зомбылық қатыгездік нысанына жатады және арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету үшін негіз болып табылады.

Кодекс нормаларын іске асыру мақсатында тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарты бекітілді (Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 263 бұйрығы).

Стандартқа сәйкес уақытша болу ұйымдарында қажеттілікке байланысты 8 түрлі арнаулы әлеуметтік қызмет (әлеуметтік-тұрмыстық, медициналық, психологиялық, педагогикалық, еңбек, мәдени, экономикалық, құқықтық қызметтер) ұсыну көзделген.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің деректері бойынша 2023 жылғы шілдеде елімізде тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету бойынша 46 дағдарыс орталығы, оның ішінде мемлекеттік секторда 15, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде 31 жұмыс істейді.

2017 – 2021 жылдары 14 мыңнан астам тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына (оның ішінде ата-анасымен бірге келген балаларға) арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетілген. Аталған дағдарыс орталықтарын қаржыландыру 2022 жылдан бастап

толығымен жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылады. Оларды ұстауға бөлінген сома 1156593 мың теңгені құрайды. 2022 жылы орталықтарға 4766 адам жүгінген.

Бұдан басқа, тұрмысы нашар отбасылармен жұмысты ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірленіп, ведомстволық жоғары оқу орындарының базасында полиция қызметкерлері оқытылуда.

Бүгінгі күні Қазақстан 2015 және 2022 жылдары әйелдер мен қыздарға қатысты зорлық-зомбылық бойынша 2 ұлттық зерттеу жүргізді. 2015 жылғы зерттеу бойынша қорытынды есеп 2017 жылы жалпы жұртшылыққа ұсынылды және барлық пайдаланушылар үшін Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының веб-сайтында жарияланды. 2022 жылғы зерттеу нәтижелері өңделуде, қорытынды есепті 2023 жылдың соңына дейін ұсыну жоспарлануда.

СИДО комитетінің қорытынды ескертулерінің 26 і) тармағын орындау үшін "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 7 шілдедегі № 361-VI Қазақстан Республикасының Заңымен ҚК-нің 319-бабының "абортты заңсыз жүргізу" деген атауы "жүктілікті жасанды үзуді заңсыз жүргізу" деп өзгертілді.

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 151-бабында қаламаған жүктіліктің алдын алу әдісі ретінде хирургиялық стерилизацияны 35 жастан асқан немесе кемінде екі баласы бар пациентке қатысты, ал кәмелетке толған азаматтың медициналық көрсетілімдері мен келісімі болған кезде – жасына және баласының бар-жоғына қарамастан жасау көзделген. Хирургиялық стерилизацияны осы қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар денсаулық сақтау субъектілері осы операцияның біржола жасалатыны туралы міндетті түрде алдын ала хабардар ете отырып, пациенттің хабардар етілген келісімімен ғана жасалады.

Есепті кезеңде ҚК-нің 319-бабы бойынша қылмыстық істер (түсік жасатудың заңсыз жүргізу) қозғалған жоқ.

СИДО комитетінің 26 ж) қорытынды ескертулерінің ұсынымы бойынша Әлеуметтік кодекстің 1-тарауына сәйкес Ұлттық алдын алу тетігі дағдарыс орталықтарында көрсетілетін арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге мониторинг жүргізетінін хабарлаймыз.

Бұдан басқа, "Халықты әлеуметтік қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуді қаржыландыру және мониторингтеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 261 бұйрығының 11-тармағына сәйкес мониторинг тек қана бюджет есебінен қамтылатын арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін субъектілерге қатысты Қазақстан Республикасы Еңбек және

халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбек және әлеуметтік қорғау комитеті (бұдан әрі – Комитет) және оның аумақтық бөлімшелері жарты жылда бір рет жүргізеді; тек қана бюджет есебінен қамтылатындарды қоспағанда, арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін субъектілерге қатысты арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсетуге шартқа сәйкес жергілікті атқарушы органдар жүргізеді.

2022 жылдың қорытындысы бойынша Комитеттің аумақтық бөлімшелері арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін 419 субъектіде, оның ішінде 2 дағдарыс орталығында профилактикалық бақылау жүргізген.

Сонымен қатар қазіргі уақытта барлық МӘС 100 % бейнебақылаумен қамтылған.

б) барлық жағдайда балалардың мүддесін жоғары қою шартымен отбасылық тәрбие ана болуды әлеуметтік функция ретінде дұрыс түсінуді және өз балаларының тәрбиесі мен дамуында ерлер мен әйелдердің ортақ жауапкершілігін мойындауды қамтамасыз ету.

Мемлекеттік отбасылық саясаттың мақсаты отбасыларды қолдау, нығайту және қорғау, отбасылар мен олардың мүшелеріне физикалық, зияткерлік, рухани, адамгершілік дамуына ықпал ететін қажетті жағдайлар жасау, ананы, әкені және баланы қорғау болып табылады. Мәдени құндылықтарды, дәстүрлерді, руханиятты сақтау, өскелең ұрпақты тәрбиелеу және отбасы мәртебесін нығайту жөніндегі ұлттық мемлекеттік міндетті іске асыру мақсатында Қазақстанда Отбасы күні белгіленді.

2014 жылдан бері жыл сайын "Мерейлі отбасы" ұлттық конкурсы өткізіледі, ол адамгершілік құндылықтарды жаңғыртуға және отбасы мен некенің (ерлі-зайыптылықтың) жағымды бейнесін дәріптеуге, отбасы мәртебесін арттыруға бағытталған. Өткен жылдар ішінде конкурсқа Қазақстанның барлық өңірінен 18 мыңнан астам отбасы қатысты.

Отбасы саясаты саласындағы уәкілетті орган айқындалды.

2023 жылы Қазақстан Республикасындағы мереке күндерінің тізбесі "Аналар күні" (мамырдың екінші жексенбісі) және "Әкелер күні" (маусымның үшінші жексенбісі) мерекелерімен толықтырылды (2023 жылғы 31 мамырдағы № 426 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы).

Жыл сайын республика бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс және гранттық қаржыландыру шеңберінде үкіметтік емес ұйымдар отбасы саясаты саласында 100-ден астам әлеуметтік жобаны іске асырады.

Өңірлерде отбасылардың әлеуметтік әріптестігін жандандыру және оқытуды ұйымдастыру үшін отбасылық аула клубтары мен отбасылық қарым-қатынас клубтары жұмыс істейді. Отбасылық аула клубтарында білім беру, психологиялық, демалыс жөніндегі көрсетілетін қызметтері ұсынылады, балалар мен жасөспірімдерге арналған үйірмелер ашылған.

Білім беру жүйесінде оқушылардың адамгершілік және патриоттық тәрбиесіне қатысатын әкелердің қоғамдық бірлестіктері дами бастады.

Қазақстандық қоғамдық даму институты құрылымында жыл сайын отбасылық және гендерлік саясат саласында зерттеулер жүргізетін Отбасы және гендерлік саясат саласындағы зерттеулер орталығы құрылды.

Зерттеулер көрсеткендей, респонденттердің 89,6 %-ы әйелдер көптеген қызмет салаларында басшы бола алады деп есептесе, респонденттердің 87,3 %-ы отбасында ер адам да, әйел де жұмыс істеуі керек деп есептейді. Бұл нәтижелер де Қазақстандағы гендерлік теңдіктің дамуын көрсетеді.

Қазақстандықтардың көпшілігі үшін отбасы маңызды құндылық болып табылады, олар балаларымен барынша көп уақыт өткізуге ұмтылады, ата-аналардың 50,3 %-ы үнемі балаларының қасында, 32,7 %-ы әрбір күнді бірге өткізуге тырысады, балалардың көпшілігі ата-аналарымен өздерінің қызығушылықтарын талқылайды (88,3 %), балалардың көпшілігі өзінің отбасымен араласқанды ұнатады (85,2 %).

Бүгінгі күні қазақстандық отбасыда балаларың бойына сіңіретін негізгі құндылықтары еңбекқорлық (33,8 %), өзін-өзі бағалау (31,8 %), адалдық (31,7 %), үлкендерге құрмет (25,3 %), айналасындағыларға құрметпен қарау (16,6 %) болып табылады. СИДО комитетінің 24 d) ұсынымын орындау үшін Тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары шеңберінде 2030 жылға дейін саналы әке болу институтын қолдау және дамыту жөніндегі іс-шараларды өткізу көзделгенін атап өткен жөн.

Отбасылық құндылықтарды нығайту, отбасындағы әкенің жағымды рөлін арттыру бойынша шаралар қабылдануда. Отбасын қолдаудың ресурстық орталықтары мен әлеуметтік қызметтер жұмысы ұйымдастырылды.

Бұған қоса, білім беру мекемелерінде оқу бағдарламалары, сынып сағаттары шеңберінде балаларды тәрбиелеу және дамыту, оларға дәстүрлі отбасылық құндылықтарды сіңіру, әлеуметтік, экономикалық және саяси өмірдің белсенді қатысушылары ретінде әйелдердің оң имиджін қалыптастыру мақсатында іс-шаралар өткізіледі. Сондай-ақ 2023 жылдан бастап мектептерде қауіпсіздік сабақтарын енгізу туралы ұсыныс қарастырылуда.

"Қазақ әдебиеті" пәні бойынша орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламаларының мазмұнында қазақ қыздары мен әйелдерінің өмірі мен тұрмысына арналған шығармаларды зерделеу көзделген. "Қазақстан тарихы", "Дүниежүзілік тарих" пәндері бойынша әртүрлі кезеңдердегі тарихи оқиғалардың дамуына елеулі әсер еткен әйелдердің қызметі зерделенуде. Жазушылардың шығармаларында қазақ қызының бостандығы мәселелері қозғалуда. Бекітілген Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамаға сәйкес жоғары оқу орындарында әлеуметтік-экономикалық мәртебеге, гендерге, оқыту тіліне (шетелдік студенттер) және т. б. байланысты қажетті ресурстарды беруге және білім алушыларды қолдауға бағытталған инклюзивті білім беруді қамтамасыз ету жоспарланған.

Оқу жылы ішінде жоғары оқу орындарында құқық қорғау органдарының, салауатты өмір салты орталықтарының, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдерін тарта отырып, отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілерін анықтау үшін дөңгелек үстелдер, "Отбасылық құндылықтар", "Гендерлік саясат", "Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа жол жоқ" тақырыбында семинарлар, сондай-ақ профилактикалық әңгімелер өткізіледі.

Осылайша, СИДО комитеті ескертулерінің 24 а), б) және d) тармақтары іске асырылуда.

### **6-бап. Әйелдерді пайдалану**

Қатысушы мемлекеттер әйелдер саудасының барлық түрін және әйел жезөкшелігін жою үшін, заңнамалық шараларды қоса алғанда, барлық тиісті шараларды қолданады.

Қазақстанда адам саудасына қарсы іс-қимыл бойынша жұмыс:

Адамдарды заңсыз әкетуге, әкелуге және адам саудасына қарсы күрес мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Адам саудасына байланысты қылмыстардың профилактикасы, алдын алу және оларға қарсы күрес жөніндегі 2021 – 2023 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары шеңберінде жүргізіледі.

Адам саудасы, оның ішінде әйелдер мен қыздардың саудасы үшін қылмыстық жауапкершілік қарастырылған. Қылмыстық жауапкершілікке тарту мынадай баптар бойынша құқық бұзушылықтар бойынша көзделген: 128-бап (Адам саудасы), 116-бап (Адамның ағзалары мен тіндерін алып қоюға мәжбүрлеу немесе заңсыз алып қою), 125-баптың 3-бөлігінің 2-тармағы (Адамды қанау мақсатында ұрлау), 126-баптың 3-бөлігінің 2-тармағы (Адамды қанау мақсатында заңсыз бас бостандығынан айыру), 134-бап (Кәмелетке толмағанды жезөкшелікпен айналысуға тарту), 135-бап (Кәмелетке толмағандар саудасы), 308-бап (Жезөкшелікпен айналысуға тарту), 309-бап (Жезөкшелікпен айналысуға арналған притондар ұйымдастыру немесе оларды ұстау және жеңгетайлық).

"Қазақстан Республикасында адам саудасына қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы әзірленіп, Қазақстан Республикасы Парламентінің қарауына енгізілді, ол адам саудасына қарсы іс-қимыл саласындағы қоғамдық қатынастарды реттеуге және аталған саладағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатын іске асыруға бағытталған. Заңның басты міндеттерінің бірі адам саудасы құрбандарының, оның ішінде әйелдер мен балалардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету, адам саудасы құрбандарына көмек көрсету және олардың қауіпсіздігі мен жеке өмірінің құпиялылығын қамтамасыз ету болып табылады.

Жәбірленушілерге, оның ішінде адам саудасынан келтірілген зиянды өтеу мақсатында "Жәбірленушілерге зиянды өтеу қоры туралы" Қазақстан

Республикасының Заңы қабылданды, онда мемлекет кепілдік берген өтемақы алуға құқығы бар адамдарға төленетін төлемдердің кепілдендірілген түрлері, көлемі мен тәртібі көзделген.

Егер әкімшілік жауаптылыққа тартылатын адам Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен адам саудасына байланысты қылмыс туралы қылмыстық іс бойынша жәбірленуші деп танылса, адам саудасының құрбаны болған адам гендерлік белгісіне қарамастан, әкімшілік жауапкершіліктен босатылуға құқылы.

Адам саудасының, оның ішінде кәмелетке толмағандар саудасының фактілерін анықтау мақсатында "STOP трафик" жедел-ізвестіру және профилактикалық іс-шаралары тұрақты негізде жүргізіледі, оның барысында шаруа қожалықтары, құрылыс объектілері, қыстаулар және т.б. тексеріледі.

2023 жылғы 6 айдың қорытындысы бойынша ішкі істер органдары адам саудасына байланысты қылмыстар бойынша 110 қылмыстық іс қозғады (ҚК 2-тармағының 126-бабы 3-бөлігі бойынша (пайдалану мақсатында заңсыз бас бостандығынан айыру) – 5; ҚК 128-бабы бойынша (адам саудасы) – 8; ҚК 134-бабы бойынша (кәмелетке толмаған адамды жезөкшелікпен айналысуға тарту) – 7; ҚК 135-бабы бойынша (кәмелетке толмағандар саудасы) – 16 (бала асырап алу мақсатында); ҚК 308-бабы бойынша (жезөкшелікпен айналысуға тарту) – 7; ҚК 309-бабы бойынша (жезөкшелікпен айналысуға арналған притондар ұйымдастыру немесе оларды ұстау және жеңгетайлық) – 67. Адам саудасының 54 құрбаны анықталды, олардың бәрі Қазақстанның азаматтары, оның ішінде ерлер – 4, әйелдер – 34, балалар – 16, қылмыс түрлері: сексуалды қанау – 34, мәжбүрлеп жұмыс істеу – 4, жаңа туған сәбилер және жас балалар – 16. Сексуалды қанау мақсатында адам саудасының құрбаны болған 34 әйел анықталды, бұл адам саудасы құрбандарының жалпы санының 63 %-ын құрайды және олардың барлығы 16 жастан 50 жасқа дейінгі Қазақстан азаматтары. Көрсетілген қылмыс түрлері үшін 12 адам сотталды, қалған қылмыстық істер бойынша қажетті іс жүргізу әрекеттері жүргізілуде.

Адам саудасы құрбандарының анықталған саны 100000 адамға шаққанда 2020 жылы 1,7 %-ды; 2021 жылы 1 %-ды; 2022 жылы 0,9 %-ды құрады.

Жезөкшелікпен немесе жеңгетайлықпен айналысу үшін әдейі үй-жайлар бергені үшін 2020 жылы 163, 2021 жылы 162, 2022 жылы 230, 2023 жылдың 6 айында 172 әкімшілік жауапкершілікке тартылды (ӘҚБтК 450-бабы).

2023 жылғы 11 мамырда Астана қаласында Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Халықаралық көші-қон ұйымымен бірлесіп Қазақстан Республикасында адам саудасына қарсы іс-қимыл жөніндегі форум ұйымдастырып, өткізді, онда "Адам саудасына қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы таныстырылды, сондай-ақ осы саладағы халықаралық стандарттар мен шет елдердің оң тәжірибесі талқыланды.

Заңнамалық өзгерістерді талқылауға 50-ден астам сарапшы, оның ішінде Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның хатшысы, Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің депутаттары, мемлекеттік органдардың, "Атамекен" ұлттық кәсіпкерлер палатасының қызметкерлері, республикалық алқа адвокаттары, халықаралық (ХҚҰ, БҰҰ ЕҚҰ, ЕҚЫҰ) және үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері, сондай-ақ ғылыми-зерттеу институттарының, ұлттық және ведомстволық жоғары оқу орындарының ғалымдары қатысты.

Жұртшылыққа Заң жобасын әзірлеу барысы туралы хабардар ету үшін процесс бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде кеңінен талқыланды, онда 4 мыңнан астам материал жарияланды.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы екі күндік "Адам саудасына байланысты қылмыстар бойынша сотта мемлекеттік айыптауды қадағалауды және қолдауды жүзеге асыру әдістемесі" тренингін әзірледі.

Іс-шара адам саудасына қарсы іс-қимылдың қазіргі жай-күйі, адам саудасы құрбандарын анықтау және сәйкестендіру саласындағы олқылықтарды шешу, сондай-ақ кінәлі адамдарды қылмыстық қудалау мәселелерін жария етуді көздейді. 2021 жылы Ақмола, Ақтөбе және Алматы облыстарының прокурорлары үшін осындай тренингтер өткізілді.

2022 жылы Адам саудасы жөніндегі істерді қадағалауды жүзеге асыру мәселелері "Адам саудасының құрбандарын сәйкестендіру құралдары және адам саудасына байланысты қылмыстық істерді тергеу ерекшеліктері", "Көші-қон бағыттары бойынша адам саудасына қарсы күрес" тақырыбындағы өңірлік тренингтерде қаралды.

Тренингтер ЕҚЫҰ-ның Астанадағы бағдарламалар кеңсесінің, АҚШ-тың Қазақстандағы Елшілігінің, USAID және басқа да халықаралық ұйымдардың қолдауымен өткізіледі.

Мамандандырылған тренингтерден басқа, прокуратура, сот және құқық қорғау органдары қызметкерлерінің адам саудасына қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша біліктілігі олардың құқық қорғау органдары академиясы ұйымдастыратын дөңгелек үстелдерге, конференцияларға, форумдарға қатысуы арқылы арттырылады.

2022 жылы Академия әріптестермен бірлесіп, прокуратура органдары өкілдерінің қатысуымен "Азаматтық қоғам ұйымдары мен мемлекеттік мекемелердің адам саудасына қарсы күрестегі өзара іс-қимыл мәселелері" тақырыбында топтасқан 8 дөңгелек үстел өткізді.

Осылайша, СИДО комитетінің 28 а), b), d), e), f) ескертулері орындалады.

Сондай-ақ СИДО комитетінің 28 с) ұсынымын іске асыру үшін 2016 жылдан бастап Адам саудасының құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарты іске



асырылуда, оған сәйкес жас шектеулері жоқ, әйелдер мен қыздар дағдарыс орталықтары арқылы арнайы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ала алады.

Сонымен қатар стандартта көрсетілетін қызметті алушылардың АӘҚ ұйымдарында болуына бірқатар медициналық қарсы көрсетілімдер қарастырылған.

Баспанаға қабылдау жәбірленушінің өтініші бойынша ұйымның өзіне немесе жәбірленушіні жұмыспен қамту бөлімдері, ішкі істер органдары және т.б. арқылы қайта жіберу арқылы жүзеге асырылады.

Адам саудасының құрбанын сәйкестендіру әлеуметтік бейімсізденуге және әлеуметтік депривацияға әкелген қатыгез қарым-қатынастың болуын бағалау өлшемшарттарына сәйкес жүргізіледі.

Стандарт күшіне енгеннен бастап (2016 – 2021 ж.) жалпы сомасы 460 млн теңгеге қайта әлеуметтендіруден 800-ден аса адам өтті.

2022 жылы адам саудасының құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге жалпы сомасы 101 млн теңге бөлініп, 168 адамға қызмет көрсетілді.

Стандартты іске асыру адам саудасының құрбандарына уақтылы және шұғыл көмек көрсетуге, олардың қайта әлеуметтенуіне және қоғамға оралуына мүмкіндік берді.

"Босқындар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстанда пана іздеген адамдардың және жынысына қарамастан пана іздеген босқындардың және Қазақстан Республикасының аумағындағы босқындардың құқықтық жағдайы айқындалады.

Осы Заңмен пана іздеген адамға босқын мәртебесін беруден бас тарту және қабылдау негіздері айқындалған. Егер босқын мәртебесіне сондай-ақ одан бас тарту кезінде өтініш білдірушілер жынысына қарамастан, жергілікті атқарушы органдардың қабылдау талаптарына сәйкес келсе, арнайы комиссияның шешімі негізінде босқын мәртебесі беріледі.

Баспана іздеушілерді және босқындарды (ерлер мен әйелдерді) нәсіліне, дініне, ұлтына, азаматтығына, белгілі бір әлеуметтік топқа немесе саяси сеніміне байланысты өміріне немесе бостандығына қауіп төнген елдің шекарасына қайтаруға немесе шығарып жіберуге тыйым салынады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 15 желтоқсандағы № 802 қаулысының 6-тармағына сәйкес адам саудасына байланысты нақты қылмыстық істі жүргізу кезеңінде сот үкімі заңды күшіне енгенге дейін адам саудасының құрбандары болып табылатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар еңбек қызметін жүзеге асыру үшін шетелдік жұмыс күшін тартуға жергілікті атқарушы органдардың рұқсаты талап етілмейтін адамдардың тізбесіне кіреді.

Сонымен қатар 2019 жылдан бастап Қазақстанда радикалды идеологияның құрбаны болған әйелдер мен балаларды қорғауға бағытталған "Жусан" операциясы басталды. Радикалды діни көзқарасты ұстанатын әйелдермен бірлескен жұмыс жүргізу үшін "Ақниет" ақпараттық-насихаттау және оңалту орталығы" қоғамдық қорының ресурстары

жұмылдырылды. Түрлі қолдау және көмек шаралары ұйымдастырылды, оларды бейбіт өмір сүру жағдайларына тезірек тарту үшін оқыту іс-шаралары өткізіледі.

Қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешу аясында әйелдерді оқыту курстары ұйымдастырылып, жұмысқа орналасуға көмек берілуде, кәсіп ашуға гранттар және басқа да әлеуметтік қолдау көрсетілуде.

Бүгінгі күні репатрианттардың 46 %-ы жұмысқа орналастырылған, 24 %-ы жоғары білімді, 24 % репатрианттың арнайы орта білімі бар. Әйелдердің басым көпшілігі дәстүрлі үй шаруашылығымен айналысып, бала тәрбиелеуде.

Мемлекеттік органдар мен діни қызметкерлердің бірлескен күш-жігерінің арқасында бүгінгі күні оралмандардың 97 %-ы (188-ден 182) радикалды көзқарастан бас тартты.

СИДО комитетінің 28 g) ұсынымы шеңберінде өңірлік жұмыспен қамту карталары шеңберінде әйелдерді нәтижелі жұмыспен қамтуға тарту бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде.

Елімізде халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларын көрсету үшін "2021 – 2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба" іске асырылуда (бұдан әрі – Ұлттық жоба), оған кәсіпкерлік бастамаға жәрдемдесу жөніндегі шаралар (халықтың әлеуметтік осал топтарына 400 АЕК-ке дейін гранттар беру, бизнесті дамыту үшін жас кәсіпкерлерге 5 млн теңгеге дейін кредиттер беру, "Бастау Бизнес" кәсіпкерлік негіздеріне онлайн оқыту), жұмыс орындарын субсидиялау (жастар практикасы, бірінші жұмыс орны, ұрпақтар келісімшарты және т. б.) және қысқа мерзімді кәсіптік оқыту (жұмыс берушіде жұмыс орнында оқыту, оқу ұйымдарында жұмыс берушілердің сұранысы бойынша оқыту) кіреді.

Ұлттық жобаға жұмыспен қамтылған адамдардың жекелеген санаттары, жұмыссыздар және кәсіптік біліктілігі жоқ адамдар, оның ішінде әйелдер де қатыса алады.

2023 жылдан бастап бизнесті дамытуға арналған 400 АЕК-ке дейінгі гранттар халықтың әлеуметтік осал топтарына беріледі, оларға: атаулы әлеуметтік көмек, көп балалы болуына байланысты жәрдемақы алушылар және (немесе) оның жұбайы (зайыбы), асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша әлеуметтік жәрдемақы алушылар, қоныс аударушылар, қандастар, еңбекке қарсы көрсетілімдері жоқ мүгедектігі бар адамдар, мүгедектігі бар баланы (мүгедектігі бар балаларды) тәрбиелеп отырған адамдар және (немесе) оның жұбайы (зайыбы) кіреді.

Бұдан басқа, 2023 жылдан бастап жастардың кәсіпкерлік бастамасына жылдық 2,5 %-бен шағын кредит беру түрінде жәрдемдесу жөніндегі шара көзделген.

## **7-бап. Саяси және қоғамдық өмір**

Қатысушы мемлекеттер еліміздің саяси және қоғамдық өміріндегі әйелдерге қатысты кемсітушілікті жоюға тиісті шаралар қолдануда және көбінесе, әйелдерге ерлермен тең жағдайда мыналарға құқық берілуде:

а) барлық сайлауда және ашық референдумдарда сайлауға қатысуы және халық сайланатын барлық органдарға сайлану

Республикадағы сайлау Республика азаматының сайлау және сайлану құқығын еркін жүзеге асыруына негізделген. Қазақстан Республикасы азаматтарының сайлауға қатысуы ерікті болып табылады. Ешкімнің азаматты сайлауға қатысуға немесе қатыспауға мәжбүрлеуге, сондай-ақ оның ерік білдіруін шектеуге құқығы жоқ.

Жоғарыда айтылғандай, Қазақстан Республикасының заңнамасына сайланбалы органдарда әйелдер өкілдігінің квоталарын белгілеу бойынша өзгерістер енгізілді.

Орталық сайлау комиссиясының деректері бойынша 2023 жылы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттарын сайлауға әйелдер ерлермен тең дәрежеде белсенді түрде қатысты.

2023 жылғы қаңтарда Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына 132 кандидаттан 33 әйел тіркелген; 2023 жылғы наурызда Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының сайлауына 895 кандидаттың 209-ы; мәслихат депутаттарына 13293-тен 3599-ы тіркелген.

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына сайлау кезінде өз кандидатураларын 56 кандидат ішінен 18 әйел (32,14 %); Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттығына 533 кандидат ішінен 134 (25,14 %); Қазақстан Республикасы мәслихаттарының депутаттығына 7731 кандидат ішінен 2304 (29,8 %) әйел ұсынды.

Қазақстан Республикасы Парламентінің сайланған 98 депутатының 18-і (18,37 %), мәслихат депутаттарының сайланған 3415 депутаттың 786-сы (21,02 %) әйел.

Қазақстан Республикасының Мәжілісі мен мәслихаттары депутаттарының сайлауында 12032550 сайлаушыдан 6160572-сі (51,2 %) әйел.

Әйелдердің саяси партиялардың қызметіне қатысуы шамамен 30 %-ды құрайды. "Аманат", ҚХП және "Ақ жол" партияларының сайлауалды тізімдеріндегі кандидаттардың 27-28 %-ы әйелдер. Әйелдердің көпшілігі – 32 % Respublica партиясының тізімінде болды.

Сайлау қорытындысы бойынша "Аманат" партиясында партиялық тізіміндегі депутат әйелдер – 20 % (40 депутаттың 8-і әйел-депутат), бір мандатты округтер бойынша – 9 %. "Ауыл" партиясында – 12,5 % (8 депутаттың 1-і әйел-депутат). ҰКП-да – 40 %-ы әйел (5 депутаттың 2-і әйел-депутат). "Ақ жол" партиясында 12,5 % әйел (8 депутаттың 1-і әйел-депутат). ЖСДП-да – 25 % (4 депутаттың 1 әйел-депутат). Гендерлік тұрғыдан ең теңдестірілгені Respublica партиясы болды – 50 %. Онда 6 депутаттың 3-уі – әйелдер.

б) үкімет саясатын қалыптастыру мен іске асыруға қатысу және мемлекеттік қызметке орналасу, сонымен қатар мемлекеттік басқарудың барлық деңгейінде барлық мемлекеттік функцияларды жүзеге асыру.

Шешім қабылдау деңгейінде әйелдердің өкілдік етуіне қатысты ақпарат І бөлімде қамтылған. СИДО комитетінің қорытынды ескертулерінің жалпы мәліметтері (30 е-тармағы).

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы СИДО комитетінің қорытынды ескертулерінің 30 с) тармағын орындау шеңберінде көшбасшылық әлеуетті, әйел басшылардың саяси белсенділігін арттыру үшін жыл сайын шетелдік сарапшылардың қатысуымен "Әйелдер көшбасшылығы" тақырыбында мемлекеттік қызметшілерді оқытып, біліктілігін арттырады. 2022 жылы "Мансап және отбасы: тепе-теңдікті қалай сақтауға болады?", "Әйелдер көшбасшылығы: мансап пен отбасылық тепе-теңдік" тақырыбына семинарлар өткізілді. Семинар қорытындысы бойынша 450-ден астам тыңдаушы өздерінің көшбасшылық құзыреттерін жетілдіріп, іс жүзінде тәжірибе жинақтады.

Мемлекеттің гендерлік теңдікті қамтамасыз ету және әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту жөніндегі саясатын қалыптастыру және жүзеге асыру үшін республикалық деңгейде Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия, өңірлерде облыстың, республикалық маңызы бар қалалар және астана әкімдерінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссиялар жұмыс істейді.

5-баптың түсіндірмесінде атап өтілгендей, мемлекеттік органдар мен жұртшылықты кеңінен тарта отырып, өмірдің барлық салаларында әйелдердің тең құқықты, еркін және демократиялық қатысуы туралы халықтың хабардар болуын жақсартуға бағытталған республикалық медиа-жоспар іске асырылуда (СИДО комитетінің қорытынды ескертулерінің 30 f-тармағы).

с) елдің саяси және қоғамдық өміріндегі проблемалармен айналысатын мемлекеттік емес ұйымдар мен қауымдастықтардың ісіне қатысу.

Бүгінгі күні республикада кәсіптік одақтар мен үкіметтік емес ұйымдар басшыларының 32,3 %-ы әйелдер, оның ішінде: қалалық жерлерде – 33,0 %, ауылдық жерлерде – 28,1%. Әйелдер үкіметтік емес ұйымдары көптеген мәселелерді шешеді: толеранттылықты қолдайды, ұлтаралық этносаралық қақтығыстарды шешуге қатысады, Оңалту орталықтарын ашады және жалғызбасты аналарға қолдау көрсетеді.

Әйелдер үкіметтік емес ұйымдары өте белсенді және түрлі республикалық және өңірлік деңгейдегі консультативтік-кеңесші органдарда кеңінен ұсынылған. Айталық, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның (бұдан әрі – Ұлттық комиссия) құрамында Тұрсынбекова Салтанат Пархатовна, Байсакова Зульфия Мұхаммедбековна және Омарова Айман Мұратқызы секілді танымал құқық қорғаушылар белсенді қызмет етуде. Ұлттық комиссия мүшелерінің негізгі бөлігі – бұл "Talbesik" көпбалалы аналар одағы" қоғамдық бірлестігі, "Қазақ қызы" қоғамдық

бірлестігі, "Дағдарыс орталықтары одағы" заңды тұлғалар бірлестігі, "Ұлағатты жанұя" қоғамдық қоры, "Қазақстан Республикасының республикалық әйелдер кеңесі" қоғамдық бірлестігі, "Қазақ аналары – дәстүрге жол" республикалық қоғамдық бірлестігі, "Іскер әйелдер қауымдастығы" қоғамдық бірлестігі, "Ұлттық волонтерлік желі" заңды тұлғалар бірлестігі, "Academy of labour relations", "Рухани Қазына" қоғамдық қоры және "Techno Woman" халықаралық коммерциялық емес ұйымы секілді әйелдер ұйымдарының атынан тәуелсіз қоғамдық сарапшылар.

Әйелдер Ұлттық құрылтай құрамында да бар, оның негізгі мақсаты қоғамдық топтасуды одан әрі дамыту бойынша идеялар мен қадамдарды тұжырымдау болып табылады. Оның саяси құрамына партиялардың, Қазақстан халқы Ассамблеясының, Парламент депутаттарының, бизнестің, медицина, білім, ғылым, мәдениет, спорттың ірі салалық бірлестіктерінің, жастар ұйымдарының 117 өкілі, сондай-ақ өңірлік қоғамдық кеңестердің мүшелері кіреді. Ұлттық құрылтай құрамындағы әйелдердің өкілдігі – 22,2 % (117-ның 26-сы).

256 қоғамдық кеңестің құрамындағы әйелдер саны 1070 адамды құрайды, бұл кеңес мүшелерінің жалпы санының 27 %-ы, бұл ретте өңірлерде 934 адам, яғни 23 %, орталық деңгейде – 136 адам, ол 3,4 %-ды құрайды.

Денсаулық сақтау, Оқу-ағарту, Сыртқы істер, Мәдениет және ақпарат, Әділет, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрліктері сияқты орталық мемлекеттік органдар жанындағы бірқатар қоғамдық кеңестерде әйелдер саны кеңес мүшелерінің жалпы санының 30-52 %-ы аралығында.

Қоғамдық кеңестер бөлінісінде жергілікті деңгейдегі әйелдер саны Қостанай облысында 46 %-ды (118), Ақмола облысында 35 %-ды (97) құрайды.

Бұдан басқа, "Атамекен" Қазақстан Республикасы Ұлттық Кәсіпкерлер палатасының жанынан Іскер әйелдер кеңесі (бұдан әрі – кеңес) құрылды. Өңірлік кәсіпкерлер палаталары алаңдарында іскер әйелдердің өңірлік кеңестері, сондай-ақ аудандық деңгейде ұқсас кеңестер құрылды.

Кеңес құрудың негізгі идеясы іскерлік ортада өңірлердің әйелдерін белсенділігін күшейту болып табылады.

### **8-бап. Халықаралық өкілдік және қатысу**

Қатысушы мемлекеттер әйелдерге ерлермен тең жағдайда не ешқандай кемсітусіз халықаралық деңгейде өз үкіметінің өкілі болуға және халықаралық ұйымдардың жұмыстарына қатысуға құқық беру мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін барлық шараларды қабылдайды.

СИДО комитеті ескертулерінің 32 а) тармағын іске асыру мақсатында 2021 жылы Қазақстанда БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің 1325 (2000), 1820, 1888, 1889, 1960, 2106, 2122, 2242, 2467-қарарларды іске асыру жоспары (Жоспар) қабылданды.

"БҰҰ-әйелдер" сарапшылық қолдауымен БҰҰ-ның тиісті қарарларының ережелерін тиімді имплементациялау үшін қажетті институционалдық база құрылды. Атап

айтқанда, Бітімгершілік даярлау орталығы базасында БҰҰ сертификатталған курстары шеңберінде әскери кеңесші-әйелдерді даярлау бойынша жұмыстар белсенді жүргізілуде.

2022 жылы ИМ, БП, ҚМ, ТЖМ ведомстволық оқу орындарын, сондай-ақ Қорғанысмині, СІМ, ИМ, БП-мен өзара іс-қимыл жасайтын журналистер пулын және аталған органдардың баспасөз қызметтерін тарта отырып, әскери қызметші әйелдер мен басқа да құқық қорғау органдарының, сондай-ақ бітімгершілік бөлімшелерінің әйелдері үшін көшбасшылық бойынша әйелдер мен ерлер қақтығыстарының алдын алуға және реттеуге, бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, әйелдерге қарсы зорлық-зомбылықтың алдын алуға тең және жан-жақты қатысуы жөнінде БҰҰ ҚК 1325 -қарары бойынша тренингтер сериясы (200-ден астам адам) өткізілді.

Сондай-ақ Қарулы Күштер, Төтенше жағдайлар министрлігі, Ұлттық ұлан, сондай-ақ Орталық Азия өңірінің (Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан) әлеуетті ведомстволары өкілдерінің қатысуымен; Қарулы Күштер әскери қызметшілерінің және "БҰҰ-әйелдер" құрылымы өкілдерінің қатысуымен (Астана және Нью-Йорк қалаларында) "БҰҰ бітімгершілік операцияларындағы гендерлік аспектілер" (GAPKOC – Gender Aspects in UN Peacekeeping Operations Course); Орталық Азия елдерінің өкілдері үшін гендерлік мәселелер және адам қауіпсіздігі жөніндегі әскери кеңесшілерге гендерлік мәселелер бойынша әскери кеңесші курстары өткізілді.

Бекітілген БҰҰ тұжырымдамасына сәйкес 2028 жылға дейін бітімгершілік операцияларындағы әскери қызметші әйелдердің санын: бөлімше құрамында 15 %-ға дейін, БҰҰ-ның әскери бақылаушылары ретінде 25 %-ға дейін ұлғайту жоспарлануда.

2014 жылдан бері қазақстандық бітімгерлер БҰҰ-ның бейбітшілікті қолдау жөніндегі миссияларына қатысады. 2018 жылы қазақстандық әскери контингент үндістандық "Индбат" батальонының құрамында "БҰҰ-ның Ливандағы уақытша күштері (UNIFIL)" миссиясына қатысу үшін орналастырылды (2023 жылдың басында – 4 адам). Сонымен қатар бұл миссияда 4 штаб офицері мен 1 әскери бақылаушы қызмет етуде. "БҰҰ-ның Батыс Сахарада референдум өткізу жөніндегі миссиясына (MINURSO )" қазақстандық 6 әскери бақылаушы, оның ішінде бір әйел сарбаз қатысуда. 2022 жылғы маусымда Қазақстан Республикасының Парламенті Мемлекет басшысының БҰҰ-ның Малидегі, Конго Демократиялық Республикасындағы және Орталық Африка Республикасындағы бітімгершілік операцияларына Қазақстан Республикасынан 430 адамға дейін бітімгершілік контингенті жіберу туралы ұсынысын қолдады. 2022 жылдың шілдесі мен қарашасында ОАР мен Малиге 4 штаб офицері жіберілді.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің бітімгершілік даярлық орталығы ("Қазцент") БҰҰ-ға мүше елдердің әскери қызметшілерін бітімгершілік операцияларға жібермес бұрын даярлау мақсатында БҰҰ-да өзінің бітімгершілік курстарын ("БҰҰ штаб офицерлері", "Азаматтық халықты қорғау", "Жарылыс қаупі бар заттарды залалсыздандыру") сәтті сертификаттады. Қазақстан

Республикасының тәжірибелі бітімгерлер санының артуына байланысты КАЗЦЕНТ-тің бітімгерлерді даярлаудың өңірлік орталығына айналу үшін жақсы перспективалары бар. Бұл курстар Қазақстанның өңір елдерінің де, басқа мемлекеттердің де бітімгершілік әлеуетін арттыруға қосқан нақты үлесі болып табылады. UNIFIL-де Үндістанмен жалғасып келе жатқан нәтижелі ынтымақтастық нәтижесі ретінде 2020 жылдың қараша айында "Қазцент" "Қазақстан мен Үндістанның бітімгершілік миссияларына бірлесіп қатысу бөлмесінің" ашылу салтанаты өтті.

10-шы азаматтық форум барысында әзірленген ұсынымдарға сәйкес "Әйелдер, бейбітшілік және қауіпсіздік" күн тәртібінде тәжірибе алмасу жұмысы жалғасты. Орталық Азия елдерінде Қазақстан Үкіметінің қолдауымен гендерлік зорлық-зомбылықтың себептерін анықтау және жою бойынша тәжірибе алмасу және ұсыныстар мен идеялар әзірлеу мақсатында ОА елдері үшін "SpotLight" өңірлік альянсы іске қосылды.

Сонымен қатар Қазақстанның 2023 жылы Орталық Азия әйелдері диалогына төрағалық етуі аясында ағымдағы жылдың маусым айында "Инновациялар мен технологияларды дамытудағы әйелдердің рөлі" тақырыбында форум өтті, оның барысында делегациялары инновациялар мен технологиялар саласындағы әйелдер көшбасшылығын нығайту бойынша озық және үздік тәжірибе алмасты.

Форумның жалғасы ретінде "Technowomen Central Asia" коммерциялық емес қорының қолдауымен Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Қазақстанның IT-жобалары мен стартап әзірлеуші әйелдер "Цифрлық экономикадағы жаңа мүмкіндіктер" тақырыбындағы дөңгелек үстел барысында озық технологияларды пайдалана отырып, әйелдердің үздік жобаларын таныстырды.

Диалог алаңының жұмыс қорытындысы бойынша тәжірибемен, біліммен, шешімдермен және жобалармен алмасу, сондай-ақ кәсіпкер әйелдердің жобаларын масштабтауға өзара қолдау және көмек көрсету үшін "TechnoWomen Central Asia" бірыңғай әйелдер қауымдастығын құру туралы шешім қабылданды.

Сондай-ақ әйелдер ешбір кемсітушіліксіз өз өкілеттігін халықаралық деңгейде ұсынуға және халықаралық ұйымдардың жұмысына қатысуға құқылы және оны іске асырады. Қазіргі уақытта 3 әйел (68-ден) Қазақстан Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшілері қызметтерін атқаруда (Франция, Финляндия, Марокко); 1 әйел (6-дан) Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдар жанындағы Тұрақты өкілі (Женева қаласында ДСҰ жанындағы Қазақстан Республикасының тұрақты өкілі). Бұған қоса, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі орталық аппаратында 466 қызметкердің 169-ы әйел (36,3%), оның 28-і (16,6%) – басшылық қызметте.

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде 7000-ға жуық (13,7%) әскери қызметші әйел әскери қызметін өткеруде. Басшылық қызметте – 8 әйел.

Әскери борышын үлгілі орындағаны үшін 73 әйел офицерге мерзімінен бұрын әскери атақ берілді, оның ішінде 2023 жылы – 7.

Сонымен қатар соңғы үш жылда ПО мен Ұлттық гвардияда қызмет ететін әйелдер санының белгілі бір өсуі байқалды. Мәселен, 2020 жылы ішкі істер органдарында 11956 әйел, 2021 жылы 12437 (оның ішінде – 569 басшы), 2022 жылы 13251 әйел (оның ішінде – 607 басшы) қызмет атқарған.

СИДО комитетінің қорытынды ескертулерінің 32 б) тармағын орындау мақсатында "KazAID" Қазақстандық халықаралық даму агенттігі" КеАҚ (бұдан әрі – Агенттік) "KazAID" қазақстандық халықаралық даму агенттігі" коммерциялық емес акционерлік қоғамын құру мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № 861 қаулысына сәйкес дамуға ресми көмек саласындағы (бұдан әрі – ДРК) оператор ретінде айқындалды.

Алдын ала бағалаулар бойынша 2023 жылы ДРК техникалық көмек жобаларының көлемі Агенттіктің жобалау қызметіне арналған жалпы бюджетінің (35505 мың теңге) 8,5 %-ын (3018 мың теңге) құрады.

### **9-бап. Азаматтық**

Қатысушы мемлекеттер әйелдерге азаматтық алуға, өзгертуге немесе оны сақтап қалуға ерлермен тең құқық береді.

Атап айтқанда, олар шетел азаматымен некелесу де, некеде тұрған уақытта күйеуінің азаматтығының ауысуы да автоматты түрде әйелінің азаматтығының ауысуына, азаматтығы жоқ адамға айналуына алып келмеуін қадағалайды және күйеуінің азаматтығын қабылдауға мәжбүрлей алмайды.

"Неке (ерлі – зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Неке туралы кодекс) 30-бабына сәйкес ерлі-зайыптылардың құқықтары тең және тең міндеттер атқарады.

"Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы азаматының немесе азаматшасының республика азаматы болып табылмайтын адаммен некеге тұруы, сондай-ақ мұндай некені бұзуы азаматтықтың өзгеруіне әкеп соқтырмайды.

Қазақстан 1999 жылы қосылған Тұрмыстағы әйелдердің азаматтығы туралы конвенцияның негізінде Қазақстан азаматтарымен некеде тұрған әйелдерге азаматтық алу және тұрақты тұратын жерлерін айқындау кезінде жеңілдікті жағдайлар жасалған. Басқа жағдайларда әйелдер мен ерлердің құқықтары тең дәрежеде қарастырылады. Азаматтарының қандай да шетелдікпен некеге тұру да, оны бұзу да, некеде болған кезде күйеуінің азаматтығының өзгеруі де әйелдің азаматтығына автоматты түрде әсерін тигізбейді.

Осылайша, Қазақстанда әйелдер отбасылық жағдайына қарамастан (тұрмысқа шыққан немесе тұрмысқа шықпаған) азаматтық алуға, оны өзгертуге немесе сақтап қалуға ерлермен қатар тең құқылы.

СИДО комитетінің қорытынды ескертулерінің 34 б) тармағы бойынша "Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңында



Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдаудан және Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіруден бас тарту негіздері белгіленген (17-бап), онда экономикалық дербестік немесе мүлікті иелену бойынша талаптар жоқ екенін хабарлаймыз.

Ағымдағы жылдың 6 айында азаматтығы жоқ 794 адам азаматтық алды.

СИДО комитеті ескертулерінің 34 с) тармағы "Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен реттелген. "Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" Заңның 20-1-бабына сәйкес террористік қылмыстарды, сондай-ақ салдарынан Қазақстан Республикасының өмірлік маңызы бар мүдделеріне өзге де ауыр зиян келтірген, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі Ерекше бөлімінің тиісті баптарында көзделген қылмыстарды жасағаны үшін соттың шешімімен ғана Қазақстан Республикасының азаматтығынан айыруға жол беріледі.

2. Қатысушы мемлекеттер әйелдерге олардың балаларының азаматтығына байланысты ерлермен бірдей құқық береді.

Бала туған кезде ата-анасының екеуі де шет мемлекеттің азаматы болса, ол туған жеріне қарамастан Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайды. Ата-анасының азаматтығы әртүрлі болып, бала туған кезде олардың біреуі Қазақстан Республикасының азаматы болған жағдайда бала:

1) Қазақстан Республикасының аумағында туса; 2) Қазақстан Республикасынан тыс жерде туса, бірақ, ата-анасының немесе олардың біреуінің бұл кезде Қазақстан Республикасы аумағында тұрақты тұрғылықты жері болса, ол Қазақстан Республикасының азаматы болып табылады.

СИДО комитетінің 34 а) тармағы Неке туралы кодекспен реттелген. Айталық, Кодекстің 46-бабына сәйкес бала туғаннан кейін бірден тіркеледі және туған кезінен бастап атын және азаматтығын алуға құқығы бар, сондай-ақ мүмкіндігінше, өз ата-аналарын білуге және олардың қамқорлығында болуға құқылы.

Неке туралы кодекстің 188-бабына сәйкес баланың тууын мемлекеттік тіркеу ата-анасының не олардың біреуінің қалауы бойынша Қазақстан Республикасының аумағындағы кез келген тіркеуші органда жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде туылған баланың тууын мемлекеттік тіркеу Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелерінде не ата-анасының немесе олардың біреуінің қалауы бойынша тиісті құжаттарды ұсынған кезде Қазақстан Республикасының аумағындағы кез келген тіркеуші органда шетелдік тіркеуші органдарда тіркелмегені- тіркелмегеніне қарамастан, осы Кодексте белгіленген мерзімдерде жүргізіледі.

Неке туралы кодекстің 199-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты немесе уақытша тұратын шетелдіктердің балаларының тууын мемлекеттік тіркеу Қазақстанның аумағында орналасқан тиісті шет мемлекеттердің дипломатиялық

өкілдіктерінде немесе консулдық мекемелерінде не, егер Қазақстан Республикасында мұндай жоқ болса, қызметін қоса атқаратын шетелдегі мекемелерде жүргізіледі.

Жоғарыда баяндалғандардың негізінде қолданыстағы заңнамада азаматтығына және ата-аналарында құжаттардың бар-жоғына қарамастан, барлық балалардың тууын қамту және уақтылы тіркеу нормалары көзделген.

## **10-бап. Білім беру**

Қатысушы мемлекеттер білім беру саласында әйелдерге ерлермен тең құқық беру үшін әйелдерге қарсы кемсітушілікті жоюдың барлық шараларын қабылдайды, көбінесе ерлер мен әйелдердің тең құқығын мына негізде қамтамасыз етеді:

*а) кәсіпті немесе мамандықты таңдауға бағыт-бағдар үшін ауылдық сондай-ақ, қалалық аудандардағы жерлердегі барлық санаттағы білім беру ұйымдарында білім және диплом алуына қолжетімділік үшін тең жағдайлар; бұл теңдік мектепке дейінгі орта, арнайы және техникалық білім беруде, сондай-ақ барлық кәсіби дайындық түрінде қамтамасыз етіледі.*

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптері баршаның сапалы білім алуға құқықтарының теңдігі, әрбір адамның зияткерлік дамуы, психикалық-физиологиялық және жеке ерекшеліктері ескеріле отырып, халықтың барлық деңгейдегі білімге қолжетімділігі, адамның құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу болып табылады (3 баптың 1-тармағы).

Қыздар мен ұлдарға арналған барлық жалпы білім беретін мектептерде мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес сапалы білім алуға тең мүмкіндіктер берілген (47-баптың 3-тармағы).

Сондай-ақ заңнамада жайсыз күйдегі адамдар, оның ішінде босқындар, мигранттар, шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар үшін білім алу құқығы бекітілген. Босқын балалар мен амалсыз қоныс аударушылар өз мүдделерін қорғауға құқылы ("Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 47-бабы). Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын, сондай-ақ Қазақстан Республикасына отбасына қосылу мақсатында келген шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен Қазақстан Республикасының азаматтарымен бірдей мектепалды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім алуға құқығы бар ("Білім туралы" Қазақстан Республикасын Заңының 8-бабы).

Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ адамдарға мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде тегін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және егер осы деңгейлердің әрқайсысының білімін әскери, арнаулы оқу орындарын қоспағанда, олар бірінші рет алса, жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға құқық беріледі.

Осылайша, заңнамалық деңгейде ерлер мен әйелдердің білім алуға тең қолжетімділігі қамтамасыз етілді, ол практикада толық көлемде іске асырылады.

Республикада 7723 жалпы білім беретін мектеп жұмыс істейді, оның 6925-і немесе 89,6 %-ы мемлекеттік мектептер. Онда 3712960 оқушы оқиды, оның ішінде қыздар – 1819534 (қала – 1063824, ауыл – 755710), бұл 49 %-ды құрайды. Ауылдық жерлердегі жалпы білім беретін мектептердің саны – 5274, оның ішінде 1544064 оқушы оқиды. Қазақ тілінде оқытатын жалпы білім беретін мектептер саны – 3758, онда 1559256 оқушы, орыс тілінде оқытатын мектептер саны – 1056, онда 352127 оқушы, ұйғыр тілінде оқытатын мектептер саны – 5, онда 3667 оқушы оқиды.

Аз қамтылған отбасылардан шыққан мектеп жасындағы балалар – 293973, оның ішінде ауылда – 156619 оқушы, аз қамтылған отбасылардан шыққан қыздар – 146229, оның ішінде ауылда – 77716 оқушы.

Мектепке дейінгі ұйымдардағы балалар саны 2022 – 2023 оқу жылында – 965204 құрады, оның ішінде қыздар – 467204 (48,4 %). Қалалық жерлерде – 567537 (қыздар – 247919), ауылдық жерлерде – 397667 (қыздар – 192285) тұрады. Мүгедектігі бар балалар саны – 7518, оның ішінде қыздар саны – 3253.

Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары оқушыларының барлығы – 502911, оның ішінде қыздар – 239149 (қала – 223070, ауыл – 16079), бұл 47,5 %-ды құрайды.

Жоғары білімді 119 жоғары оқу орнынан алуға болады. 2022 – 2023 оқу жылында бакалаврлардың жалпы саны 578237 адамды құрады, оның ішінде әйелдер – 308555 адам (53,4 %), магистранттар – 35660 адам, оның ішінде әйелдер – 21741 адам, докторанттар – 6156 адам, оның ішінде әйелдер – 3878 адам.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мамандықтары бойынша 49938 адам оқиды, оның ішінде әйелдер – 13298 адам (26,6 %).

Бұл елде техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына, жоғары білім беру мекемелеріне түсу кезінде жыныстық белгілері бойынша кемсітушілік жоқ екендігін көрсетеді.

*б) бірдей оқу бағдарламасын алуға, бірдей емтихан тапсыруға, бірдей білікті оқытушылар тобында оқуға, тең сапалы жабдықтарды қолдану мен мектептерде оқуға мүмкіндігі.*

Қазақстанда барлық жалпы білім беретін мектептерде қыздар мен ұлдар жынысына қарамастан бірыңғай бағдарламалар мен оқулықтар бойынша оқиды.

Оқушылар, жынысына қарамастан, ақпараттық ресурстарды, спорттық жабдықтарды, сондай-ақ кітапхана мен акт залдарын тегін пайдалана алады.

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты мен оқу бағдарламалары барлығына жыныстық белгілері бойынша бөлінбей оқуға мүмкіндік береді.

Басылымның оқулықтары мен оқу-әдістемелік құралдарына сараптама жүргізу кезінде оқу материалының мазмұнындағы гендерлік тепе-теңдіктің сақталуы бағаланады, негізгі параметрлердің бірі мәтіндік және иллюстрациялық материалда

білім алушылардың жыныстарының (қыз бала – ұл бала, қыздар-жасөспірімдер) қызығушылығының көрініс табуы, оқу материалдарының мазмұнындағы гендерлік теңдіктің сақталуы болып табылады.

Деңгейлік (формальды) оқытудан басқа, Қазақстанда қосымша білімге қол жеткізу үшін жағдайлар жасалған.

Мәселен, 2023 жылы қосымша біліммен қамтылған 3 млн. баланың 50 %-дан астамын қыздар құрады. Бұл ретте қыздарды қосымша білім алуға жіберуге ешқандай кедергі жоқ.

Педагогикалық кәсіптің гендерлік теңдігіне қатысты білім беру жүйесі, әлемнің көптеген елдеріндегідей, балалармен жұмыс істеу ерекшелігіне байланысты теңестірілген. Мәселен, 2023 жылы орта білім берудің педагог кадрларының саны – 367823 адамды құрады, оның ішінде әйелдер – 297170 (80 %), техникалық және кәсіптік білім беруде – 40972 адам, оның ішінде әйелдер – 27543, бұл 67,2 %-ды құрайды.

Жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылық құрамының жалпы саны 36,4 мың адамды, дәрежелі болуы 46,1 %-ды (ғылым кандидаттары – 10,4 мың, ғылым докторлары – 2656, PhD докторлары – 3732 адам) құрайды.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын (2023 жылғы 28 наурыздағы № 249), Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын (2023 жылғы 28 наурыздағы № 248) бекіткенін атап өткен жөн, оларда қажетті ресурстарды ұсынуға және денсаулық жағдайына байланысты мүмкіндіктері шектеулі ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік-экономикалық мәртебеге, гендерге, оқыту тіліне (шетелдік студенттер) және т.б. байланысты білім алушыларды қолдауға бағытталған инклюзивті білім беруді қамтамасыз ету жоспарланған.

*с) оқытудың барлық түрлерінде және деңгейінде ерлер мен әйелдердің рөлінің кез келген стереотипті тұжырымдамасын бірге оқыту және бұл мақсатқа жетуге көмектесетін оқытудың басқа түрлері жолымен, көбінесе оқу құралдарын және мектеп бағдарламаларын қайта қарау және оқу әдістеріне бейімделу жолымен жою.*

Қазақстанда жалпы білім беретін мектептерде негізінен қыздар мен ұлдар бірге оқытылады. Сондай-ақ бөлек оқытудың бірлі-жарым мысалдары бар – ол ұлдарға да, қыздарға да арналған білім беру-инновациялық лицейлері, Б. Момышұлы атындағы мектеп, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық институты, әскери училищелер. Бірақ оқыту сапасының барлық өлшемшарттары, оның ішінде оқу пәндерін, емтихандарды және т.б. жүргізу бірдей.

Бұл ретте барлық білім беру ұйымдары оқу қызметін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен бірыңғай мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша ұйымдастырады.

СИДО комитетінің 36 б) және с) ұсынымдарын орындау үшін белгілі бір жұмыс жүргізілуде.

Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған бекітілген тұжырымдамасына сәйкес жоғары оқу орындары жоғары білім мен ғылым саласындағы гендерлік теңдік пен әйелдерді қолдау мақсатында тұрақты негізде іс-шаралар өткізеді.

Мысалы, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің педагог әйелдер буынын дайындауда 80 жылдық тарихы бар. ЖОО-да Әйелдер көшбасшылығы және кәсіпкерлік орталығы, Ментальды денсаулық орталығы жұмыс істейді. Университетте қыздардың өз қабілеттерін іске асыруы үшін 11 студент клубы бар. 2020 – 2022 жылдары университет студенттері 180-нен астам шығармашылық, спорттық және зияткерлік іс-шараға қатысып, онда 327 жүлделі орынға ие болды.

Сондай-ақ жоғары оқу орындарында жатақханаларда және факультеттерде " Әйелдер денсаулығы", "Әйелдер психологиясы" тақырыптарына семинарлар, факультеттерде "Отбасылық құндылықтар", "Балаларды тәрбиелеу", "Ғылымдағы әйелдер", "Қоғамдағы әйелдің мәртебесі, "XXI ғасырдағы әйелдер" тақырыптарына кураторлық-эдвайзерлік сағаттар өткізіледі.

Ғылым және жоғары білім министрлігі жоғары оқу орындарына ЖОО-лардың психологиялық қызметтерінің жұмысын күшейту, оларды білікті мамандармен қамтамасыз ету және семинарлар, консультациялар ұйымдастыру кезінде сертификатталған жаттықтырушыларды тарту жөнінде ұсыныстар берді. Бүгінгі таңда " Педагогика және психология", "Психология" мамандықтары бойынша кадрлар даярлау 36 ЖОО-да жүзеге асырылады, мемлекеттік тапсырыс бойынша білім алушылар контингенті 3070 адамды құрады.

Әйелдердің құқықтарын қоса алғанда, гендерлік теңдік мәселелері бойынша ақпарат және мектеп бағдарламаларына енгізуге қатысты ақпарат, көрнекті қоғамдық қызметшілердің өмірінен оң мысалдар 5-бапта қамтылған.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығымен 5-11 сынып оқушыларына арналған "Жаһандық құзыреттілік" курсының бағдарламасы бекітілді. Курс білім алушылардың функционалдық сауаттылығын, икемді құзыреттіліктерін және мінез-құлық мәдениетінің жоғары стандарттарын қалыптастыруға бағытталған.

Сондай-ақ 2020 – 2023 жылдарға арналған балалар құқықтарын қорғауды күшейту, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл және жасөспірімдер арасындағы суицид мәселелерін шешу жөніндегі жол картасы шеңберінде балаларға зиян келтіретін құқыққа қарсы мазмұндағы материалдар мен ресурстарға уақтылы ден қою, анықтау үшін Интернет желісіне тұрақты негізде мониторинг жүргізіледі (қыздарға қатысты порнографияны, гендерлік зорлық-зомбылықты тарату; есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, олардың аналогтары мен прекурсорларын насихаттау;

суицидті насихаттау; баланың денсаулығына, адамгершілік және рухани дамуына зиян келтіретін ақпаратты орналастыру және т.б.). 2019 жылдан бастап Интернет желісінде деструктивті материалдарды анықтау бойынша "Кибернадзор" ақпараттық жүйесі жұмыс істейді.

7723 жалпы білім беретін мектептерде және жетім балаларға арналған 116 білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестері жұмыс істейді. Олардың қызметі жалпы мәселелерді шешуге ғана емес, білім беру ұйымдарын дамытуға, ата-аналар қоғамымен өзара іс-қимылға, құқық бұзушылықтар мен отбасылық қолайсыздықтардың алдын алуға бағытталған.

Сонымен қатар "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғау, білім беру, ақпарат және ақпараттандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2022 жылғы 3 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңының шеңберінде баланы жәбірлеу (буллинг) ұғымы бекітілді.

2022 жылғы 21 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің бұйрығымен Жәбірлеудің (буллинг) алдын алу ережесі бекітілді. Психологтармен, әдіскерлермен, әлеуметтік педагогтармен, директорлармен және тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлармен, сондай-ақ ата-аналар қоғамымен, барлық өңірлер мектептерінің ата-аналар комитеттерінің төрағаларымен кездесулер өткізілді. Вебинарды 10 мыңнан астам адам тыңдады, онда осы ережелерді жұмыста және күнделікті өмірде қолдану бойынша әдістемелік ұсыныстар берілді.

Балаларды зорлық-зомбылықтан, суицидтің алдын алудан қорғаудың және олардың құқықтары мен әл-ауқатын қамтамасыз етудің 2023 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарының жобасына мемлекеттік органдардың балаларға зорлық-зомбылық (жәбірлеу (буллинг), кибербуллинг, жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстар, қатыгездік, балалар саудасы) жағдайларына ден қоюының бірыңғай сектораралық алгоритмін әзірлеу көзделген.

Сонымен қатар 2020 жылдан бастап BalaQorgauBot2.0 автоматтандырылған ботының BALA QORGAU телеграмм – чатының жұмысы тәулік бойы тұрақты кері байланыспен ұйымдастырылды. 2022 жылы жедел ден қою тетігін жетілдіру мақсатында "balaqorgau" цифрлық жобасы іске қосылды. Мектептерде QR-коды және "balaqorgau" веб-сайтының мекенжайы бар арнайы тақтайшалар орнатылған <https://bala.gov.kz>. "balaqorgau" сайты мектеп оқушылары әрқашан өздерінің қорғалғандығын сезінуі үшін қажетті қолдау мен көмекке жүгіне алатындай етіп жасалған.

Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарын бейнебақылау жүйелерімен жабдықтауға қойылатын стандарттар мен талаптарға (Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 23 қаңтардағы № 49 және Қазақстан Республикасы Білім беру және ғылым министрінің 2019 жылғы 23 қаңтардағы № 32 бірлескен бұйрығы) сәйкес білім беру ұйымдарында бейнебақылау жүйелері ішкі істер органдарының

жедел басқару орталықтарына қосылған. 6967 объектіде немесе жалпы санның 79 %-ын қосу қамтамасыз етілген.

*d) стипендия және басқа білім жәрдемақыларын алуда бірдей мүмкіндігі.*

Қазақстанда жыл сайын жоғары білім алуға білім беру гранттары бөлінеді. Гранттар Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) қорытындысы бойынша ең жоғары балл жинаған талапкерлерге беріледі.

2020 – 2021 жылдары жоғары оқу орындарындағы әйелдер контингенті 336729 адамды құрады, бұл білім алушылардың жалпы санының 53,9 %-ын құрады. 2021 – 2022 оқу жылында бұл көрсеткіш 54,4 %-ын, ал 2022 – 2023 жылдары 54 %-ды құрады.

2022 жылы білім беру гранттарына түскендердің жалпы саны 206244 адамды, оның ішінде әйел жынысты 116292 (56 %) құрады.

Мемлекеттік стипендия үлгерімі жақсы (емтихан сессиясының нәтижелері бойынша берешегі жоқ немесе аралық аттестаттау нәтижелері бойынша қанағаттанарлықсыз бағалары жоқ) барлық студенттерге, сондай-ақ жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, ЖОО студенттері, магистранттары, интерндері болып табылатын балаларға, техникалық және кәсіптік оқу орындарының оқушыларына жынысы бойынша кемсітусіз тағайындалады.

*e) үлкендер арасында сауаттылықты тарату бағдарламасын және ерлер мен әйелдердің арасындағы білімнің алшақтығын қысқартуға арналған функционалдық сауаттылық бағдарламасын қоса алғанда, оқуды жалғастыру бағдарламаларына тең мүмкіндіктер.*

Бүгінгі таңда "Болашақ" бағдарламасының аясында әлемнің үздік жоғары оқу орындарында барлығы 12396 адам даярланды, оның ішінде әйел жынысты – 6478 адам.

STEAM білім беруді дамытудың 2021 – 2025 жылдарға арналған жол картасы шеңберінде Қазақстан Республикасында (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің тапсырмасы бойынша "Шеврон" компаниясы мен "Caravan of Knowledge" корпоративтік қорының қолдауымен) Қызылорда және Шығыс Қазақстан облыстарынан 660-тан астам қыз іріктеліп алынды. Халықаралық code.org платформасында 860 оқушы қыз оқудан өтіп, халықаралық үлгідегі сертификаттар алды.

Әйелдердің ерлермен тең дәрежеде білім беру ұйымдарын басқаруға мүмкіндігі бар.

Мәселен, жалпы орта білім беру жүйесіндегі басшылардың жалпы саны 6700 адамды құрайды, оның 39836-сы (59,4 %) әйелдер. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі басшылар саны 704 адамды құрайды, оның 309-ы (44 %) әйелдер. 119 ЖОО-да әйел басшы (ректор) – 25 адам (21 %).

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінде 164 қызметкер жұмыс істейді, оның 116-сы әйел, бұл 70,7 %-ды құрайды. 116 әйелдің 32-сі (27,5 %) басшылық қызметте.

Осылайша, СИДО комитетінің қорытынды ескертулерінің 36 е) тармағы орындалды.

СИДО Комитеті ескертулерінің 36 d) тармағына сәйкес жастарды жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету шараларының бірі жастарға сұранысқа ие мамандықтар бойынша тегін ТжКБ беру болып табылатынын хабарлаймыз.

Биылғы жылы осы мақсаттар үшін республикалық бюджетте мемлекеттік тапсырысты 50 мың орынға ұлғайту көзделген. Нәтижесінде 130 мың жас колледждерге тегін түсуге мүмкіндік алатын болады.

Жалпы 2025 жылға қарай жастарды сұранысқа ие мамандықтар бойынша тегін ТжКБ-мен қамтуды 100 %-ға жеткізу жоспарлануда. Ол үшін республикалық бюджеттен 180 мың орынға мемлекеттік тапсырыс қарастырылған (2023 жылға – 50 мың орынға, 2024 жылға – 60 мың орынға, 2025 жылға – 70 мың орынға).

Білім гранттарының үлкен бөлігі техникалық мамандықтарға бағытталған: IT, құрылыс, инженерия, металлургия.

Жастардың еңбекпен шұғылдануын қамтамасыз етудің тағы бір шарасы – оларды жұмыспен қамту.

2022 жылы республиканың колледждерін, 137802 студент бітірді, оның ішінде мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша 87205 студент оқыса, оның 72700-і (83,4 %) оқу орнын бітіргеннен кейінгі бірінші жылы жұмысқа орналасты.

Түлектердің жұмысқа орналасу деңгейін арттыру мақсатында жұмысқа орналастыру міндеттемесі бар кәсіпорындардың өтінімдері бойынша кадрларды мақсатты оқыту енгізілуде.

"Колледж-студент-кәсіпорын" үш жақты келісімшарттың арқасында кәсіпорын өз базасында оқытушылардың практикасын, тағылымдамадан өтуін ұйымдастыру және түлектерді одан әрі жұмысқа орналастыру міндеттерін алады. 2022 – 2023 оқу жылында кәсіпорындардың мақсатты өтінімі бойынша 7,0 мың адам қамтылса, жаңа оқу жылында 10 мың адамды қамту жоспарлануда.

Еңбек нарығының талаптарына сай келетін колледж түлектерінің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың тағы бір маңызды құралы – дуальды білім беру жүйесі, ірі кәсіпорындардың колледждерге қамқорлығы. Дуальды оқыту шеңберінде тағылымдамадан өту мерзімі бітірушінің еңбек өтілімен есептеледі, бұл олардың одан әрі жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін арттырады. Мәселен, соңғы 2 жылда өндіріс орындарында өндірістік тәжірибеден өткен колледж түлектерінің 26,5 мыңнан астамы (66 %) кәсіпорындарға жұмысқа орналастырылды.

Сондай-ақ жұмысқа орналасуға және кәсіпорындар туралы ақпарат алуға көмектесу үшін жұмыс берушілер колледждерде бітірушілердің қатысуымен өтетін тақырыптық іс-шараларға шақырылады, олар студенттерді қызмет бағыттарымен таныстырады, оларға кәсіпорындардың технологиялық процестері, жұмысқа орналасу кезінде бітірушілерге қойылатын талаптар және т.б. туралы мәлімет береді. Айталық, жұмыс



берушілер күні аясында колледждерде 2022 жылы жұмыс берушілермен 638 меморандум мен 582 ынтымақтастық келісіміне қол қойылды, 668 тақырыптық кездесу, 458 дөңгелек үстел, 297 шеберлік сыныптары, семинарлар өткізілді. Кәсіпорындар 466 кәсіпорында студенттерді таныстыру шараларын ұйымдастырса, облыстық жұмыспен қамту орталықтары 200-ден астам бос жұмыс орындары жәрмеңкесін өткізді.

*f) мектеп бітірмеген қыздар санын қысқарту және мерзімінен бұрын мектептен кеткен қыздар мен әйелдерге бағдарлама дайындау.*

"Мектепке дейінгі жастағы және мектеп жасындағы балалар орта білім алғанға дейін оларды есепке алуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2017 жылғы 11 шілдедегі № 324 бұйрығына сәйкес білім беру ұйымдарының сабаққа қатысуын бақылау жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының аумағында тұратын (тұрақты немесе уақытша) немесе 0 жастан 18 жасқа дейінгі (орта білім алғанға дейін) барлық балалар тұратын (болатын) жері бойынша тіркелген-тіркелмегеніне қарамастан, міндетті дербес есепке алынады.

Сонымен қатар жыл сайын "Зорлық-зомбылықсыз және қатыгездіксіз балалық шақ" , "Отбасындағы зорлық-зомбылықты тоқтатайық", "Әйелдер мен балаларға зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн" және т.б. республикалық акциялар өткізіледі.

2021 – 2022 жылдарға арналған "Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" ақпараттық науқаны аясында 1,6 миллион оқушы мен 590 мың ата-ананы қамтыған 17 мыңнан астам іс-шара өткізілді.

"Түнгі қаладағы балалар" акциясы аясында 2 мыңнан астам рейдтік іс-шара өткізілді, оған 105 мыңнан астам адам қатысты, 14878 нысан тексерілді.

2011 жылдан бері жыл сайын "Қазақстан Республикасындағы балалардың жағдайы туралы" баяндама әзірленіп тұрады, онда жалпы статистикалық мәліметтер, денсаулық сақтау, білім беру, балаларды дамыту және тәрбиелеу, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтарын қорғау, мүгедектігі бар балалар, балаларды тамақтандыру және демалу, мұқтаж балаларға көмек көрсету саласындағы республикадағы балалардың жағдайы, сондай-ақ балаларды тасымалдау және қамқоршылық кеңестердің қызметі мәселелері туралы ақпарат көрсетіледі.

Оның ішінде баяндамада жасөспірімдердің жүктілігі мен босануы, білім беру саласындағы гендерлік теңдік және балалы болғаннан кейін қыздардың білім алу құқығы туралы ақпарат бар.

2022 жылдан бастап баяндамаға балалардың әл-ауқатының индексын бақылау бөлімі қосылды. Баяндаманың әрбір тарауы практикалық сипаттағы ұсыныстарды және анықталған мәселелерді шешудің инновациялық тәсілдерін қамтиды.

Сонымен қатар жасөспірімдер мен жастарға білікті медициналық және медико-психоәлеуметтік көмектің қолжетімділігі мен хабардар болу деңгейін арттыру

мақсатында республикада 157 жастар денсаулық орталығы (бұдан әрі – ЖДО) жұмыс істейді. Келуші жастар саны жыл сайын артып келеді. Біріккен Ұлттар Ұйымының Халықты қоныстандыру қорының Елдік кеңсесімен бірлесе отырып, жастардың репродуктивті денсаулығын сақтау бойынша қызметтерді көрсетудің халықаралық стандарттарына ЖДО тәжірибесін кезең-кезеңімен жеткізу жұмыстары жүргізілуде.

2022 жылы репродуктивті және психикалық денсаулықты қорғау бойынша 700 мыңнан астам жасөспірімдер мен жастарға медициналық және психоәлеуметтік көмек көрсетілді. 2023 жылдың 1 тоқсанында ЖДО-ға 185 мыңнан астам жасөспірімдер мен жастар өтініш білдірді (2023 жылға қаржыландыру 1,9 млрд теңге).

Осылайша, СИДО Комитетінің қорытынды ескертулерінің 36 а) тармағын іске асыру бойынша жұмыс жүргізілуде.

*г) белсенді спортпен айналысуда және дене тәрбиесінде бірдей мүмкіндіктер.*

Қазақстан Республикасында дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясат жынысы бойынша бөлінбестен барлық адамдар үшін дене шынықтыру мен спорттың теңдігі және жалпы қолжетімділігі қағидаттары негізінде жүзеге асырылады. "Дене шынықтыру және спорт туралы" Қазақстан Республикасының Заңы әйелдердің спортпен және дене шынықтырумен айналысуына тыйым салмайды немесе шектемейді.

Статистикалық мәліметтерге сәйкес қазіргі таңда дене шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде 7,5 миллион адам айналысады немесе жалпы халықтың 38,5 %-ы, оның ішінде 2,2 миллионы әйелдер. Бұл көрсеткіш өткен есепті кезеңмен салыстырғанда 400 мың әйелге артық екенін атап өткен жөн. Қазіргі уақытта дене шынықтыру және спорт саласының штаттық қызметкерлері 66332 адамды құрайды, оның 12334-і әйелдер немесе 18,5%. 2021 жылмен салыстырғанда әйелдер саны 300-ден астам адамға өсті. Сондай-ақ 2020 жылы Рио-де-Жанейрода өткен жазғы Олимпиада ойындарында Қазақстан атынан спорттың 26 түрінен 104 спортшы қатысты, оның ішінде 46 әйел (45%) 8 жүлде (ауыр атлетика, әйелдер күресі, дзюдо, жеңіл атлетика, бокс) жеңіп алды.

2021 жылы Токиода өткен Олимпиада ойындарында Қазақстан Республикасының құрама командасы сапында спорттың 28 түрінен 97 спортшы қатысты, оның ішінде 33 әйел (34%) 2 жүлделі орынға ие болды (ауыр атлетика, каратэ). Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауын іске асыру және балаларды спортпен және өнермен айналысуға тарту шеңберінде 2021 жылғы мамырда балаларды спортпен және өнермен айналысуға тарту үшін мемлекеттік спорттық және шығармашылық тапсырыс іске қосылды.

Шығармашылық және спорттық мемлекеттік тапсырыстарды іске асыру 2021 жылғы 1 мамырдан бастап іске қосылды. Қаржыландыру жергілікті бюджет есебінен камтамасыз етілген.

Жергілікті атқарушы органдар 2021 жылы шығармашылық мемлекеттік тапсырысты іске асыруға 4-17 жас аралығындағы 92422 балалар мен жасөспірімдерді тегін негізде қамтамасыз ету үшін қаржы бөлді.

2022 жылы 4 жастан 17 жасқа дейінгі 400 мыңнан астам балалар мен жасөспірімдер 13 мыңнан астам спорт секциялары мен шығармашылық үйірмелерге тегін барды.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрдің тапсырмасы бойынша жергілікті атқарушы органдар 2023 жылға арналған спорттық және шығармашылық мемлекеттік тапсырысты жалғастыру үшін 560 мыңнан астам балалар мен жасөспірімдерді қамту үшін қаржыландыруды қолдады.

Нәтижесінде бүгінгі таңда ваучерлер көбірек іске қосылып, 380 мың бала 10325 спорт секциялары мен шығармашылық үйірмелерге тегін қатысады.

Осылайша, бұл шара балаларды спортпен шұғылдануға және шығармашылық іс-шараларға, оның ішінде қыз балаларды аталған іс-шараларға қатысуын көбейтуге бағытталған.

Сонымен қатар 2021 – 2022 оқу жылындағы Ұлттық білім беру деректер базасының деректері бойынша жалпы білім беретін мектептерде спорт секциялары мен үйірмелерге 2,7 млн-ға жуық бала, оның ішінде 1,3 млн қыздар қатысты.

2022 – 2023 оқу жылында жалпы білім беретін мектептерде спорт секциялары мен үйірмелерге 2,5 млн-ға жуық, оның ішінде 1,2 млн қыздар қатысты.

*h) отбасының тұрмыстық әл-ауқатын және денсаулығын қамтамасыз ету мақсатында білім сипатындағы арнайы ақпаратты алу, сонымен қоса отбасы санын жоспарлау туралы ақпарат және консультация алу мүмкіндігі.*

Адамгершілік-жыныстық тәрбие мәселелерінде отбасы мен мектеп арасында тығыз қарым-қатынас орнаған. Кәмелетке толмағандардың репродуктивті денсаулығын қорғау және адамгершілік-жыныстық тәрбие беру құқықтарын 7,5 мыңнан астам мектеп психологы, 3 мыңнан астам әлеуметтік педагог және 200 мың сынып жетекшілері жүзеге асырады.

Отбасындағы дұрыс қарым-қатынасты насихаттау және адамгершілік нормалары мен имандылыққа баулу мақсатында Оқу-ағарту министрлігі жыл сайын білім беру ұйымдарында 1-15 мамыр аралығында Халықаралық отбасы күніне арналған "Отбасы сағаты" республикалық акциясын өткізеді. Қыздардың білім алу, денсаулық сақтау, кемсітушіліктен, зорлық-зомбылықтан, ерте және мәжбүрлі некеден қорғалу мүмкіндігі құқықтарын жүзеге асыру мақсатында жыл сайын қазан айында Халықаралық қыздар күніне арналған онкүндік өткізіледі. 2022 жылы 3 миллионнан астам мектеп оқушылары мен ата-аналарды қамтыған 1000-нан астам мектептен тыс іс-шаралар өткізілді.

Сонымен қатар Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес оқушылар репродуктивті денсаулық туралы білім алады. Мысалы, "Биология" пәнінен (8-сынып) "Адамның көбеюі және жеке дамуы" тарауында "Көбеюдің мәні. Көбеюдің құрылымдары мен

қызметтері", "Ұрықтану", "Ұрықтың дамуы", "Адам өмірінің жас кезеңдері", "Зиянды заттардың алдын алу бағдарламасы", "Мектеп оқушыларын адамгершілік-жыныстық тәрбиелеу", "Қыз балалар мен қыздардың репродуктивті денсаулығын қорғау" және т.б.

"Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану" білім беру бағдарламасы аясында жоғары оқу орындарында "Отбасы педагогикасы", "Жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген тәрбие және оқыту", "Құндылыққа бағытталған коммуникация және дискурс", "Өзін-өзі тану" және "Ұлттық құндылықтар" пәндері қарастырылған. Білім беру бағдарламасы білім алушылардың қоғамда әлеуметтенуіне, тұлғалық бағдарлануына, әртүрлі жағдайларда білім алуына психологиялық-педагогикалық жағдай жасайтын мамандарды даярлауды көздейді.

Сондай-ақ Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Ұлттық қоғамдық денсаулық орталығы отбасылардың денсаулығы мен әл-ауқатын нығайту мақсатында арнайы білім беру ақпаратын таратумен айналысады. Орталық көп жылдар бойы ДДҰ-мен, БҰҰ ЮНИСЕФ Балалар қорымен және т.б. әріптестікті жүзеге асырып келеді.

## **11-бап. Жұмыспен қамту**

1. Қатысушы мемлекеттер жұмыспен қамту саласында ерлер мен әйелдердің теңдігі негізінде тең құқықтар беру үшін әйелдерге қатысты кемсітушілікті жою үшін барлық шараларды қабылдайды, соның ішінде:

*а) еңбек ету құқығы барлық адамның ажырамас құқығы ретінде*

Қазақстан Республикасында қызметкерлердің еңбек саласындағы құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруы үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге бағытталған жеткілікті нормативтік құқықтық база жасалған.

Мәселен, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – ҚР ЕК) сәйкес ешкімді де еңбек құқықтарын іске асыру кезінде, оның ішінде жынысына байланысты кемсітуге болмайды (6-баптың 2-тармағы).

Еңбек саласындағы кемсітушілік фактілеріне жол бергені үшін "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің 90-бабына сәйкес әкімшілік жауапкершілік көзделген.

*б) жұмысқа қабылданғанда бірдей мүмкіндікке құқығы, оның ішінде жұмысқа қабылдау кезінде бірдей өлшемшарт қолдану*

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2021 жылғы 10 желтоқсандағы № 464 бұйрығымен "Он сегіз жасқа толмаған жұмыскерлердің еңбегін пайдалануға тыйым салынатын жұмыстардың тізімін, он сегіз жасқа толмаған жұмыскерлердің ауыр заттарды тасуы мен қозғалтуының шекті нормаларын және әйелдердің еңбегін пайдалануға тыйым салынатын жұмыстардың тізімін, әйелдердің ауыр заттарды қолмен көтеруінің және жылжытуының шекті нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 8 желтоқсандағы № 944 бұйрығына әйелдер

еңбегін пайдалану шектелген жұмыс орындарының тізбесін алып тастау туралы өзгерістер енгізілді.

Бұл шара әйелдерді барлық жұмыс орындарына, соның ішінде әйелдер еңбегіне тыйым салынған өнеркәсіп (мұнай және газ, тау-кен өнеркәсібі, өңдеу өнеркәсібі), көлік және құрылыс салаларындағы жалақысы орташа республикалық деңгейден жоғары болатын жұмыс орындарына қолжетімділікті қамтамасыз ету арқылы олардың жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін кеңейтеді.

2-бапта көрсетілгендей, СИДО Комитетінің 38 б) ұсынымын орындау үшін еліміздің ұйымдарында харассменттен қорғау саясатын енгізу бойынша жұмыс басталды.

*с) мамандықты немесе жұмыс түрін еркін таңдау, қызметінде көтерілу және жұмыспен қамтылу кепіліне, сонымен қатар барлық жұмыс жеңілдіктері мен шарттарын қолдану, оқуды қоса алғанда, кәсіптік даярлау және қайта даярлау, жоғарылатылған деңгейде кәсіптік даярлау және үнемі қайта даярланудан өтуге құқығы*

"Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әйелдерге ерлермен тең еңбек қатынастары саласында тең құқыққа, мемлекеттік қызметке тең қол жеткізуге, денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет саласындағы гендерлік теңдікке кепілдік беріледі.

"Қазақстандық отбасылар – 2021" әлеуметтанушылық зерттеуінің деректері бойынша респонденттердің 89,6 %-ы әйелдер қызметтің көптеген салаларында басшы бола алады деп есептесе, респонденттердің 87,3 %-ы отбасында еркек те, әйел де жұмыс істеуі керек деп есептейді. Бұл нәтижелер мамандықты және жұмыс түрін, жұмыс режимін таңдауда әйелдерге қатысты кемсітушіліктің жоқтығын көрсетеді.

Сондай-ақ Баяндаманың 10-шы бабында білім беру және оны іске асыру саласындағы тең құқықтардың кепілдіктері туралы ақпарат қамтылған.

Сонымен қатар қыздар ұлдармен қатар мамандықты, жоғары, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын еркін таңдауға құқылы.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің, Азия Даму Банкінің және БҰҰ-ның "COVID-19 пандемиясымен күрестегі Қазақстан үшін Ынтымақтастық Қоры" ("Ынтымақтастық Қоры") Даму бағдарламасының бірлескен жобасы шеңберінде еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы әйелдердің рөлін күшейту үшін маңызды бастамалардың бірі еліміздің барлық өңірлерінде Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның бастамасы бойынша әйелдер кәсіпкерлігін дамыту орталықтарын (орталықтарын) ашу болып табылады. Орталықтар кәсіпкер әйелдер мен кәсіпкерлік бастамасы бар әйелдерді қаржылай емес қолдауға арналған алаң болып табылады, онда олар стартаптарды ынталандыру, қолданыстағы бизнестің экономикалық белсенділігін арттыру, сондай-ақ оқыту бағдарламалары мен іс-шараларына қатысу үшін бірқатар қызметтер ала алады.

Алғашқы орталықтар 2021 жылдың қарашасында ашылды. 8705-тен астам әйелге кеңес беру және олардың қажеттіліктерін анықтау жүргізілді, олардың 19 %-ы ауылдық жерлерде тұрады, оқытылған әйелдердің жалпы саны бейіндік бағыттар, ауыл шаруашылығы, краудинвестинг және т. б. бойынша 4656 әйелді құрады.

2023 жылдың басынан бастап орталықтар 2021 – 2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобаның "Мен кәсіпкер" құралы шеңберінде еліміздің 20 өңірінде жұмыс істейді және "Атамекен" ҰКП (кәсіпкерлікті қолдаудың қаржылық емес шаралары) операторы болып табылатын республикалық бюджет есебінен қаржыландырылады. Шағын кәсіпкерлікті дамыту бойынша сүйемелдеу үшін 40 менеджер-консультант және 27 ментор тартылды.

"Мен кәсіпкер" кәсіпкерлік әлеуетін дамыту" құралы екі бағытта іске асырылуда:

1) Кәсіпкерлік әлеуетті арттыру мақсатында құзыреттілікке оқыту және бейіндік (Кәсіптік) оқыту кіретін "Кәсіпке бағыт";

2) Әйелдер кәсіпкерлігін дамыту орталықтары.

Ағымдағы жылы (маусымдағы жағдай бойынша) орталықтарға 4084 әйел жүгінді, оның ішінде 86 әйел кәсіптік және бизнес-оқытудан өтті, әйелдер басқаратын 5 кәсіпорында бизнес-шолу жүргізілді, 160 әйел-кәсіпкер халықаралық жобаларға қатысты, "Бір ауыл – бір өнім" жобасы шеңберінде 7 көрме өткізілді, оған жергілікті шикізат бойынша 164 тауар өндіруші қатысты.

*d) жеңілдік алуды қоса алғанда тең сыйақы алуға, тең бағалы еңбекке байланысты тең шарттар, сондай-ақ жұмыс сапасын бағалауда тең тәсіл құқығы.*

Қазақстан Республикасында адам құқықтарын жүзеге асырудың негізгі бағыты – тең еңбекке тең еңбекақы төлеу. Бұл қағида Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген.

Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы бірдей жұмыс үшін (яғни ұзақтығы, қарқындылығы және күрделілігі бірдей жұмыс үшін) бірдей ақы төлеуге кепілдік береді, сондай-ақ жалақыда қандай да бір кемсітушілікке жол бермейді.

Жұмыскердің айлық жалақысының мөлшері қызметкердің біліктілігіне, орындалатын жұмыстың күрделілігіне, саны мен сапасына, сондай-ақ еңбек жағдайларына қарай дифференциалды түрде белгіленеді.

Сондықтан СИДО комитетінің 38 с) ұсынысы орындалуда.

ҚР ЕК-нің 6 және 25-баптарына сәйкес Қазақстан еңбек шартын жасау кезінде еңбек саласындағы кемсітушілікке, құқықтар мен мүмкіндіктер теңдігін бұзуға жол берілмейді.

Жүктілік, үш жасқа толмаған балалардың болуы еңбек шартын жасасу құқығын шектей алмайды.

*e) зейнеткерлікке шығу, жұмыссыздық, ауру, мүгедектік, кәрілік және де басқа да еңбек қабілетінен айырылу жағдайларында әлеуметтік қамсыздандыру құқығы, сонымен қатар ақы төленетін демалысқа шығу құқығы.*

2023 жылғы 1 шілдеден бастап Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі қолданысқа енгізілді, онда әлеуметтік қызмет көрсету жүйесін толық трансформациялау, арнаулы әлеуметтік қызметтердің қолжетімділігін арттыру көзделеді.

Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне сәйкес әркім әлеуметтік қорғау саласында өз құқықтары мен бостандықтарын іске асыруда тең мүмкіндіктерге ие болады. Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне, жасына, денсаулық жағдайына, оның ішінде мүгедектігіне байланысты немесе кез келген өзге де мән-жайлар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды (4-бап).

Әлеуметтік кодексте азаматтарды әлеуметтік қолдаудың жеті негізгі бағыты, жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және зейнетақымен қамсыздандыру шаралары көрсетілген, оның ішінде: балалары бар адамдарды (отбасыларын) әлеуметтік қолдау; халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шаралары; кедейлік шегінен төмен тұратын отбасыларға атаулы әлеуметтік көмек; арнаулы әлеуметтік қызметтер; мүгедектерді әлеуметтік қорғау; зейнетақымен қамтамасыз ету; азаматтардың жекелеген санаттарына, оның ішінде асыраушысынан айырылғандарға қолдау көрсету.

*f) денсаулықты қорғауға және қауіпсіз жұмыс жағдайына, оның ішінде ісін жалғастыру функциясын сақтауға құқығы.*

ҚР ЕК-нің 23-бабы 2-тармағы 18) тармақшасына сәйкес жұмыс беруші жұмыскерге зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайлары мен кәсіптік ауруға шалдығу мүмкіндігі туралы ескертуге міндетті.

Жұмыс беруші ауыр жұмыстарда, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстарда істейтін жұмыскерлерді Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мерзімдік медициналық қарап-тексеруден және зерттеп-қараудан өткізуді меншікті қаражаты есебінен ұйымдастыруға міндетті.

Қазіргі уақытта мүгедектігі бар адамдарды (бұдан әрі – МБА) жұмыспен қамту саласында 3 тетік іске асырылуда:

- 1) МБА үшін жұмыс орындарын квоталау;
- 2) "Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба" (2-бапты қараңыз);
- 3) арнайы жұмыс орнын жабдықтауға байланысты жұмыс берушілердің шығындарын субсидиялау.

Әлеуметтік кодекске сәйкес жергілікті атқарушы органдар ауыр жұмыстардағы, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есепке алмағанда, мүгедектігі бар адамдар үшін жұмыс орындарының санынан 2-ден 4 %-ға дейінгі мөлшерде жұмыс орындарына квота белгілеу арқылы халықты жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз етеді.

Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің көрсетілетін шаралары тұрақты негізде жетілдіріледі.

Мүгедек адамдарды жұмысқа орналастыру тетігін күшейту мақсатында мына жұмыстар жоспарланған:

Бірінші. Мемлекет пен жұмыс берушінің жалақысын субсидиялау жолымен әлеуметтік жұмыс орындары шеңберінде мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру, атап айтқанда:

бірінші жылы мемлекет жалақының 70 %-ын, жұмыс беруші 30 %-ын;  
екінші жыл 65 %-ын мемлекет, ал 35 %-ын жұмыс беруші;  
үшінші жыл 60 %-ын мемлекет, ал 40 %-ын жұмыс беруші субсидиялайды.

Екінші. Мүгедектігі бар адамдар үшін жұмыс орнын жайластыру жөніндегі құралды қайта қарау бойынша жұмыс жүргізілуде.

2023 жылдан бастап мүгедектігі бар адамдар үшін жұмыс орнын ұйымдастыру кезінде жұмыс берушілердің шығындарын 300 АЕК-ке дейінгі мөлшерде өтеу жоспарлануда.

2022 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанда 711,8 мың мүмкіндігі шектеулі адам тұрады, оның ішінде 420 мыңы еңбекке қабілетті жаста, 128,5 мың адам жұмыс істейді (оның ішінде 52,6 мыңы әйелдер) немесе 30 %-ы еңбекке қабілетті жаста.

Сонымен қатар жүкті әйелдерді, үш жасқа дейінгі бала тәрбиелеп отырған әйелдерді, науқас отбасы мүшесін бағып отырған әйелдерді қолдау мақсатында толық емес жұмыс күнімен жұмыс істеу құқығы белгіленген (ҚР ЕК 70-бабының 3-тармағы).

Жұмыскерлер, оның ішінде қашықтан жұмыс істейтіндер үшін олардың әлеуметтік, тұрмыстық және басқа да жеке қажеттіліктерін өндіріс мүдделерімен ұштастыру мақсатында икемді жұмыс уақыты режимі белгіленуі мүмкін (ҚР ЕК 74-бабының 1-тармағы).

Жұмыскердің немесе жұмыс берушінің бастамасы бойынша тараптардың келісімі бойынша қашықтан жұмыс немесе аралас қашықтан жұмыс белгіленуі мүмкін (ҚР ЕК 138-бабаның 2-тармағы).

Осылайша, СИДА Комитетінің 38 f), g), h) ұсынымдары орындалуда.

2. Тұрмысқа шығуына немесе ана болуына байланысты әйелдерді кемсітудің алдын алу үшін және оларға еңбекке тиімді құқығына кепіл беруге қатысушы мемлекеттер үйлесімді мынадай шараларды қабылдайды:

*а) санкция қолдану қаупімен жүктілікке байланысты немесе жүктілік демалысына шығуына және босануына байланысты жұмыстан шығаруға немесе отбасы жағдайына байланысты жұмыстан шыққанда болатын кемсітуге тыйым салу;*

*б) жұмыс орнын, қызмет дәрежесін немесе әлеуметтік жәрдемақыларды жоғалтпайтындай етіп, жүктілігі және бала тууына байланысты ақы төленетін немесе әлеуметтік жәрдемақыларымен салыстыруға болатын демалыстарды енгізу.*

Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында жүкті және балалы әйелдерді жұмысқа қабылдау кезінде кепілдіктер беру және жұмыстан шығаруға тыйым салу, үш



жасқа дейінгі балалары бар аналарға жалақысы сақталмайтын қосымша демалыстар беру көзделген (ҚР ЕК-нің 25-бабы).

ҚР ЕК-нің 100-бабының 3-тармағына сәйкес бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты жалақысы сақталмайтын демалыс уақытында жұмыскердің жұмыс орны (лауазымы) сақталады.

Балалы адамдардың (отбасылардың) жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты кірісінен айырылуы жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдер; бала тууына байланысты біржолғы мемлекеттік жәрдемақы (бұдан әрі – бала туғанда берілетін жәрдемақы); бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы (бұдан әрі – бала күтіміне байланысты жәрдемақы); бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем (бұдан әрі – бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлем); бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемді алушылардың пайдасына қосымша белгіленген міндетті зейнетақы жарналарын бюджет қаражаты есебінен субсидиялау (бұдан әрі – бюджеттік субсидиялар) және т.б. (Әлеуметтік кодекстің 71-бабының 1-тармағы).

Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылауды мемлекеттік еңбек инспекторлары жүзеге асырады (Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 191-бабының 1-тармағы).

Мемлекеттік еңбек инспекциясының негізгі міндеттері:

1) Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылауды қамтамасыз ету;

2) қауіпсіз еңбек жағдайларына құқықты қоса алғанда, жұмыскерлердің құқықтары мен бостандықтарының сақталуын және қорғалуын қамтамасыз ету;

3) Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының мәселелері бойынша жұмыскерлер мен жұмыс берушілердің өтініштерін, арыздарын және шағымдарын қарау болып табылады (Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 192-бабы).

*с) ата-аналардың отбасылық міндеттері мен еңбек қызметін және қоғамдық өмірге қатысуын үйлестіруі үшін, әсіресе балаларды күту мекемелері жүйесін құру және кеңейту көмегімен, керекті қосымша әлеуметтік қызметтерді көтермелеу.*

ҚР ЕК жұмыскерге еңбек міндеттерін жеке және отбасылық қажеттіліктермен және жауапкершіліктермен табысты үйлестіруге, балалы әйелдерді жұмысқа кеңінен тартуға мүмкіндік беретін еңбектің икемді нысандарын қарастырады. Атап айтқанда, бұл:

толық емес жұмыс күні – бұл күнделікті жұмыс (жұмыс ауысымы) ұзақтығының нормасын азайту және (немесе) жұмыс аптасындағы жұмыс күндерінің санын қысқарту (ҚР ЕК-нің 70-бабы);

ауысымдық жұмыс – тәулік ішінде екі не үш немесе төрт жұмыс ауысымдағы жұмыс (ҚР ЕК-нің 73-бабы);

икемді жұмыс уақыты режиміндегі жұмыс – жұмыскер сол уақыт ішінде еңбек міндеттерін өз қалауы бойынша атқаруға құқылы икемді (ауыспалы) жұмыс уақыты (ҚР ЕК-нің 74-бабы);

жұмыс уақытының жиынтық есебі – есепті кезеңдегі жұмыс уақытының ұзақтығы (ай, тоқсан және т.б.) жұмыс уақытының қалыпты санынан аспайды. Төлем мерзімі бір жылдан аспауы керек (ҚР ЕК-нің 75-бабы);

қашықтан жұмыс істеу – жұмыс процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, жұмыс беруші орналасқан жерден тыс еңбек процесін жүзеге асырудың ерекше нысаны (ҚР ЕК-нің 138-бабы).

Жұмыспен қамтудың икемді нысандарының осы түрлері бойынша жұмыс еңбек демалысының ұзақтығына, еңбек өтілін есептеуге және қызметкерлердің басқа да еңбек құқықтарына ешқандай шектеулер әкелмейді.

Бұл ретте кез келген икемді жұмыс режимін енгізу жұмыс берушінің де, қызметкердің де мүдделерін ескере отырып, тараптардың келісімі бойынша жүзеге асырылады.

Осылайша, қолданыстағы еңбек заңнамасы еңбек міндеттерін жеке және отбасылық қажеттіліктермен үйлестіруге мүмкіндік береді.

*д) әйелдерге жүкті кезінде денсаулығына зиян келтіретіні дәлелденген жұмыс түрлерінде арнайы қорғауды қамтамасыз ету.*

ҚР ЕК-нің 44-бабына сәйкес жұмыс беруші медициналық қорытынды негізінде жүкті әйелді орындайтын жұмысы бойынша, бірақ бұрынғы жұмысы бойынша орташа жалақысынан төмен емес ақы төлей отырып, зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың әсерін болғызбайтын басқа жұмысқа ауыстыруға міндетті.

3. Осы бапта айтылған құқықты қорғауға қатысты заңнамалар ғылыми-техникалық білім беру тұрғысынан тұрақты түрде қайта қаралады, сонымен қатар қажеттілігіне сәйкес қайта қарастырылады, күші жойылады немесе қажеттілігіне қарай кеңейтіледі.

Қазақстан Республикасының заңнамасына енгізілетін барлық тиісті өзгерістер мен толықтырулар үкіметтік емес ұйымдардың, сарапшылар қауымдастығы өкілдерінің және жұртшылықтың қатысуымен қабылданып, мерзімді түрде қаралып, талқыланып отырады (жоғарыдан қараңыз).

## **12-бап. Медициналық қызмет көрсетуге тең қол жеткізу**

1. Қатысушы мемлекеттер әйелдерге қатысты кемсітушілікті жойып, денсаулық сақтау саласында ерлер мен әйелдердің тең құқығы негізінде әйелдерге медициналық қызмет көрсетуге арналған, соның ішінде отбасы санын жоспарлауға қатысты барлық шараларды қабылдайды.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес әйелдер мен ерлердің медициналық қызмет көрсетуге тең қол жеткізеді.

Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы, ана, әке және бала мемлекеттің қорғауында ("Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің 2-бабының 1-тармағы).

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде (бұдан әрі – Денсаулық туралы кодекс) Қазақстан азаматтарына таңдау еркіндігіне, репродуктивтік денсаулықты сақтауға және репродуктивтік құқықтарын сақтау жөніндегі қызметтерді алу құқықтары көзделген (76-бап).

Он сегіз жасқа толмаған балаларға медициналық көмекті медициналық көмек көрсетудің барлық кезеңдерінде сабақтастықты сақтай отырып, профилактиканы, ерте диагностиканы, емдеуді қамтамасыз ететін денсаулық сақтау ұйымдары тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (бұдан әрі – ТМККК) шеңберінде көрсетеді.

Репродуктивті жастағы (оның ішінде мүгедектігі бар) әйелдер саламатты өмір салтын ұстануға, жеке гигиенаны сақтауға, өздерінің репродуктивті мүмкіндіктеріне жауапкершілікпен қарауға бағытталған санитарлық-гигиеналық сауаттандыру бойынша консультациялар алады.

Барлық өңірлерде отбасын жоспарлау кабинеттері жұмыс істейді, онда пациенттерді контрацепцияның заманауи әдістері туралы ақпараттандыру, контрацепция әдістері бойынша кеңес беру және оқыту, қолдану тәртібі, әйелдердің әртүрлі жас топтарында заманауи контрацептив құралдарының жарамдылық өлшемшарттары мәселелері бойынша жұмыс жүргізіледі.

"Дені сау ұлт" ұлттық жобасын іске асыру шеңберінде 2022 жылдың қорытындысы бойынша мынадай нәтижелерге қол жеткізілді: жалпы өлім-жітім 29 %-ға, ана өлімі 2,6 есе, нәресте өлімі 5,6 %-ға, қан айналымы жүйесі ауруынан өлім 33 %-ға және тыныс алу органдары ауруларынан 17 %-ға, туберкулезден 12 %-ға, қатерлі ісіктер 8 %-ға, тыныс алу органдарының ауруларынан болатын өлім-жітім 39 %-ға және туберкулезден болатын өлім 18 %-ға төмендеді, бұл денсаулық сақтау жүйесі жұмысының оң динамикасын көрсетеді. Сәбилер өлімінің көрсеткіші 8,7-нің орнына 7,9 болып, 8,4 %-ға төмендеді.

Елде контрацепцияның қауіпсіз және тиімді әдістеріне қол жетімділік қамтамасыз етілген және оларды бақылау қажетсіз жүктіліктің алдын алуға мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қыздар мен әйелдерді зарарсыздандыру жүргізілмейді.

Елімізде контрацепциямен қамту 40 %-ды құрайды, бұл бағытта халықтың хабардар болуын арттыру және қолжетімді контрацептивтерді қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жүргізілуде.

2022 жылдың қорытындысы бойынша контрацепциямен қамту 2020 жылмен салыстырғанда 1,9 %-ға (32,9 %) ұлғайды.

Жасөспірімдер мен жастардың денсаулығын жақсарту үшін ауруларды (қалалық – 8 нозология бойынша, ауылдық – 12 (бүйрек, асқазан-ішек жолдары, тыныс алу органдары ауруларын анықтау) және мінез-құлық қауіп факторларын ерте анықтауға скрининг жүргізіледі.

0 жастан 18 жасқа дейінгі балаларға ТМККК шеңберінде профилактикалық тексерулер жүргізіледі.

2022 жылдың қорытындысы бойынша елімізде 3,1 млн астам бала профилактикалық тексерумен қамтылды, бұл тексеруге жататындардың жалпы санының 97 %-ын (2020 ж. – 3,6 млн. бала (97 %), алғаш анықталған науқастардың үлес салмағы 8,4 %-ы (269644 бала) құрады, оның ішінде сауыққаннан кейін динамикалық бақылауға 37,6 % немесе 101386 бала алынды.

Бұдан басқа, Денсаулық сақтау министрлігі жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының "ДНЫМ" жобасын – денсаулықты нығайтуға ықпал ететін мектептерді (артық дене салмағының және семіздіктің алдын алу, оқушылар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру) ашу іске асыруда.

ДНЫМ тұжырымдамасын енгізу стратегиясы мектеп әкімшілігінің, мектеп персоналының, оқушылар мен ата-аналардың қатысуымен және қолдауымен әр мектепке әзірленеді.

2023 жылдың 1-ші жартыжылдығының қорытындысы бойынша денсаулықты нығайтуға ықпал ететін мектептер саны 1472 мектепті құрады, бұл мектептердің жалпы санының 19,5 %-ын құрайды. Мектептерді жобамен қамтуды арттыру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Денсаулық туралы кодекстің 78-бабына сәйкес он алты және одан жоғары жастағы кәмелетке толмағандар жүктілікті жасанды үзуді қоспағанда, медициналық араласуларды қолдана отырып, профилактикалық, консультациялық-диагностикалық, емдік және оңалту көмегін көрсетуге ақпараттандырылған ерікті келісімге немесе бас тартуға құқылы.

Жүктілікті жасанды үзуді жүргізу қағидалары "Жүктілікті жасанды үзуді жүргізу қағидаларын және медициналық және әлеуметтік айғақтардың, сондай-ақ жүктілікті жасанды үзуді жүргізу үшін қарсы көрсетілімдердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 9 қазандағы № ҚР ДСМ-122/2020 бұйрығына сәйкес регламенттеледі.

Республикада жасөспірімдер мен жастарға білікті медициналық-психоәлеуметтік көмектің ақпараттандыру деңгейін және қолжетімділігін арттыру үшін 157 жастар денсаулық орталығы (бұдан әрі – ЖДО) жұмыс істейді. Қаралатын жастар саны жыл сайын артып келеді. БҰҰ Халық қоры елдік кеңсесімен бірлесіп, ЖДО практикасын жастардың репродуктивті денсаулығын сақтау бойынша қызмет көрсетудің халықаралық стандарттарына кезең-кезеңімен жақындату бойынша жұмыс жүргізілуде.

2022 жылы 700 мыңнан астам жасөспірімдер мен жастарға репродуктивті және психикалық денсаулықты қорғау бойынша медициналық-психоәлеуметтік көмек көрсетілді.

2023 жылдың 1-ші жартыжылдық қорытындысы бойынша 404104 жасөспірім мен жастарға репродуктивті және психикалық денсаулықты қорғау бойынша медициналық-психоәлеуметтік көмек көрсетілді, бұл нысаналы көрсеткіштің 39,8 %-ды құрайды (81 %-ы – 327395 қала тұрғындары және 18 %-ы 76709 ауыл тұрғындары).

Соңғы 5 жылда жасөспірімдер арасында бала туу саны 14 %-ға (3778-ден 2699-ға дейін), ал түсік түсіру деңгейі 2 есе, 1000 жасөспірімге 5,8-ден 2,7-ге дейін төмендеді.

Медицина қызметкерлері жасөспірімдер арасында қалаусыз жүктілік пен жыныстық жолмен берілетін инфекциялардың алдын алу, контрацепция мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын тұрақты негізде жүргізеді.

Осыған байланысты жалпы республика бойынша 2022 жылы 25 мыңнан астам іс-шара, оның ішінде: семинар-тренингтер, жастар акциялары, дөңгелек үстелдер, конференциялар, жалпы 250 мың жасөспірім мен жастарды қамтитын ашық есік күндері өткізілді.

Бұқаралық ақпарат құралдарында барлығы 22557 іс-шара ұйымдастырылды, оның ішінде: 21541 жергілікті арналарда, LED-мониторларда, қоғамдық көлікте, халық көп жиналатын орындарда, БМСК ұйымдарында, білім беру жүйесінде телебағдарламалар, бейнероликтер, аудиороликтер; 44 сыртқы жарнама, 68 баспа басылымдарында жарияланымдар, 855 БМСК веб-сайттарында, әлеуметтік желілерде орналастырылды.

Таратылған ақпараттық-коммуникациялық материалдардың саны – 137516, оның ішінде буклет-инфографика – 42800, плакаттар – 3635, парақшалар – 48676, брошюралар – 35224, көрмелер, стендтер, сауголкалар, санбюллеттер – 775, басқалары – 6406.

ҮЕҰ мен халықаралық ұйымдардың (*ДДСҰ, Юнисеф, ЮНФПА, КМПА*) қатысуымен әлеуметтік жобалар іске асырылуда.

АИТВ-инфекциясының алдын алу, емдеу және диагностикалау саласындағы саясат халықтың барлық негізгі топтарына бейімделген (инъекциялық есірткі қолданатын адамдар (бұдан әрі – ИЕҚА), секс-жұмыскерлер (бұдан әрі – СЖ), ерлермен жыныстық қатынасқа түсетін ерлер (бұдан әрі – ЕЖҚТЕ), трансгендерлер (бұдан әрі – ТГ)) және мемлекеттік қаражат есебінен беріледі.

Олардың деңгейін төмендету мақсатында Қазақстанда стигмаға және АӨСА кемсітушілікке қарсы күрес жөніндегі 2018 – 2019 жылдарға арналған ұлттық жоспар қабылданды, онда ең алдымен медициналық мекемелерде кемсітушілікті жоюға баса назар аударылды.

Алдын алу іс-шаралары: алдын алу құралдарын ұсыну (шприцтер, презервативтер), ақпараттық материалдар, мемлекет есебінен ұсынылатын жедел тесттер, тестілеу заңнамалық түрде қарастырылған.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 19 қазандағы № ҚР ДСМ-137/2020 "АИТВ инфекциясының профилактикасы жөніндегі іс-шараларды жүргізу қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес, халықтың негізгі топтарына (секс-жұмыскерлер, қамаудағылар және т.б. топтар), сондай-ақ АИТВ-мен өмір сүретін адамдарға тегін негізде ЖЖБИ инфекциясының профилактикалық құралдары, сондай-ақ контрацепция құралдарына жататын презервативтер беріледі.

2020 жылы 10446022 дана, 2021 жылы 7316562, 2022 жылы 6782290 таратылды.

ИЕҚА, СЖ, ЕЖҚТЕ және ТГ үшін ДДҰ ұсынған көмектің 12 түрінен тұратын кешенді қызметтер пакеті енгізілді (*кеңес беру, тестілеу, антиретровирустық терапия ұсыну, туберкулезді емдеу, шприцтер алмасу, презервативтер тарату, ақпараттық-білім беру материалы, байланыстан кейінгі және байланысқа дейінгі профилактика және т.б.*) . Пилоттық облыстар деңгейінде қолдаушы алмастырушы (метадонды) терапия бағдарламасы енгізілуде.

АИТВ-ның таралуын бақылау үшін ИЕҚА, СЖ, ЕЖҚТЕ арасында био-мінез-құлық зерттеуі жүргізіледі. Инъекциялық есірткі қолданатын адамдар популяциясында 5 жыл ішінде АИТВ-ның таралуы 8,5 %-дан 8,3 % деңгейінде қалады. Секс-жұмыскерлер арасында АИТВ-ның таралуы 1,9 %-дан 1,3 %-ға дейін төмендеді. ЕЖҚТЕ тобында 3,2 %-дан 6,9 %-ға дейін өсім байқалады.

ДДҰ/ЮНЭЙДС ұсынымдарына сәйкес кешенді профилактикалық және медициналық-әлеуметтік қызметтер 132 сенім пункті мен 29 достық кабинетте жүзеге асырылады.

Ұсынылатын профилактикалық қызметтерді одан әрі кеңейту үшін 2023 жылы Қазақстан Республикасында АИТВ-инфекциясының алдын алу жөніндегі шараларды іске асырудың 2023 – 2026 жылдарға арналған жол картасы (бұдан әрі – ЖК) бекітілді. ЖК-да негізгі топтарға баса назар аудара отырып, АИТВ-инфекциясы мәселелері бойынша заңнаманы жетілдіру жөніндегі шаралар көзделген. Пенитенциарлық мекемелерді қоса алғанда, барлық мамандықтағы дәрігерлерді біліктілікті арттыру циклдарында оқыту, қоғамдастық күштерімен стигма мен кемсітушілікке қарсы іс-қимыл жөніндегі жоспарды әзірлеу және т. б. көзделген.

Сотталған әйелдерге медициналық көмек Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына сәйкес көрсетіледі (Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің 117-бабы түрмелердегі медициналық-санитарлық қамтамасыз ету мәселелерін регламенттейді).

Республикада сотталған әйелдерді ұстауға арналған қылмыстық-түзеу жүйесінің 6 мекемесі жұмыс істейді, онда 1788 адам отыр. Пенитенциарлық жүйеде отырған адамдарға аумақтық денсаулық сақтау басқармаларымен бірлесіп тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі көрсетіледі, яғни олар дәрігерлік амбулаториялар мен медициналық пункттер, ЖИТС-тың алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі облыстық орталықтар.

Зорлық-зомбылықтан зардап шеккендерге көмек көрсету үшін әр облыста 20 психикалық денсаулық орталығы, қалалық амбулаториялық-емханалық ұйымдар деңгейінде 74 бастапқы психикалық денсаулық орталығы, аудандық деңгейде 219 психикалық денсаулық кабинеті жұмыс істейді.

БҰҰ-ның Ыстамбұл хаттамасы шеңберінде "Қазақстан Республикасының Азаптауларға және басқа да қатыгездерге қарсы конвенцияға қосылуы туралы" 1998 жылғы 29 маусымдағы ҚР Заңына сәйкес қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе қадір-қасиетін қорлайтын қарым-қатынас пен жаза түрлерін тиімді тергеу және құжаттау мақсатында және "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің 7-бабының 4) тармақшасымен 2022 жылғы 1 шілдеде Денсаулық сақтау министрлігі "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығына ерте анықтау және есепке алу үшін қатыгездікпен қарау белгілерін құжаттау бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізді. Зардап шеккендерге медициналық көмек пациенттерді одан әрі стационарлық көмек үшін емдеу мекемелеріне жібере отырып, жаракат пункттерінде көрсетіледі.

Онкологиялық көмек көрсетудің қолжетімділігі мен сапасын арттыру мақсатында жұмыс тобы Қазақстан Республикасында онкологиялық аурулармен күрес жөніндегі 2023 – 2027 жылдарға арналған Кешенді жоспардың жобасын (бұдан әрі – Кешенді жоспар) әзірледі, ол бес бағытты қамтиды:

- 1) қауіп факторларының алдын алу және басқару;
- 2) тиімділігі жоғары ерте диагностика;
- 3) мамандандырылған емдеуді дамыту;
- 4) паллиативтік көмек және оңалту;
- 5) кадрлық әлеуетті және ғылымды дамыту.

Тәуекел факторларының алдын алу және басқару бойынша онкологиялық скринингтік бағдарламаларды кеңейту, атап айтқанда, соңғы жылдары өлімнің негізгі себебі болып табылатын өкпе обырын анықтау үшін төмен дозалы компьютерлік томографияны енгізу жоспарлануда.

Жас әйелдер арасында ең көп таралған қатерлі ісік ретінде жатыр мойны обырының алдын алу үшін 2024 жылдан бастап ақпараттық түсіндіру науқанын алдын ала жүргізе отырып, адам папилломавирусына қарсы вакцинацияны кезең-кезеңімен енгізу жоспарлануда.

Кешенді жоспардың жобасы 70 іс-шарадан тұрады, Кешенді жоспардың іс-шараларын іске асыруға республикалық бюджет қаражатынан 271,4 млрд теңге, жергілікті бюджеттен 14,9 млрд теңге, бюджеттен тыс қаражат 174,3 млрд теңге, оның ішінде МӘМС қаражаты 45,1 млрд теңге, "Қазақстан халқына" ҚҚ 129,2 млрд теңге, барлығы 460,7 млрд теңге бөлу қарастырылған.

2. Осы баптың 1-тармағының ережесімен қатар қатысушы мемлекеттер жүктілік, босану және босанғаннан кейінгі кезеңде тиісті қызмет көрсетеді, қажет болған жағдайда тегін қызмет, сонымен қатар жүктілік және емізу кезеңінде керекті тағамдармен қамтамасыз етеді.

Мемлекет басшысының "Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі" атты 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес отбасылық-демографиялық жағдайды жақсарту бойынша 2021 жылдан бастап ЭЖҰ-ға квота жыл сайын 7 есеге ұлғайтылады, "Аңсаған сәби" бағдарламасы іске асырылуда. 2021 жылы 7000 әйелге ЭЖҰ жүргізілді (100 %), жүктілік 3400 жағдайда болды, 2900 бала туды. 2022 жылы әйелдерге 7000 ЭЖҰ рәсімі өткізілді.

Жыл сайын 400 мыңнан астам әйел босанады, күн сайын 1100 босанады. Жыл сайын 80 мыңға жуық кесарь тілігі жасалады, күн сайын 210-ға жуық әйел жедел босандырылады.

Акушерлік-гинекологиялық көмекті ұйымдастыру стандартына сәйкес (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 26 тамыздағы № ҚР ДСМ-92 бұйрығымен бекітілген) амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін медициналық ұйымдардағы (меншік нысанына қарамастан) акушерлік-гинекологиялық бөлімшенің құрылымы мүгедектігі бар әйелдерді қарау үшін гидравликалық креслолармен жабдықталған кабинеті бар жеке дәлізі бар акушерлік-гинекологиялық бөлімшенің ( орналасуы 2-қабаттан жоғары емес) болуын көздейді.

Мүгедектігі бар барлық әйелдердің өз еркіне қарсы немесе олардың саналы келісімінсіз мәжбүрлі түсік жасатудан, контрацепциядан немесе стерильдеуден қорғалуы қамтамасыз етіледі.

Мемлекет мүгедек әйелдерге экстрагенитальды диагноз кезіндегі жүктілікті жүргізу дағдысы бар білікті медицина жұмыскерлерін белгілеп, өз бетінше бала тууға мүмкіндік береді.

Мүмкіндігі шектеулі әйелдерде жүктіліктің әрбір нақты жағдайы жеке-жеке талданады. Аурудың ауырлығы мен сатысына, мүгедектік дәрежесіне байланысты кейбір әйелдерге бала көтеруге және босануға рұқсат етіледі. Бұл санаттағы адамдарда жүктілік пен босануды мультисалалы топ жүргізеді.

Қазақстанда ерлер мен әйелдердің репродуктивті функциясын сақтауға және қалпына келтіруге маманданған отбасын жоспарлау және репродукция орталықтарының желісі дамыған, олар әйелдер консультацияларының, ауруханалардың, перинаталдық орталықтардың құрамында да жұмыс істейтін дербес ұйымдар да бола алады.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде СИДО комитетінің қорытынды ескертулерінің 40-т. а), b), c), d), e) тармақшаларының ұсынымдары орындалуда.

**13-бап. Әлеуметтік және экономикалық жәрдемақылар**



Қатысушы-мемлекеттер ерлер мен әйелдердің теңдігі негізінде тең құқығын қамтамасыз ету үшін әйелдерге қатысты әлеуметтік және экономикалық өмірдің басқа салаларында кемсітушілікті жою үшін барлық тиісті шараларды қабылдайды, оның ішінде:

*а) отбасылық жәрдемақыға құқық*

Бүгінгі күні балалы отбасыларды қолдаудың ұлттық моделі құрылды, ол бала тууды ынталандыруға және балаларды отбасында тәрбиелеуге жәрдемдесуге, көп балалы отбасылар мен көп балалы аналардың беделі мен абыройын арттыруға, мүгедектігі бар бала тәрбиелеп отырған отбасыларды қолдауға бағытталған мемлекеттік жәрдемақылар мен төлемдер жүйесі арқылы ұсынылған:

әйелдің жұмыспен қамтылған-қамтылмағанына қарамастан республикалық бюджет қаражаты есебінен бала тууға біржолғы жәрдемақы көзделген (бірінші, екінші, үшінші баланың тууына – 38 АЕК, төртінші және одан да көп балаға – 63 АЕК);

жұмыс істемейтін әйелдер үшін бір жарым жасқа толғанға дейін бала күтімі бойынша ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы (бірінші балаға – 5,76 АЕК, екінші балаға – 6,81 АЕК, үшінші балаға – 7,85 АЕК, төртінші және одан да көп балаға – 8,90 АЕК);

мүгедектігі бар бала тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қорғаншыға (қамқоршыға) ол кәмелетке толғанға дейін тағайындалатын және төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы (мөлшері – 1,4 ЕТҚД). Әлеуметтік кодекс шеңберінде жәрдемақы мөлшері 2023 жылғы 1 шілдеден бастап 1,61 ЕТҚД-не дейін ұлғайтылды;

"Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр Ана" атағын алған, I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған көп балалы аналарға табысына қарамастан төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы (мөлшері – 6,4 АЕК). Әлеуметтік кодексте "Марапатталған аналар" деген жаңа ұғым енгізілген. Бұл ретте марапатталған аналарға төленетін жәрдемақы мөлшері сараланады: "Алтын алқа" алқасымен, "Батыр ана" атағы бар, I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен марапатталған, яғни 7 және одан да көп бала тауып, тәрбиелеген аналарға арналған жәрдемақы мөлшері 7,4 АЕК-ке дейін арттырылатын болады. Бұл саралау 2023 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енді;

4 және одан да көп кәмелетке толмаған балалары бар көп балалы отбасыларға ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы (жәрдемақы мөлшері 4 баласы бар отбасылар үшін – 16,03 АЕК, 5 баласы бар отбасылар үшін – 20,04 АЕК, 6 баласы бар отбасылар үшін – 24,05 АЕК, 7 баласы бар отбасылар үшін – 28,06 АЕК, 8 және одан да көп баласы бар отбасылар үшін – әр балаға 4 АЕК);

жүктілік және босану бойынша төлем, оның мөлшері әйелдің соңғы 12 айдағы орташа айлық табысына байланысты;

жұмыс істейтін әйелдер үшін соңғы 2 жылдағы орташа айлық табыстың 40 % мөлшерінде 1,5 жасқа дейінгі бала күтімі бойынша төлем;

жұмыс істейтін әйелдер үшін 1,5 жасқа дейінгі бала күтімі бойынша демалыста болған кезеңде олардың зейнетақы жинақтарының ұлғаюына, зейнетақымен камсыздандырудың барабар деңгейіне қол жеткізуге ықпал ететін міндетті зейнетақы жарналарын субсидиялау.

Отбасыларды, балалы әйелдерді қолдау шаралары Қазақстан Республикасының барлық азаматтары, қандастар, сондай-ақ санаты мен мәртебесіне қарамастан жәрдемақы алу құқығы Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта көзделген шетелдіктер үшін көзделген.

2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша көп балалы отбасыларға арналған жәрдемақыны орта есеппен 346,8 млрд теңге сомасына 501,2 мың отбасы алды.

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек (бұдан әрі – АӘК) жан басына шаққандағы орташа табысы облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда, астанада белгіленген кедейлік шегінен (ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70 %-ы) төмен отбасыларға көрсетіледі.

Бұдан басқа, 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап аз қамтылған отбасылардан шыққан, 1 жастан 18 жасқа дейінгі балаларға арналған кепілдендірілген әлеуметтік пакет енгізілді, ол оқу орны бойынша тегін тамақтануды, қалалық қоғамдық көлікте жеңілдікпен жол жүруді, мектеп формасымен және керек-жарақтармен қамтамасыз етуді, мектеп жасына дейінгі балалар үшін – азық-түлік жиынтықтарымен және тұрмыстық химия тауарларымен қамтамасыз етуді көздейді.

2022 жылы АӘК 141,5 мыңнан астам отбасыға немесе 728,7 мың адамға (оның ішінде 468,1 мың бала, 61,8 мың көп балалы отбасы) тағайындалды.

2023 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша АӘК 98,7 мыңнан астам отбасына немесе 517,9 мың адамға (оның ішінде 341,5 мың бала, 45,6 мың көп балалы отбасы) тағайындалды.

Сонымен қатар 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап аз қамтылған отбасылар қатарындағы 1 жастан 18 жасқа дейінгі балаларға арналған кепілдендірілген әлеуметтік пакет балаларға 1,5 АЕК мөлшерінде 1 жастан 6 жасқа дейінгі қосымша төлем түрінде монетизацияланды.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының қолданыстағы салық заңнамасында балаларға және отбасының басқа мүшелеріне күтім жасау, сондай-ақ ерлі-зайыптыларға жеке салық салу бойынша шығыстар түріндегі шегерімдер көзделмеген.

Сонымен қатар 2020 жылғы 10 желтоқсандағы № 382-VI Қазақстан Республикасының Заңымен "Салық кодексін қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 33-бабына енгізілген өзгерістерге сәйкес Салық кодексінің "Жеке табыс салығы" деген 8-бөлімінің қолданылуын тоқтата тұру 2025 жылғы 1 қаңтарға дейін ұзартылды, осыған байланысты көп балалы отбасыларға арналған салық шегерімі 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді.

Бұл салық шегерімі көпбалалы отбасындағы ата-ананың біріне ай сайын 23 АЕК, көп балалы отбасының әрбір ата-анасы үшін ай сайын 12 АЕК, бірақ жиынтығында екі ата-анасына күнтізбелік жылға айқындалған 282 АЕК-тен аспайтын мөлшерінде көзделген.

Сондай-ақ егер жеке тұлғада шегерім қолданылған күнтізбелік жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша мұндай балалардың туу туралы куәліктерінің көшірмелерімен расталған кәмелетке толмаған төрт және одан да көп балалары болса, көп балалы отбасы үшін салық шегерімі қолданылады.

Осылайша, СИДО комитетінің қорытынды ескертулерінің 42 а) тармағына сәйкес барлық әйелдер әлеуметтік қорғау бағдарламаларына қол жеткізе алады.

*б) қарыз, жылжымайтын мүлікке несиелер және басқа да қаржы кредиттерін алуға құқық.*

Қазақстан Республикасында кредит алу үшін заңнамалық шектеулер жоқ, сондай-ақ туыстары тарапынан келісу қажет емес. Қарыздар жыныстық белгісіне қарамастан беріледі.

Мәселен, банктердің кредиттік портфеліндегі 48 %-ы (жалпы сомасы 7,35 трлн теңгені құрайтын 4,63 млн кредит) кредиттер әйелдерге берілген. Бұл ретте әйелдердің мерзімі өткен қарыздарының үлесі ерлерге қарағанда аз және 41,1 % құрайды. Кредиттер саны 9,64 млн, жалпы сомасы 15,32 трлн теңгені құрайды.

Ипотекалық кредиттер 447 мың теңге көлемінде 4,91 трлн теңгені құрайды. Әйелдер мен ерлердің пайыздық үлесі портфолиоға бойынша жалпы ұқсас.

2015 жылғы 24 сәуірдегі Еуропа Қайта құру және Даму банкі (бұдан әрі – ЕҚДБ) мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы техникалық ынтымақтастық туралы келісімнің шеңберінде "Бизнестегі әйелдер" бағдарламасы жүзеге асырылуда. ЕҚДБ "Бизнестегі әйелдер" бағдарламасы шеңберінде 100 миллион АҚШ долларынан астам қаржы бөлді, 48 жергілікті консалтингтік жобаларды және халықаралық сарапшыларды тарта отырып, 6 жобаны жүзеге асырды. Ресурстар қатысушы қаржы институттары мен әйелдер басқаратын кәсіпорындарды техникалық қолдау бойынша қаржыландыруға арналған.

Әйелдердің экономикалық құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында Азия Даму Банкі (АДБ) 2021 жылдан бастап "Отбасы" банкінің "Ұмай" әйелдер ипотекасын қаржыландыратын 35,7 млрд теңге сомасына гендерлік облигациялар шығарды. Алғашқы екі транш аясында 2074 әйелге 22,4 млрд теңге кредит берілді. Ағымдағы жылғы "Ұмай" бағдарламасы бойынша тағы да 15,6 млрд теңгені қаржыландыру жоспарлануда.

2023 жылы алғаш рет "Онлайн ҚазФинанс МФО" АҚ (Solva) микроқаржы ұйымымен 6,3 млрд теңге сомасына гендерлік облигациялар орналастырылды. Осы облигацияларды орналастырудан түскен қаражат шағын және орта бизнестегі әйелдерді қаржыландыруға бағытталатын болады.

Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі 2021 – 2025 жылдарға арналған ұлттық жоба шеңберінде кәсіпкерліктегі әйелдер бастамаларын қолдау бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде.

Сонымен қатар 2023 жылдан бастап пайыздық мөлшерлемесі жылдық 2,5 пайыздан аспайтын 5 немесе 7 жылға дейінгі мерзімге жеңілдікті шарттармен жас кәсіпкерлерге шағын кредит беру басталды. Микрокредиттер жастарға Аграрлық кредиттік корпорация (бұдан әрі – АКК) арқылы беріледі және микрокредиттердің ең көп сомасы 5 миллион теңгені құрайды.

2023 жылы 28,9 млрд теңге сомасына 5,8 мың микрокредит беру жоспарлануда.

Жастар тарапынан шағын кредит алуға өтініштер ағымдағы жылдың 1 наурызынан басталды. 2023 жылғы 3 тамыздағы жағдай бойынша АКК филиалдары 23,5 млрд теңге сомасына 5118 өтінімді қабылдады. Барлығы 10,6 млрд теңгеге 2385 шағын кредит берілді.

СИДО комитетінің қорытынды ескертулерінің 42 б) тармағына сәйкес мынаны хабарлаймыз.

Қазақстан Республикасының тұрғын үй қатынастары туралы заңнамасына сәйкес коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үй немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үй берілуі мүмкін Қазақстан Республикасының азаматтарының есебі жүргізіледі. Есепке тұрған азаматтардың санаттары "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңның 67-бабының 1-тармағында айқындалған. Оның ішіне "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен марапатталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған көпбалалы аналар, заңнамада көзделген шарттарды орындайтын халықтың әлеуметтік осал топтарындағы әйелдер кіреді.

Сонымен қатар мемлекеттік тұрғын үй қорында кезекте тұрған көпбалалы отбасылар үшін кезектілік тәртібімен жалға берілетін тұрғын үй беріледі, сондай-ақ "2-10-20" және "5-10-20" жеңілдікті ипотекалық бағдарламалары бар.

Сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар тұрғын үй сертификаттарын әлеуметтік көмек немесе бюджеттік кредит түріндегі әлеуметтік қолдау ретінде ұсынады. Ағымдағы жылы республика бойынша 10703 пәтерді сатып алуға 102,7 млрд теңге сомасына қаражат бөлінді.

*с) демалу, спортпен шұғылдану және мәдени өмірдің барлық саласындағы шараларға қатысу құқығы.*

Қазақстанда азаматтардың дене шынықтырумен және спортпен айналысуға қолжетімділігін қамтамасыз ету және ынталандыру, гендерлік қатыстылығына карамастан мәдениет және шығармашылық өзін-өзі көрсету саласындағы қызметке құқықтарды қамтамасыз ету жөніндегі шаралар заңнамалық тұрғыдан көзделген.

Мәселен, "Мәдениет туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 12-бабының 1-тармағына сәйкес мемлекет мәдени өмірге қатысу, мәдени құндылықтарға қол жеткізу,

мәдениет және өнер мамандықтары бойынша білім алу құқықтарын қамтамасыз ету жолымен азаматтардың мәдениет саласындағы қызмет құқықтарына кепілдік береді.

Бүгінгі таңда мәдениет саласында (театрлар, кітапханалар, музейлер, музыка, кино, архив, кітап ісі) 11754-ке жуық адам республикалық деңгейде жұмыс істейді, оның 6324-тен астамы әйелдер, олардың 754-тен астамы басшылық қызмет атқарады.

Өңірлік деңгейде мәдениет саласындағы қызметкерлердің саны шамамен 58829 (театрлар, кітапханалар, музейлер, музыка, кино) құрайды, оның 31260-тан астамы әйелдер, оның 2545-тен астамы басшылық қызметте.

Мәдениет саласындағы әйелдердің шығармашылық табыстары мен жетістіктерінің жарқын мысалдары: Еслямова Самал – Канн фестивалінің "Үздік әйел рөлі" номинациясының жеңімпазы, Жазылбекова Аружан - Golden Screen Awards сыйлығының "Үздік әйел рөлі" номинациясының жеңімпазы, Суворова Катерина – "Завтра море" кинофильмі 2021 жылдың қазан айында Netflix-те жарыққа шығып, стримингтік сервистегі алғашқы қазақстандық жоба атанды, Абралы Назерке Абайқызы – "Таланттар шоқжұлдызы – Бейбітшілік. Шығармашылық. Достық" III Республикалық конкурс-фестивалінің екінші жүлдесінің лауреаты және т.б.

2022 жылы еліміздің 7 қаласында (Астана, Алматы, Шымкент, Ақтау, Талдықорған, Петропавл және Семей) "Қолжетімді спорт" бағдарламасы іске асырылды. Бұл бағдарлама 20 мыңнан астам адамды қамтыды.

Осылайша, СИДО комитетінің қорытынды ескертулерінің 42-тармағының с), d), e) тармақшасының ұсынымдары орындалады.

#### **14-бап. Ауылдық жерде тұратын әйелдер**

1. Қатысушы мемлекеттер ауылды жерде тұратын әйелдер кездестіретін қиын мәселелерге отбасының экономикалық әл-ауқатын қамтамасыз етудегі рөліне, сонымен қатар тауарлы емес шаруашылық саласындағы қызметіне аса назар аударады, және ауылды жерде тұратын әйелдерге осы Конвенциядағы ережелерді қолдануды қамтамасыз ету үшін барлық тиісті шараларды қолданады.

2023 жылдың басында ауылдық жерде 7,6 млн адам немесе жалпы халық санының 32,8 %-ы тұрады. Олардың ішінде 3,7 млн әйел (49,3 %) және 3,8 млн ер адам (50,7 %). 2022 жылы ауылдық жерде жұмыспен қамтылғандар саны 3,5 млн адамды, оның ішінде әйелдер 1,6 млн адамды немесе 45,2 %-ды құрады.

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес АӨК бойынша тіркелген АШТӨ саны 2022 жылы 19535 құрады, соның ішінде басшы әйелдер – 3178 немесе 16,3 %, ал ағымдағы жылы (2023 жылғы 6 айда) 20069 құрады, соның ішінде басшы әйелдер – 3281 немесе 16,3 %.

АӨК бойынша қайта өңдеу кәсіпорындарының саны 2022 жылы 4042 құрады, оның ішінде басшы әйелдер – 1061 немесе 26,2 %, ал ағымдағы жылы (2023 жылғы 6 айда) 4147 құрады, оның ішінде басшы әйелдер – 1073 немесе 25,8 %.

2022 жылы тіркелген шаруа қожалықтарының саны 248602, оның ішінде басшы әйелдер – 67801 немесе 27,3 %, ал ағымдағы жылы (2023 жылдың 6 айында) 268103, оның ішінде басшы әйелдер 75241 немесе 28,1 % құрады.

Сонымен қатар жұмыспен қамту және халықтың табысын көтеру жөніндегі бағдарлама шеңберінде әйелдердің ауыл шаруашылығы өндірісіне белсенді қатысуы үшін шаралар қабылдауда.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша ағымдағы жылы ауыл тұрғындарының табысын арттыру бойынша "Ауыл аманаты" жобасын іске асыру басталды.

Ағымдағы жылы "Ауыл аманаты" жобасын іске асыру үшін 100 млрд теңге бөлінді, бұл ауылда 18 мыңнан астам жұмыс орнын құра отырып, халыққа 2,5 %-бен 17 мың жеңілдікті шағын кредит беруге мүмкіндік береді.

Жалпы 7 жыл ішінде жобаға 1 миллионнан астам ауыл тұрғындарын қамти отырып және оларды кооперативтік кәсіпкерлікке тарта отырып, 350 мыңға жуық жұмыс орнын құра отырып, 1 трлн теңгеге дейін бөлу жоспарлануда.

Жобаны сәтті іске асыру көптеген ауыл тұрғындары табысының өсуінің сөзсіз катализаторы болады және ауыл тұрғындарының жартысынан көбін және бірінші кезекте әйелдерді кәсіпкерлікке тартуға мүмкіндік береді.

2022 жылы "Ауыл аманаты" жобасы аясында 246,5 млн теңге сомасында 55 адам, оның ішінде ерлер 178,4 млн теңге сомасына 40 адам, әйелдер 68,1 млн теңге сомасына 15 адам немесе 27,3 % шағын кредит алды.

Ағымдағы жылы 5,8 млрд теңге сомасына 1154 адамға шағын кредит берілді, оның ішінде ерлер – 3,6 млрд теңге сомасына 721 адам, әйелдер – 2,2 млрд теңге сомасына 433 адам немесе 37,5 %.

Халықты және бизнесті кемінде 100 Мбит/с жылдамдықпен Интернет желісіне жоғары жылдамдықпен қолжетімділікпен қамтамасыз ету мақсатында, оның ішінде ауылдық жерлерде 2023 – 2027 жылдарға арналған байланыс саласында "Қолжетімді интернет" ұлттық жобасы іске асырылуда.

Ұлттық жоба шеңберінде ауылдық елді мекендердің Интернет желісіне кең жолақты қолжетімділігін қамтамасыз ету бойынша шаралар қарастырылған.

Осылайша, 3000-нан астам ауыл немесе 1,2 миллион адамды оптикалық байланыс желісімен қамтамасыз ету жоспарлануда (2024 жыл – 475 ауыл, 2025 – 795 ауыл, 2026 – 954 ауыл, 2027 – 959 ауыл).

Сонымен қатар қандай да бір байланыс технологиясы жоқ шағын шалғайдағы ауылдық елді мекендердің (250 тұрғыннан аз) Интернет желісіне кең жолақты қолжетімділікті қамтамасыз ету мәселесін шешу үшін ғарыштық байланыс жүйесін пайдалану жоспарлануда.

Жоба 504 ауылды Интернет қызметімен қамтамасыз етеді. Абоненттік қол жеткізу технологиясы ретінде ұжымдық қол жеткізу нүктесі қарастырылады.

Өз кезегінде 2023 жылы жоғарыда аталған жоба шеңберінде 504 ауылдың 176-ын байланыс қызметтерімен қамтамасыз ету жоспарлануда.

2022 жылдың қорытындысы бойынша 6-74 жас аралығындағы компьютер қолданушы әйелдердің үлесі 89,9 %-ды (2021 жылы – 88,9 %, 2020 жылы – 85,4 %), Интернет пайдаланушылар 94,2 %-ды (2021 жылы – 92,6 %, 2020 жылы – 88,0 %) құрайды.

Осылайша, СИДО комитетінің 44 а) тармағының ұсынысы ішінара орындалады.

Сонымен қатар өңірлердегі неғұрлым перспективалы жобаларды анықтау, жергілікті ресурстар мен дәстүрлерді қолдана отырып бірегей өнім жасау үшін ауылдастарының кооперациясы, әсіресе әйелдерді осы жобаға тарту мақсатында 2021 жылдың соңынан бері "Бір ауыл – бір өнім" жобасы (бұдан әрі – БАБӨ) пилоттық режимде басталды. Пилоттық жоба 4 өңірде (Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қостанай, Маңғыстау облыстары) іске асырылды.

БАБӨ пилоттық жобасын іске асыру шеңберінде ауыл аудиториясының оқытудағы және олардың кәсіптік дағдыларын арттырудағы, және жеке қасиеттерін күшейтудегі қажеттіліктерін анықтауға баса назар аударылды. Кооперация, көшбасшылық әлеует, жергілікті өнімді дамытудағы креативті тәсілдер бойынша жалпы тренингтерді қоса алғанда, 25-ке жуық тренинг, сондай-ақ басым бағыттар бойынша нүктелік тренингтер (мысалы, ірімшік, құлмақтан жасалған нан-тоқаш өнімдерін, киіз ойыншықтар мен кәдесыйлар және т.б. өндіру технологиясы бойынша) өткізілді.

"БҰҰ-әйелдер" құрылымының қолдауымен "Әйелдер кәсіпкерлігі орталықтарының қызметін қолдау, Қазақстанда "Бір ауыл – бір өнім" философиясын енгізу" жобасы іске асырылды.

Аталмыш жоба аясында ӘҚДО даму стратегиясының жобасы әзірленді, ұлттық сарапшылар Қазақстандағы "әйелдер салаларын" дамыту мәселелері мен перспективаларына талдау жүргізді, БАҚ өкілдері үшін "Гендерлік саясат тақырыбын жариялау кезінде маңыздысын қалай жіберіп алмау керек" тақырыбында баспасөз-тренингі, өңірлердегі орталықтарға жүгінген 17 өңірден 1200-ден астам әйел жалпы қамтылған әйел кәсіпкерлер және жобаға қатысушылар (көшбасшылар) үшін 45 оффлайн және онлайн-тренингтер және басқалары өткізілді.

2. Қатысушы мемлекеттер ауылдық аудандардағы әйелдерді кемсітуді жойып, ерлер мен әйелдердің тең құқығы негізінде олардың ауылдық аудандарды дамытуға қатысуын және мұндай дамудан пайда алуын қамтамасыз ету үшін барлық тиісті шараларды қабылдайды, атап айтқанда мұндай әйелдерге мынадай құқықтарды қамтамасыз етеді:

*а) барлық деңгейдегі даму жоспарларын құруға және жүзеге асыруға қатысу.*

Ауыл әйелдері өз ауылдары мен елді мекендерді дамыту жоспарларын әзірлеп, жүзеге асыруға белсенді қатысады, олар экономиканың барлық салаларында жұмыс істейді. 2023 жылғы 1 қаңтарда әйелдер шаруа немесе фермер қожалықтарының 65

мыңнан астамы немесе 27 %-дан астам басшылар болып табылады, 2011 жылы бұл үлес 11 % -ды құрады.

Шешім қабылдау деңгейінде әйелдердің өкілдігіне қатысты ақпарат I бөлім. Жалпы мәліметтерде қамтылған.

*b) отбасын жоспарлау мәселесі бойынша ақпарат, консультация беруді және қызмет көрсетуді қоса алғанда тиісті медициналық қызмет көрсетуге қол жеткізу.*

Тиісті медициналық қызмет көрсетуге қол жетімділік, соның ішінде ақпарат, кеңес және отбасын жоспарлау мәселесіне қатысты қызмет көрсету ақпараты 12-бапта қамтылған.

*c) әлеуметтік сақтандыру бағдарламаларының игіліктерін тікелей қолдану.*

Қазақстанда міндетті әлеуметтік сақтандыру негіздерін реттейтін заңнамаға сәйкес бала күтімі бойынша әлеуметтік төлемдерді алу құқығы әлеуметтік тәуекел жағдайлары туындаған кезде болады.

Бұл ретте Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлем де, республикалық бюджеттен 1,5 жасқа дейінгі бала күтімі бойынша жәрдемақы да 1,5 жасқа толғанға дейін бала күтімін жүзеге асыратын адамға төленеді (*МӘСКҚ-дан бала күтімі бойынша әлеуметтік төлем үшін міндетті шарттар болып табылады: МӘС жүйесіне қатысу және 1,5 жасқа дейінгі бала күтіміне байланысты табыс*).

Осылайша, заңнамада белгіленген нормаларға сүйене отырып, гендерлік айырмашылықтар белгіленбейді және бала күтімін ер (әке) де, әйел (ана) де жүзеге асыра алады.

*d) функционалдық сауаттылықты қоса алғанда, формальды және формальды емес білім берудің, даярлаудың және барлық дайындық түрлерін алу, сонымен қатар қауымдық қызмет көрсетудің, ауыл шаруашылығы мәселелері бойынша консультативтік қызметтердің, атап айтқанда олардың техникалық деңгейін арттыру үшін қолдану*

Заңнама деңгейінде ерлер мен әйелдердің білім алуға тең қолжетімділігі қамтамасыз етілді, ол практикада толық көлемде іске асырылады (10-бапты қараңыз).

*e) жұмысқа жалдану немесе тәуелсіз жұмыс қызметі арқылы экономикалық мүмкіндіктерге тең мүмкіндікті қамтамасыз үшін кооперативтер мен өз-өзіне көмектесетін топтар құру.*

2015 жылы "Ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы" Қазақстан Республикасы Заңының қабылдануымен кооперацияны дамытудағы негізгі кедергілер жойылды. Айталық, кооперативтер коммерциялық емес санаттан коммерциялық санатқа ауыстырылды және ауыл шаруашылығы кооперативінде табысты бөлу мүмкіндігіне ие болды, демократиялық қағидаттар сақталды (бір мүше – бір дауыс), қаржылық шаралар мен салықтық жеңілдіктер көзделген.



Бүгінгі таңда ауыл шаруашылығы кооперативтеріне қалған АШТӨ-мен тең шарттарда, оның ішінде жергілікті бюджеттер есебінен мемлекеттік қолдаудың барлық шаралары қолжетімді.

Сонымен қатар қазіргі уақытта инвестициялық субсидиялау шеңберінде кооперацияны ынталандыру үшін жергілікті бюджет қаражаты есебінен ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін сатып алынатын техника мен жабдықтардың құнын 50 %-ға дейін субсидиялауға басымдық және жоғары норматив көзделген.

Салық заңнамасында ауыл шаруашылығы кооперативтері барлық салықтар бойынша 70 % жеңілдікті көздейтін арнайы салық режиміне жатады.

Бұдан басқа, ауыл халқының кірісін жоғарылату бойынша "Ауыл аманаты" жобасын масштабтау шеңберінде ауыл шаруашылығы кооперациясы арқылы әр ауылдық округте ауыл шаруашылығы кооперациясын құру жоспарланып отыр, олар ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруге, қайта өңдеуге, өткізуге, сақтауға, өндіріс құралдарымен және материалдық-техникалық ресурстармен жабдықтауға тартылатын болады.

Осы жоба шеңберінде ауыл шаруашылығы кооперативтерін дамыту үшін кредит алу көзделген (бұл 8 мың АЕК немесе 27,6 млн теңге), бұл ауыл шаруашылығы техникасын, қажетті жабдықтарды сатып алуға және өсімдік және мал шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу бойынша шағын цехтар ашуға ықпал етуге тиіс.

2022 – 2023 жылдары аталған жоба шеңберінде 6 млрд теңгеге жуық сомаға 1209 микрокредит бөлінді, оның ішінде әйелдер 2,3 млрд теңге сомасында 448 микрокредит алды, бұл берілген кредиттердің жалпы үлесінің 37,2 %-ын құрайды.

*f) ұжымдық қызметтің барлық түрлеріне қатысу.*

Қазақстанда ауыл әйелдерінің ұжымдық қызметтің барлық түрлеріне қатысуға шектеулер жоқ. Жоғарыда айтылғандай ауыл әйелдері ер адамдармен тең дәрежеде білім алу, денсаулық сақтау, жұмыспен қамтамасыз етілуге, бос уақытқа, спорт және т.б. жүзеге асыруға құқылы.

*g) ауыл шаруашылығы кредиттері мен қарыздарына, сату жүйесіне, тиісті технология мен жер және аграрлық реформаларда, сондай-ақ жерлерге қайта көшіру жоспарларында тең мәртебеге қолжетімділіктің болуы.*

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер конкурстық негізде беріледі. Осылайша, барлық азаматтар мен заңды тұлғаларға ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелері Қазақстан Республикасының Жер кодексінде көзделген жалпы негіздерде беріледі.

Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес азаматтардың жекелеген санаттары үшін, оның ішінде гендерлік белгісі бойынша жер учаскелерін беру құзыреті жоқ.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге әйелдер тарапынан сұранысқа АӨК және ауылдық аумақтарды дамытуды реттеу әсер етеді.

Бүгінгі таңда фермерлік еңбекті механикаландыру ауыл шаруашылығы қызметкерінен физикалық күшті талап етпейді. Енді мал шаруашылығы мен өсімдік шаруашылығында ғылыми әдістерді енгізу, яғни білім беру үлкен рөл атқарады. Осылайша, әйелдерді егіншілікке тартуға және фермер қожалықтарындағы басшылық рөлдерге тартуға болады.

2022 жылы республика бойынша жерді иеленетін ересек халықтың саны (меншік иелері мен жер пайдаланушылар саны) 436337 адамды, оның ішінде: ерлер – 345546 адам; әйелдер – 90791 адам, оның ішінде: қала халқы (әйелдер) – 34478 адам; ауылдық жерлер (әйелдер) 56313 адамды құрады.

*h) тиісті өмір сүру жағдайларын, әсіресе тұрғын үй жағдайларын, санитариялық қызметтерді, электрмен және сумен жабдықтауды, сонымен қатар көлікті және байланыс құралдарын қолдану.*

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес 2019 жылдан бастап "Ауыл – Ел бесігі" жобасын іске асыру бойынша жоспарлы жұмыс жүргізілуде.

Жобаның мақсаты инфрақұрылымды жаңғырту есебінен ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсарту, жаңа өңірлік стандарттардың параметрлеріне жеткізу болып табылады.

Осы мақсатқа қол жеткізу әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды дамыту, ауыл тұрғындары үшін әлеуметтік қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз ету, сондай-ақ жайлы өмір сүру ортасын құру арқылы жүзеге асырылады.

2023 жылы "Ауыл – Ел бесігі" жобасын жүзеге асыруға бюджеттен 198,2 млрд теңге, оның ішінде ауылдық елді мекендердегі 421 әлеуметтік объектіні жаңғыртуға 58,9 млрд теңге көзделген.

Әлеуметтік объектілерді жаңғыртуға бөлінген қаражат шеңберінде 114 білім беру, 58 денсаулық сақтау, 249 мәдениет және спорт жобалары қамтылады.

Жалпы ауылды дамытуға кешенді көзқарас 2027 жылға қарай ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасы мен әл-ауқатын айтарлықтай жақсартады.

## **15-бап. Заң алдындағы теңдік және азаматтық құқық**

1. Қатысушы мемлекеттер заң алдында әйелдердің ерлермен теңдігін мойындайды.

Қазақстан Республикасының Конституциясында заң мен сот алдында барлығының теңдігі белгіленген.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі 2-бабының 1-тармағына сәйкес (бұдан әрі – ҚР АҚ) "Азаматтық заңдар өздері реттейтін қатынастарға қатысушылардың теңдігін, меншікке қол сұқпаушылықты, шарт еркіндігін, жеке істерге кімнің болса да озбырлықпен араласуына жол беруге болмайтындығын, азаматтық құқықтарды кедергісіз жүзеге асыру, нұқсан келтірілген құқықтардың қалпына келтірілуін, оларды соттың қорғауын қамтамасыз ету қажеттігін тануға негізделеді".

Қылмыстық, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстерде де қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдардың шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және

мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, наным-сеніміне, қоғамдық бірлестіктерге мүшелігіне, тұратын жеріне немесе кез келген басқа мән-жайларға қарамастан заң алдында теңдігі танылады.

2. Қатысушы мемлекеттер әйелдер мен ерлерге бірдей азаматтық құқық қабілеттілігін және оны іске асыруға бірдей мүмкіндіктер береді. Атап айтқанда, олар келісімшарттар жасаған және мүлікті басқарған кезде тең құқықтарды, сонымен қатар оларға соттардағы және трибуналдардағы талқылаулардың барлық кезеңдерінде бірдей қарауды қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабына сәйкес "Әркімнің құқық субъектісі ретінде танылуына құқығы бар және өзінің құқықтары мен бостандықтарын, қажетті қорғанысты қоса алғанда, заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға хақылы. Әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар. Әркімнің білікті заң көмегін алуға құқығы бар. Заңда көзделген реттерде заң көмегі тегін көрсетіледі".

ҚР АҚ-нің 13-бабына сәйкес "Азаматтық құқыққа ие болып, міндет атқару қабілеті (азаматтық құқық қабілеттілігі) барлық азаматтарға бірдей деп танылады. Азаматтың құқық қабілеттілігі ол туған кезден басталып қайтыс болған соң тоқтатылады".

Заңнамалық актіде көзделген реттер мен тәртіп бойынша болмаса, ешкімнің де құқық қабілеттілігі мен әрекет қабілеттілігін шектеуге болмайды. Құқық қабілеттілігін немесе әрекет қабілеттілігін шектеуге бағытталған басқа да мәмілелерге заңнамалық актілерде рұқсат берілген жағдайларды қоспағанда, азаматтың құқық қабілеттілігінен немесе әрекет қабілеттілігінен толық немесе ішінара бас тартуы және осындай мәмілелер маңызсыз болады (ҚР АҚ-нің 18-бабы).

"Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекет кепілдік берген заң көмегі (бұдан әрі – МКБЗК) азаматтардың белгілі бір санаты үшін тегін негізде көрсетіледі (18-бап). Заң көмегіне ақы төлеуді мемлекет жүргізеді (МКБЗК 2022 жылы 169760 адамға, 2023 жылы сәуір айындағы жағдай бойынша 48398 адамға көрсетілді).

2022 жылғы 20 маусымда "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зияткерлік меншік және мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету салаларындағы заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды, оның аясында субъектілер шеңбері едәуір кеңейтілді.

Енді оларға мыналар: асыраушысының қайтыс болуынан келтірілген зиянды өтеу мәселелері бойынша жеке тұлғалар; жұмысқа байланысты немесе қылмыстық құқық бұзушылықпен келтірілген денсаулыққа келтірілген зиян; жыныстық зорлық-зомбылықтың, адам саудасының, терроризм актісінің құрбандары не осы мәртебеге немесе жағдайға байланысты олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету және қорғау мәселелері бойынша азаптауға ұшырағандар; Ұлы Отан

соғысына қатысушылар, жеңілдіктері бойынша Ұлы Отан соғысына қатысушыларға теңестірілген адамдар, сондай-ақ басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері, жедел қызметтегі әскери қызметшілер, бірінші және екінші топтағы мүгедектер, кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес мәселелер бойынша жасына байланысты зейнеткерлер болып табылатын жеке тұлғалар; кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес мәселелер бойынша көпбалалы отбасылар; аз қамтылған адамдар (отбасылар) жатады.

"Республикалық бюджет туралы" 2023 жылғы 28 наурызда Қазақстан Республикасы Заңымен бекітілген 005 бағдарлама бойынша бірыңғай бюджеттік саралауға заң консультанттары қосылды.

Бағдарламаны іске асыру үшін республикалық бюджеттен 2021 жылы – 1669454 теңге, 2022 жылы 2356905000 теңге, 2023 жылы 2719506000 теңге қаражат бөлінді.

Қазіргі уақытта республика бойынша адвокаттық қызметті 5891 азамат жүзеге асырады, оның ішінде МКБЗК 2278 көрсетуге тартылған, бұл адвокаттардың жалпы санының 39 %-ын құрайды.

Қазақстанда заң консультанттарының жалпы саны 13010 адамды құрайды, сондай-ақ оларды МКБЗК жүйесіне тарту бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Өзгерістер енгізілгеннен кейін МКБЗК болып табылатын азаматтардың саны артты.

Мысалы, 2021 жылы МКБЗК 122337 азаматқа көрсетілді, ал 2022 жылдың қорытындысы бойынша бұл сан 169495 азаматты құрады.

2023 жылдың 4 айында МКБЗК 48398 азаматқа көрсетілді.

2022 жылғы жағдай бойынша МКБЗК көрсету түрлеріне қарай бөлу мынадай: қылмыстық істер бойынша 102516 азамат, азаматтық істер бойынша 2755 азамат, әкімшілік істер бойынша 5262 азамат.

Сондай-ақ МКБЗК-ні құқықтық кеңес беру түрінде алған азаматтар саны артты ( 2021 ж. – 16786, 2022 ж. – 53051, 2023 ж. – 18516).

Егер 2021 жылы азаматтардың жалпы санының 12,6 %-ы ғана құқықтық кеңес алса, 2022 жылы құқықтық кеңес беру саны жалпы санның 32 %-ын құрады, бұл осы көрсеткіштің 3 есеге артқанын көрсетеді.

3. Қатысушы мемлекеттер құқықтық салдары әйелдердің құқық қабілеттілігін шектеу болып табылатын барлық шарттардың және кез келген түрдегі басқа да барлық жеке құжаттардың жарамсыз деп саналатынымен келіседі.

Жоғарыда айтылғандай, заң актілерінде көзделген жағдайлар мен тәртіптен басқа ешкімнің құқық қабілеттілігі мен әрекетке қабілеттілігі шектелмейді. Мәмілелер жасасу , шарттарға қол қою және басқа да азаматтық-құқықтық қатынастар кезінде әркімнің қол қоюға және дауыс беруге құқығы бар.

Әркім бұзылған немесе даулы құқықтарын, бостандықтарын немесе заңды мүдделерін қорғау үшін сотқа жүгінуге құқылы (Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 8-бабының 1-тармағы).

Заңда жынысына байланысты сотқа талап қоюға шектеулер жоқ, яғни әйел ерлермен тең құқылы. Қазақстан Республикасының Азаматтық процессуалдық кодексінде, Қазақстан Республикасының Қылмыстық процессуалдық кодексінде, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде процеске қатысушылардың құқықтық жағдайын реттейтін нормалар көзделген. Белгілі бір жынысқа жататынына байланысты айғақтардың салмағына әсер ететін қандай да бір ережелер көзделмеген.

4. Қатысушы мемлекеттер адамдардың тұратын орнын және тұрғылықты жерін таңдау еркіндігіне, жүріп-тұруына заңнамаларда ерлер мен әйелдерге бірдей құқық береді.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 21-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында заңды түрде жүрген әрбір адам, заңда көрсетілгеннен басқа реттерде, оның аумағында еркін жүріп-тұруға және тұрғылықты мекенді өз қалауынша таңдап алуға құқығы бар. Әркімнің Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге кетуіне құқығы бар. Қазақстан Республикасы азаматтарының Қазақстан Республикасына кедергісіз қайтып оралуына құқығы бар.

СИДО комитетінің қорытынды ескертулерінің 48 а) тармағына қатысты: 2023 жылғы 1 шілдеде күшіне енген Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне сәйкес мүмкіндігі шектеулі әйелдерге мемлекет арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсетеді.

Мүгедектігі бар тұлғалар оның ішінде мүгедектігі бар әйелдер оналту және оналтудың жеке бағдарламасы негізінде техникалық құралдармен және оналту қызметтерімен қамтамасыз етіледі.

СИДО комитетінің қорытынды ескертулерінің 48 б) тармағына қатысты: Қазақстан Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында бекітілген халықаралық нормалар мен қағидаттарға сәйкес адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қамтамасыз етуді жақтайды.

Қазақстан Республикасының Конституциясында "азаматтың адамның құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруы басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын бұзбауға, сондай-ақ конституциялық құрылыс пен қоғамдық имандылыққа нұқсан келтірмеуге тиіс" деп нақты көрсетілген.

Сондықтан Қазақстан конституциялық қағидаттар мен кепілдіктерді қатаң сақтай отырып, адам құқықтарын қорғау және қазақстандық қоғамның әрбір азаматының жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету саясатын мақсатты түрде жүзеге асыруда.

СИДО Комитетінің қорытынды ескертулерінің 48 с) тармағына қатысты: ағымдағы жылдың 1 маусымындағы жағдай бойынша елімізде 327 адам босқын мәртебесіне ие. Баспана іздеушілер мәртебесінде 642 адам бар.

"Босқындар туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен пана іздеушілер мен босқындардың жынысына қарамастан Қазақстан Республикасының аумағындағы құқықтық жағдайы айқындалады.

Босқындар Қазақстан Республикасының азаматтарымен тең негізде (ТМККБК толық пакеті), оның ішінде басқаларға қауіп төндіретін аурулар кезінде уәкілетті орган айқындайтын тізбе бойынша және көлемде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін алуға құқылы ("Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 83-бабы).

Сондай-ақ бұл адамдар сақтандыру төлемі болған жағдайда Қазақстан Республикасының азаматтарымен бірдей міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру және ерікті медициналық сақтандыру жүйесі шеңберінде медициналық көмек алуға құқылы.

Қазақстан Республикасында уақытша тұратын азаматтығы жоқ адамдарға, баспана іздеушілерге шұғыл және жоспарлы медициналық көмек ақылы негізде, ЕМС, қайырымдылық ұйымдары есебінен немесе халықты әлеуметтік қорғау мекемелері (бейімдеу орталықтары) арқылы көрсетіледі.

"Босқындар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес баспана іздеушілер де жұмыс істеу немесе кәсіпкерлікпен айналысу бостандығына құқылы (8-бап).

Босқындардың әлеуметтік қамсыздандыру шараларына қолжетімділігі туралы Қазақстан Республикасының 2023 – 2027 жылдарға арналған көші-қон саясаты тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 30-тармағында 1951 жылғы Конвенцияның ережелерін имплементациялау мақсатында НҚА-ға өзгерістер енгізу бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 9 наурыздағы № 183 қаулысында босқын мәртебесін беру, ұзарту, айыру және тоқтату ережелері қабылданды.

Осы Қағидалар "Босқындар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленген және пана іздеушілердің жынысына қарамастан босқын мәртебесін беру, ұзарту, айыру және тоқтату тәртібін айқындайды.

Сондай-ақ Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2022 жылғы 7 сәуірдегі № 118 бұйрығымен босқын мәртебесін беру туралы өтінішті тіркеу және қарау қағидалары бекітілді.

Осы ережелерге сәйкес әңгімелесу оқшауланған бөлмеде бөгде адамдарды кіргізбей өткізіледі. Егер пана іздеуші қазақ немесе орыс тілдерін білмесе, ал әңгімелесуді жүргізетін Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің жауапты қызметкері өтініш берушінің тілін білмесе, аудармашы шақырылады.

Кәмелетке толмағандармен әңгімелесу олардың заңды өкілдерінің қатысуымен жүргізіледі.

Қудалау құрбаны болу қорқынышы жыныстық зорлық-зомбылық, азаптау, гендерлік немесе құпия қарым-қатынас атмосферасын құруды талап ететін өзге де себептермен қорқытумен немесе фактілерімен байланысты пана іздеушілермен әңгімелесуді өтініш берушімен бір жыныстағы адамдар жүргізеді.

Қазақстан Республикасының 2023 – 2027 жылдарға арналған көші-қон саясатының тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 30-тармағында 1951 жылғы Конвенцияның ережелерімен ұлттық заңнаманы имплементациялау бойынша ұсыныстар дайындау және мақұлданған ұсыныстарды ескере отырып, НҚА-ға түзетулер енгізу көзделген (тұрақты әлеуметтік және экономикалық дамуға және олардың толық өнімді жұмысқа орналасуына қол жеткізу үшін Қазақстан Республикасының аумағындағы босқындардың, пана іздегендердің және азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан аумағында болу кезеңінде азаматтармен және тұрақты тұратын шетелдіктермен тең негізде медициналық көмекке, жұмысқа орналасуға, білім алуға және әлеуметтік көмекке қол жеткізуді қамтамасыз ету бөлігінде).

### **16-бап. Некедегі теңдік және отбасылық құқық**

1. Қатысушы мемлекеттер әйелдерге қатысты кемсітушілікті, некелесу және отбасылық қатынастарға қатысты барлық мәселелерді жою үшін барлық тиісті шараларды қабылдайды, атап айтқанда ерлер мен әйелдердің теңдігі негізінде қамтамасыз етеді:

*а) некеге тұруға тең құқықтар.*

"Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының Кодексімен (бұдан әрі – Неке туралы кодекс) некеге отыру (ерлі-зайыпты болу) кезінде және отбасылық қатынастарда шығу тегі, әлеуметтік, лауазымдық және мүлкітік жағдайы, нәсілі, ұлты, тілі немесе діни көзқарасы немесе кез келген өзге де мән-жайлар бойынша азаматтардың құқықтарын шектеудің кез келген нысандарына тыйым салынады.

2023 жылдың 6 айында 53835 неке туралы акт тіркелген. 2022 жылы ресми тіркелген некелердің саны 128359; 2021 жылы – 140256; 2020 жылы – 128839.

*б) жарын еркін таңдауға және некеге өзінің еркін және толық келісімімен тұруға тең құқықтары.*

Неке туралы кодекстің 9-бабына сәйкес неке қию үшін некеге отыратын еркек пен әйелдің ерікті әрі толық келісімі және олардың неке жасына толуы қажет.

Неке туралы кодекстің 2-бабына сәйкес тек мемлекеттік органдар қиған неке ғана танылады. Діни жоралар мен рәсімдер бойынша қиылған неке тіркеуші органдарда тіркелген некеге теңестірілмейді және тиісті құқықтық салдарлар тудырмайды. Еркек пен әйелдің, сондай-ақ бір жыныстағы адамдардың шын мәнінде бірге тұруы неке деп танылмайды. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасында мүгедектігі бар әйелдердің некеге тұруына және балаларына қамқоршылық жасауға тыйым салынбайды.

Неке туралы кодекстің 222-бабына сәйкес егер неке қию туралы өтініш берген кезде некеге отыратын адамдардың екеуінің тіркеуші органда, Қазақстан Республикасының шет елдегі мекемесінде болуы мүмкін болмаса немесе оған қатысуы тым қиын болса (бір-бірінен алыста тұруы, ауыр науқастануы, жүріп-тұру қиындығына байланысты мүгедектігі, әскери қызмет өткеруі және басқалары), белгіленген нысан бойынша толтырылған және некеге отыратын адамдардың екеуі қол қойған неке қию туралы өтінішті олардың біреуі бере алады.

Келмеген адамның қолтаңбасын тіркеуші органның бастығы, Қазақстан Республикасының шет елдегі мекемесінің қызметкері куәландырып, азаматтың тұрған жеріндегі тіркеуші органның, Қазақстан Республикасының шет елдегі мекемесінің мөрімен бекемделуі, нотариус немесе Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес нотариаттық әрекеттер жасау құқығы берілген өзге де лауазымды адам, сондай-ақ жоғарыда аталған бапта көрсетілген тәртіппен куәландыруы мүмкін.

Неке туралы кодекстің 10-бабына сәйкес неке жасы еркектер мен әйелдер үшін 18 жас болып белгіленеді және ортақ бала туған кезде неке жасы екі жылдан аспайтын мерзімге төмендетіледі. Неке жасын төмендетуге тек қана некеге отырушылардың келісімімен жол беріледі. Неке жасына толмаған адамдар арасындағы немесе неке жасына толған адам мен неке жасына толмаған адам арасындағы некеге неке жасына толмаған адамдардың ата-аналарының не қамқоршыларының жазбаша келісімімен ғана рұқсат беріледі.

*с) некеде тұрған кезеңде және оны бұзған кезде бірдей құқықтар мен міндеттер.*

Неке туралы кодекстің 30-бабына сәйкес ерлі-зайыптылар тең құқықтар пайдаланады және тең міндеттер атқарады. Ерлі-зайыптылар ана болу, әке болу, балаларды тәрбиелеу, оларға білім беру, ерлі-зайыптылардың тұратын жерлері мәселелерін және отбасы өмірінің басқа да мәселелерін бірлесіп шешеді.

Ерлі-зайыптылар арасында некенің тоқтатылуы ата-аналар мен осы некеде туған немесе асырап алынған балалар арасындағы құқықтық қатынастарды үзбейді және тоқтатпайды.

Неке туралы кодекстің 16-бабына сәйкес неке ерлі-зайыптылардың біреуінің немесе екеуінің өтініші бойынша оны бұзу жолымен, сондай-ақ сот әрекетке қабілетсіз деп таныған жұбайының қорғаншысының өтініші бойынша тоқтатылуы мүмкін. Некені (ерлі-зайыптылықты) зайыбының жүктілігі кезеңінде және бала туғаннан кейінгі бір жыл ішінде оның келісімінсіз бұзуға болмайды.

Неке туралы кодекстің 17-бабына сәйкес кәмелетке толмаған ортақ балалары жоқ ерлі-зайыптылардың некені бұзуға өзара келісімі кезінде және бір-біріне мүліктік және өзге де талаптары болмаған кезде тіркеуші органдарда неке бұзылатын болады.

Неке сот тәртібімен бұзылған кезде ерлі-зайыптылар кәмелетке толмаған балаларының кіммен тұратындығы туралы, балаларды және (немесе) еңбекке қабілетсіз мұқтаж жұбайын күтіп бағуға қаражат төлеу тәртібі, осы қаражаттың мөлшері туралы



не ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін бөлу туралы, ата-ананың баламен қарым-қатынас жасау тәртібін айқындау туралы келісімді соттың қарауына ұсына алады. Сот шешімінде ерлі-зайыптылардың некені бұзғаннан кейінгі тектері көрсетіледі.

Некені бұзған кезде ерлі-зайыптылар арасындағы мүліктік дауларға қатысты өтініштердің саны (қалада немесе ауылдық жерде тұру белгісі бойынша және өтініш берушілердің жынысы бойынша бөлінген):

мүлікті бөлу туралы талап-арыздар:

2022 жылы – 2445 іс аяқталды, оның ішінде шешім шығарылғаны – 934 (714 немесе 76,4%-ы қанағаттандырылды), әйелдердің талаптары бойынша – 1693 іс.

2023 жылдың 7 айында – 1308 іс аяқталды, оның ішінде шешім шығарылғаны – 526 (411 немесе 78,1%-ы қанағаттандырылды), әйелдердің талаптары бойынша – 904 іс.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайларында әйелдерге (олардың жұбайларына қатысты) берілген тыйым салу ордерлерінің саны:

2022 жылы – 506 іс бойынша тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адамға жеке тұрғын үйде тұруға немесе жәбірленушінің еркіне қарсы іздестіруге, қудалауға тыйым салынады (2023 жылғы 7 айда – 226).

*d) балаларына қатысты мәселелерде отбасылық жағдайына қарамастан ерлер мен әйелдердің ата-ана ретінде тең құқықтары мен міндеттері; барлық жағдайда да балалардың мүддесі жоғары тұрады.*

Неке туралы кодекстің 68-бабына сәйкес ата-аналардың өз балаларына қатысты тең құқықтары және тең міндеттері (ата-ана құқықтары) болады. Ата-ана құқықтары балалары он сегіз жасқа (кәмелетке) толғанда, сондай-ақ кәмелетке толмаған балалары некеге отырған кезде тоқтатылады. Неке туралы кодекстің 70-бабына сәйкес ата-аналардың барлық өзге адамдар алдында баласын тәрбиелеуге басым құқығы бар. Ата-аналар өз баласының денсаулығына қамқорлық жасауға міндетті. Бала тәрбиелеуші ата-аналар оның дене бітімі, психикалық, адамгершілік жағынан және рухани дамуына қажетті өмір сүру жағдайларын қамтамасыз ету үшін жауаптылықта болады.

Неке туралы кодекстің 138-бабына сәйкес ата-аналар өздерінің кәмелетке толмаған балаларын күтіп-бағуға міндетті. Кәмелетке толмаған балаларды күтіп-бағудың тәртібі мен нысанын ата-аналар дербес айқындайды. Егер ата-аналар өздерінің кәмелетке толмаған балаларына, сондай-ақ жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру жүйесінде, күндізгі оқу нысаны бойынша жоғары білім беру жүйесінде оқитын жиырма бір жасқа дейінгі кәмелетке толған балаларына күтіп-бағу қаражатын ерікті түрде бермеген жағдайда, бұл қаражат олардан сот тәртібімен өндіріп алынады.

Неке туралы кодекстің 147-бабына сәйкес ерлі-зайыптылар бірін-бірі материалдық жағынан қолдауға міндетті.

Ата-аналар өз балаларының заңды өкілдері болып табылады және кез келген жеке және заңды тұлғалармен, соның ішінде соттармен қарым-қатынаста олардың құқықтары мен мүдделерін арнайы өкілеттіктерсіз қорғайды.

Неке туралы кодекстің 66-бабына сәйкес баланың өзі алған кіріске, өзі сыйға немесе мұрагерлік тәртіппен алған мүлікке, сондай-ақ оның өз қаражатына алынған басқа да кез келген мүлікке меншік құқығы бар. Заңда жылжымалы және жылжымайтын мүлікке қатысты гендерлік ерекшелігіне қарамастан қыздар мен ұлдарға тең мұрагерлік құқықтар көзделген.

2023 жылдың 6 айында 189515 туу туралы акт тіркелген. 2022 жылы ресми тіркелген туылғандар саны – 403893; 2021 жылы – 446491; 2020 жылы – 426824 құрады.

*е) балалардың саны және олардың арасы неше жас болатыны туралы мәселені еркін және жауапкершілікпен шешуге тең құқығы және оларға осы құқықты жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ақпаратқа, білімге, сондай-ақ қаражатқа қолжетімділікке ие болуға тең құқықтары.*

Қазақстан Республикасы азаматтарының және отбасының ұрпақты болу құқықтарын қорғау саласындағы құқықтары Денсаулық туралы кодекспен реттеледі. Денсаулық туралы кодекстің 79-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтары репродуктивтілікті еркін таңдауға және балалардың санына және олардың некеде немесе некеден тыс туу уақытына, ана мен баланың денсаулығын сақтау үшін қажетті туу арасындағы аралыққа қатысты шешімді еркін қабылдауға құқылы.

*ғ) балаларға қамқоршы, қорғаншы, сеніп тапсырушы және асырап алушы болуға немесе олар ұлттық заңнамада көзделгенде ұқсас функцияларды жүзеге асыруға бірдей құқықтар мен міндеттер, барлық жағдайда балалардың мүдделері басым болады.*

Неке туралы кодекстің 122-бабына сәйкес аталған бапта көрсетілген адамдарды қоспағанда, гендерлік ерекшелігіне қарамастан, кәмелетке толған адамдар ғана қорғаншы немесе қамқоршы бола алады. Қамқоршылық, қорғаншылық және бала асырап алу мәселелерінде әйелдер ер адамдармен тең құқықтарға ие.

Қамқоршы немесе қорғаншы оның келісімімен ғана тағайындалуы мүмкін. Балаға қорғаншы немесе қамқоршы тағайындау кезінде қорғаншының немесе қамқоршының адамгершілік және өзге де жеке қасиеттері, оның қорғаншы немесе қамқоршы міндеттерін орындау қабілеті, қорғаншы немесе қамқоршы мен бала арасындағы қарым-қатынас, қамқоршының немесе қорғаншының отбасы мүшелерінің балаға қатынасы, сондай-ақ егер бұл мүмкін болса, баланың өз қалауы ескеріледі. Егер кәмелетке толмаған адамға қамқоршы немесе қорғаншы болып тағайындалатын адам некеде болса, оның жұбайының міндетті келісімі талап етіледі. Қамқоршылар немесе қорғаншылар өз қамқорлығындағы адамдардың құқықтары мен мүдделерін кез келген адамдармен, соның ішінде сотта, өкілеттіктерін арнайы растаусыз қорғайды.

Күйеуінің қайтыс болуы балалардың анасының ата-аналық құқығын шектеуге әкелмейді. Әйел өз балаларын қамқорлығына алу құқығын некеге тұрған кезде де, оны бұзған кезде де жоғалтпайды. Әйелдің қолданыстағы заңнамаға сәйкес тұрмысқа шығуы оның ата-ана құқықтарына әсер етпейді.

*г) әйелі мен күйеуінің бірдей жеке құқығы, оның ішінде тегін, мамандығы мен кәсібін таңдау құқығы.*

Неке туралы кодекстің 30-бабына сәйкес ерлі-зайыптылардың әрқайсысы қызмет түрін, кәсібін және діни сенімін таңдауға ерікті. Ерлі-зайыптылар ана болу, әке болу, балаларды тәрбиелеу, оларға білім беру, ерлі-зайыптылардың тұратын жерлері мәселелерін және отбасы өмірінің басқа да мәселелерін бірлесіп шешеді.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес әркімнің еңбек бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауға құқығы бар. Мәжбүрлі еңбекке тек сот үкімі бойынша не төтенше немесе соғыс жағдайында ғана жол беріледі. Әркімнің қауіпсіздік пен гигиена талаптарына сәйкес келетін еңбек жағдайларына, қандай да бір кемсітусіз еңбегі үшін сыйақыға, сондай-ақ жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғауға құқығы бар.

Неке туралы кодекстің 31-бабына сәйкес неке қию кезінде ерлі-зайыптылар өз тілектері бойынша ортақ тегі ретінде өздерінің біреуінің тегін таңдайды не ерлі-зайыптылардың әрқайсысы өзінің некеге дейінгі тегін сақтап қалады, не біреуі (екеуі де) өз тегіне екінші жұбайдың тегін қосып алады. Егер ерлі-зайыптылардың біреуінің болса да некеге тұрғанға дейінгі тегі қосарлас болса, олардың тектерін қосуға жол берілмейді.

ҚР ЕК-нің 100-бабының 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес жұмыс беруші жұмыскерге ата-анасының таңдауы бойынша – баланың анасына не әкесіне бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты жалақы сақталмайтын демалыс беруге міндетті.

*h) ерлі-зайыптылардың мүлікті тегін және ақылы иеленуге, алуға, меңгеруге, қолдануға және басқаруға тең құқығы.*

Неке туралы кодекстің 32-бабына сәйкес егер неке шартында өзгеше белгіленбесе, ерлі-зайыптылардың бірлескен ортақ меншігінің режимі олардың мүлкінің заңды режимі болып табылады. Ерлі-зайыптылар некеде тұрған (ерлі-зайыпты болған) кезінде жинаған мүлік олардың бірлескен ортақ меншігі болып табылады.

Тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін біржолғы зейнетақы төлемдерін қоспағанда, ерлі-зайыптылардың некеде тұрған (ерлі-зайыпты болған) кезінде жинаған мүлкіне ерлі-зайыптылардың әрқайсысының еңбек қызметінен, кәсіпкерлік қызметтен және зияткерлік қызмет нәтижелерінен түскен кіріс сомалары, ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкінен және ерлі-зайыптылардың әрқайсысының бөлек мүлкінен алынған кіріс сомалары, олар алған зейнетақылар, жәрдемақылар, зейнетақы жинақтары, сондай-ақ

арнаулы нысаналы мақсаты жоқ өзге де ақшалай төлемдер (материалдық көмек сомалары, мертігу не денсаулығының өзге де зақымдануы салдарынан еңбек қабілетінен айрылуына байланысты нұқсанды өтеуге төленген сомалар және басқалары ) жатады. Ерлі-зайыптылардың ортақ кіріс сомалары есебінен сатып алынған жылжымалы және жылжымайтын мүлік, бағалы қағаздар, пайлар, салымдар, кредиттік ұйымдарға немесе өзге де ұйымдарға салынған, жарғылық капиталдағы үлестер және ол отбасында кімнің атына сатып алынғанына не ақша қаражатын ерлі-зайыптылардың қайсысы салғанына қарамастан, ерлі-зайыптылар некеде тұрған (ерлі-зайыпты болған) кезеңінде жинаған басқа да кез келген мүлік, соның ішінде тұрғын үй жағдайларын жақсарту мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін біржолғы зейнетақы төлемдері есебінен сатып алынған мүлік ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкі болып табылады.

Ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкіне құқық некеде тұрған (ерлі-зайыпты болған) кезеңінде үй шаруашылығын жүргізуді, балаларды күтіп-бағуды жүзеге асырған немесе басқа да дәлелді себептермен жеке табысы болмаған жұбайға да тиесілі болады.

Ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін иелену, пайдалану және оған билік ету ерлі-зайыптылардың екіжақты келісімі бойынша жүзеге асырылады.

2. Баланы некелестірудің және некелесуінің заңды күші жоқ және неке жасының ең кіші жасын айқындау және некелесуді азаматтық хал актісінде міндетті тіркеу мақсатында қажетті барлық шаралар, оның ішінде заңнамалық шаралар қабылдау.

Жоғарыда айтылғандай, Неке туралы кодексте ерлер мен әйелдердің неке жасы 18 жас болып белгіленген және зайыптылардың жүктілігі мен ортақ баланың туылуы кезінде екі жылдан аспайтын мерзімге төмендетілуі мүмкін.

Неке жасын төмендетуге некеге тұрған адамдардың келісімімен ғана жол беріледі. Неке жасына толмаған адамдардың немесе неке жасына толған адамның неке жасына толмаған адамның неке жасына толмаған адамдардың ата-аналарының не қамқоршыларының жазбаша келісімімен ғана некеге тұруға рұқсат етіледі.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасында балаларды некелестіру көзделмеген. Бүгінгі таңда балаларды некелестіру жағдайлары тіркелген жоқ.

Бұдан басқа, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы (бұдан әрі – ҚМДБ) неке қию туралы куәлікті азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінен ресми құжат ұсынылғаннан кейін ғана береді.

Сондай-ақ ҚМДБ діни қызметкерлері отбасы құндылықтары, жастарды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу мәселелері бойынша келушілер арасында түсіндіру жұмыстарын тұрақты негізде жүргізеді.

СИДО комитетінің қорытынды ескертулерінің б) және с) тармақтарына қатысты: мәжбүрлі неке қию және қалыңдықтарды алып қашу жағдайларында адамның жауапкершілігі ҚК-нің 125-бабы (Адамды ұрлау) бойынша регламенттеледі.

Балалар және/немесе мәжбүрлі неке қию және қалыңдықтарды алып қашу жағдайларын анықтау тетіктерін құру мәселелері (қылмыстық сот ісін жүргізу шеңберінде) ведомствоаралық жұмыс топтарының және басқа да диалог алаңдары шеңберінде талқыланды.

Статистикалық мәліметтерге сәйкес 2022 жылы ҚК-нің 125-бабы (Адамды ұрлау) бойынша соттарға 21 адамға қатысты 10 іс келіп түсті (2021 жылы – 54 адамға қатысты 24 іс, 2020 жылы – 30 адамға қатысты 15 іс), оның ішінде – 13 іс үкім шығарумен қаралды (2021 жылы – 15 іс, 2020 жылы – 11 іс).

2022 жылы 30 адам сотталды (2021 жылы 34 адам, 2020 жылы 41 адам), оның ішінде 24 адам бас бостандығынан айыруға (2021 жылы – 26 адам, 8 адам шартты түрде сотталды; 2020 жылы – 33 адам, 3 – шартты түрде, 5 – бас бостандығын шектеуге), қалғандары жазадан босатылды.

Сот істі дұрыс шешу үшін қажетті және жеткілікті мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті зерттеу үшін заңда көзделген барлық шараларды қабылдайды.

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі "Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі" атты Қазақстан халқына Жолдауының жекелеген ережелерін іске асыру мәселесі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңымен кәмілетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстар, яғни 122-бапта көзделген әрекеттер (Он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынас немесе жыныстық сипаттағы өзге де әрекеттер) үшін жазалар қатаңдатылды.

#### Қорытынды

Қазақстанда Конвенцияны іске асыру бойынша нақты шаралар қабылдануда.

2022 жылы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы өзектілендірілді. Тұжырымдама мен оны іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарында гендерлік саясаттың ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді көрсеткіштері көзделген.

"Қазақстанның әйелдері мен еркектері" атты жыл сайынғы статистикалық жинақ шығарылады.

Гендерлік саясат саласындағы негізгі заңнамалық акт "Ерлер мен әйелдердің тең құқықтары мен тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылы қабылданған Заңы болып табылады.

Мыналар: әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылық қылмыстары үшін жазалар қатаңдатылған "Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі "Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі" Қазақстан халқына Жолдауының жекелеген ережелерін іске асыру мәселесі бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (2020 ж.), әйелдердің еңбегі шектелетін жұмыстардың тізімін алып тастау бойынша Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне енгізілген

өзгерістер (2021 ж.), партиялық тізімдер депутаттық мандаттарды бөлу кезінде мүгедек адамдардың, әйелдер мен жастардың өкілдігінің кемінде 30 % ескере отырып қалыптастыру жөніндегі "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына енгізілген түзетулер (2022 ж.), отбасы-тұрмыстық саладағы құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілікті күшейту енгізілген "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық сот ісін жүргізу саласындағы адам құқықтары, жазаны орындау, сондай-ақ азаптау мен басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе қадір-қасиетті қорлайтын қарым-қатынас түрлерінің алдын алу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (2023 ж.), әлеуметтік қызмет көрсету жүйесін толық жаңғырту, арнаулы әлеуметтік қызметтердің қолжетімділігін арттыру көзделіп отырған Қазақстан Республиканың Әлеуметтік кодексі (2023 ж.), халықтың, оның ішінде әйелдердің өмірін жақсартуға бағытталған денсаулық сақтау, білім беру, жұмыспен қамту саласындағы басқа да құқықтық актілер қабылданды.

Сондай-ақ 2023 жылы "Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы", "Прокуратура туралы", "Конституциялық Сот туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңдары күшіне енді, олар азаматтар үшін бұзылған құқықтарды қалпына келтіру және осындай бұзушылықтардың алдын алу бойынша жаңа мүмкіндіктерді айқындайды.

Қазақстанның 2050 жылға дейінгі даму стратегиясы жыныстық белгілері бойынша кемсітушілікке жол бермеуге және гендерлік тең құқықты және ерлермен қатар әйелдердің тең мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге ерекше назар аударды.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың бастамасы бойынша мемлекеттің халықпен тиімді қарым-қатынасын қамтамасыз ету, азаматтардың мемлекеттік басқару процестеріне тартылу деңгейін арттыру мақсатында "Халық үніне құлақ асатын мемлекет" тұжырымдамасы іске асырылуда.

Есепті кезеңде мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған, Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған, Денсаулық сақтауды 2026 жылға дейін дамытудың, Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі құқықтық саясатының, Азаматтық қоғамды дамытудың, Қазақстан Республикасының 2023 – 2027 жылдарға арналған көші-қон саясатының салаларында, Қазақстан Республикасында жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамалар, 2021 – 2025 жылдарға арналған "Қолайлы мектеп", "Әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау", "Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту", 2021 – 2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі, байланыс саласындағы 2023 – 2027 жылдарға арналған "Қолжетімді Интернет" және басқа да ұлттық жобалары қабылданды және іске асырылуда.

Жалпы ұлттық заңнама ерлер мен әйелдердің нақты әлеуметтік теңдігіне қол жеткізуге ұмтылады.

Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің ерекше назары әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылық жасағаны үшін жазаны күшейтуге және қатаңдатуға, отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталған.

Отбасы институтын нығайту, ата-аналардың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыру мақсатында жыл сайын "Мерейлі отбасы" ұлттық байқауы өткізіледі. 2023 жылы Қазақстан Республикасындағы мереке күндерінің тізбесі "Аналар күні" (мамырдың екінші жексенбісі) және "Әкелер күні" (маусымның үшінші жексенбісі) мерекелерімен толықтырылды.

Қабылданған шаралар Қазақстанға Біріккен Ұлттар Ұйымы, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы, Дүниежүзілік банк сияқты халықаралық ұйымдардың әйелдерге қатысты кемсітушіліктің жоқтығын мойындауына қол жеткізуге мүмкіндік берді. Қазақстан Үкіметі болашақта да Конвенцияның ережелерін орындау және СИДО жөніндегі комитеттің қорытынды ескертулерін жою жөнінде шаралар қабылдайтын болады.

Әйелдерге қатысты  
кемсітушіліктің барлық  
нысандарын жою туралы  
конвенцияның орындалуы  
туралы баяндамаға  
1-қосымша

## Қазақстан Республикасының жыныс бойынша халық саны

2023 жыл басына, мың адам

Жылдар	Барлық халық	оның ішінде		барлық халыққа шаққанда пайызбен		1000 әйелге шаққанда ерлер
		әйелдер	ерлер	әйелдер	ерлер	
2011	16 440,5	8 515,5	7 925,0	51,8	48,2	931
2012	16 673,9	8 632,1	8 041,8	51,8	48,2	932
2013	16 910,2	8 751,3	8 158,9	51,8	48,2	932
2014	17 160,9	8 876,3	8 284,6	51,7	48,3	933
2015	17 415,7	9 002,6	8 413,1	51,7	48,3	935
2016	17 669,9	9 128,1	8 541,8	51,7	48,3	936
2017	17 918,2	9 249,7	8 668,5	51,6	48,4	937
2018	18 157,3	9 366,0	8 791,3	51,6	48,4	938
2019	18 395,6	9 482,4	8 913,2	51,5	48,5	939
2020	18 631,8	9 597,7	9 034,1	51,5	48,5	941
2021	18 879,6	9 719,2	9 160,4	51,5	48,5	942
2022	19 122,4	9 835,6	9 286,8	51,4	48,6	944
2023	19 766,8	9 647,7	10 119,1	48,8	51,2	1048

## 2023 жылдың басына халықтың жас құрылымы

мың адам, %

	Барлығы		Қала		Ауыл	
	ерлер	әйелдер	ерлер	әйелдер	ерлер	әйелдер
0 - 15	3 001 983	2 833 471	1 790 365	1 689 656	1 211 618	1 143 815
16 - 62(57)	6 028 354	6 224 431	3 642 602	3 997 930	2 385 752	2 226 501
63(58) +	617 364	1 061 204	381 348	707 401	236 016	353 803

## Қазақстан Республикасы халқының туу кезінде күтілетін өмір сүру ұзақтығы

жылдар саны

	2015	2016	2017	2018	2019	2020	2021	2022
Барлық халық	71,97	72,41	72,95	73,15	73,18	71,37	70,23	74,44
Ерлер	67,49	67,99	68,72	68,84	68,82	67,09	66,33	70,26
Әйелдер	76,26	76,61	76,92	77,19	77,30	75,53	74,03	78,41

## Ана өлім-жітімі

Жылдар	Қайтыс болған жүкті, босанатын және босанған адамдардың саны, адам	Тірі туған 100 000 адамға
2011	66	17,4
2012	52	13,5
2013	51	13,1
2014	47	11,7
2015	50	12,5
2016	51	12,7
2017	58	14,8
2018	56	13,9
2019	55	13,7
2020	156	36,5
2021	200	44,7

## Бала өлім-жітімі коэффициенті

(1000 тірі туғанға шаққанда)

Жылдар	Өлім-жітім коэффициенті		
	барлығы	қыздар	ұлдар
2011	14,91	16,68	13,03
2012	13,56	15,14	11,88
2013	11,39	12,66	10,03
2014	9,83	10,82	8,79
2015	9,41	10,46	8,30



2016	8,59	9,50	7,61
2017	7,93	8,74	7,06
2018	8,03	9,25	6,74
2019	8,37	9,37	7,30
2020	7,77	8,63	6,85
2021	8,44	9,01	7,78
2022	7,76	6,87	8,60

## Халықтың сауаттылығы, %

	Барлық халық			қала халқы			ауыл халқы		
	е к і жыныс	ер	әйел	е к і жыныс	ер	әйел	е к і жыныс	ер	әйел
9-49 жас аралығында сауатты халық									
1999*	99,9	99,9	99,9	99,9	99,9	99,9	99,8	99,8	99,9
2009*	99,8	99,8	99,8	99,9	99,8	99,9	99,7	99,7	99,8
15 және одан жоғары жастағы сауатты халық									
1999*	99,5	99,8	99,3	99,5	99,8	99,5	99,3	99,7	99,0
2009*	99,7	99,8	99,7	99,8	99,9	99,8	99,6	99,7	99,5

\*- ҚР Ұлттық санағының дерегі бойынша

## Қазақстан Республикасындағы 2016 – 2022 жылдардағы еңбек нарығының негізгі индикаторлары

	2016	2017	2018	2019	2020	2021	2022
<b>Барлық халық</b>							
<b>Жұмыс күші</b>	8 998,8	9 027,4	9 138,6	9 221,5	9 180,8	9 256,8	9 429,8
Халық санында жұмыс күшінің үлесі, %	70,0	69,7	70,0	70,1	69,2	69,3	68,7
<b>Жұмыспен қамтылған халық</b>	8553,4	8 585,2	8 695,0	8 780,8	8 732,0	8 807,1	8 971,5
Жұмыспен қамтылу деңгейі, %							
Жұмыс күшінің саны	95,0	95,1	95,1	95,2	95,1	95,1	95,1

Жалдамалы жұмыскерлер	6342,8	6 485,9	6 612,5	6 681,6	6 686,7	6 710,2	6 847,3
Жұмыспен қамтылғандарға, %-бен	74,2	75,5	76,0	76,1	76,6	76,2	76,3
Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар	2210,5	2 099,2	2 082,5	2 099,2	2 045,4	2 096,9	2 124,2
Жұмыспен қамтылғандарға, %-бен	25,8	24,5	24,0	23,9	23,4	23,8	23,7
<b>Жұмыссыз халық</b>	445,5	442,3	443,6	440,7	448,8	449,6	458,3
Жұмыссыздық деңгейі, %	5,0	4,9	4,9	4,8	4,9	4,9	4,9
<b>Әйелдер</b>							
<b>Жұмыс күші</b>	4354,5	4363,2	4461,9	4481,8	4451,7	4500,1	4548,5
Халық санында жұмыс күшінің үлесі, %	64,1	63,8	64,8	64,6	63,7	63,9	63,3
<b>Жұмыспен қамтылған халық</b>	4113,0	4126,3	4220,3	4245,4	4212,5	4252,2	4298,3
Жұмыспен қамтылу деңгейі %-бен							
Жұмыс күшінің саны	94,5	94,6	94,6	94,7	94,6	94,5	94,5
Жалдамалы жұмыскерлер	3114,8	3154,4	3228,8	3238,6	3282,4	3296,1	3348,0
Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар	998,2	971,9	991,5	1006,8	930,1	956,0	950,3
<b>Жұмыссыз халық</b>	241,6	237,0	241,6	236,3	239,2	248,0	250,2
Жұмыссыздық деңгейі, %	5,5	5,4	5,4	5,3	5,4	5,5	5,5

## Жұмыссыздық деңгейі %

	2016	2017	2018	2019	2020	2021	2022
<b>Жұмыссыздық деңгейі - барлығы</b>	5,0	4,9	4,9	4,8	4,9	4,9	4,9
соның ішінде:							
ерлер	4,4	4,4	4,3	4,3	4,4	4,2	4,3
әйелдер	5,5	5,4	5,4	5,3	5,4	5,5	5,5
қала халқы	5,1	4,9	4,9	4,8	4,9	4,9	4,9
соның ішінде:							
ерлер	4,6	4,6	4,6	4,5	4,7	4,3	4,5
әйелдер	5,6	5,2	5,3	5,1	5,2	5,5	5,4
ауыл халқы	4,8	4,9	4,8	4,7	4,8	4,8	4,8
соның ішінде:							
ерлер	4,2	4,1	4,0	4,0	4,1	4,2	4,0
әйелдер	5,5	5,7	5,6	5,6	5,6	5,5	5,7

## Жалдамалы жұмыскерлердің еңбегіне ақы төлеу

### орташа жылдық

	2016	2017	2018	2019	2020	2021	2022
Жұмыскерлердің орташа айлық номиналды жалақысы:							
теңге	142898	150827	162673	186815	213003	250311	309867
АҚШ доллары <sup>1)</sup>	418	463	472	488	498	588	672
Индекстер, алдыңғы жылға қатысты %-да							
номиналды жалақы	113,4	105,5	107,9	114,8	114,0	117,5	123,8
нақты жалақы	98,9	98,3	101,7	109,1	106,8	108,8	107,6
Ең төменгі жалақы	22859	24459	28284	42500	42500	42500	60000

мөлшері, теңге								
-------------------	--	--	--	--	--	--	--	--

1) ҚР Ұлттық Банкінің орташа есептелген бағамы бойынша.

**Экономикалық қызмет түрлері және жынысы бойынша 2021 жылғы орташа айлық номиналды жалақы**

	Орташа айлық номиналды жалақы, мың теңге			Индекстер, алдыңғы жылға қатысты %-бен					
	Барлығы	оның ішінде		номиналды жалақы			нақты жалақы		
		ер	әйел	Барлығы	ер	әйел	Барлығы	ер	әйел
Барлығы	250,3	281,2	220,2	117,5	115,5	120,5	108,8	106,9	111,6
Ауыл, орман және балық шаруашылығы	150,7	161,7	123,5	115,8	116,0	115,4	107,2	107,4	106,9
Өнеркәсіп	327,1	352,6	253,6	114,6	114,4	115,1	106,1	105,9	106,6
Құрылыс	300,9	305,0	272,4	119,2	119,6	116,1	110,3	110,7	107,5
Көтерме және бөлшек сауда, автомобильдер мен мотоциклдерді жөндеу	217,8	241,1	195,2	116,9	117,0	117,8	108,3	108,3	109,1
Көлік және қоймаға жинау	292,1	309,4	239,3	115,5	115,4	115,1	106,9	106,9	106,6
Тұру және тамақтану бойынша қызметтер ұсыну	206,3	252,7	173,2	112,1	118,7	105,4	103,8	109,9	97,6
Ақпарат және байланыс	340,5	360,2	309,4	116,9	118,2	114,6	108,3	109,4	106,1
Қаржы және сақтанды	465,6	605,9	383,1	120,2	121,6	118,4	111,3		109,6

р у қызметі								112,6	
Білім беру	205,2	200,8	206,6	124,1	123,0	124,5	114,9	113,9	115,3
Денсаулық сақтау және халыққа әлеуметтік қызмет	227,6	236,1	225,2	129,7	127,1	130,4	120,1	117,7	120,7
Өнер, ойын-сауық және демалыс	160,5	191,2	131,6	98,8	95,0	104,2	91,5	88,0	96,5

Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенцияның орындалуы туралы баяндамаға 2-қосымша

### **Баяндамада көрсетілген Қазақстан Республикасының құқықтық актілерінің, стратегиялық және бағдарламалық құжаттарының тізбесі**

1. 1995 жылғы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясы.
2. "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" 1995 жылғы 28 қыркүйектегі № 2464 Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы.
3. "Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы" 2022 жылғы 5 қарашадағы № 153-VII ҚРЗ Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы.
4. "Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы" 2022 жылғы 5 қарашадағы № 154-VII ҚРЗ Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы.
5. "Прокуратура туралы" 2022 жылғы 5 қарашадағы № 155-VII ҚРЗ Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы.
6. 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-XIII Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі.
7. 2003 жылғы 20 маусымдағы № 442 Қазақстан Республикасының Жер кодексі.
8. "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Қазақстан Республикасының Кодексі.
9. 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі.
10. 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі.

11. 2014 жылғы 5 шілдедегі № 234-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі.
12. "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының Кодексі.
13. 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі.
14. 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі.
15. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық Кодексі)" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 120-VI ҚРЗ Қазақстан Республикасының Кодексі.
16. 2020 жылғы 29 маусымдағы № 350-VI ҚРЗ Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі.
17. "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ Қазақстан Республикасының Кодексі.
18. 2023 жылғы 20 сәуірдегі № 224-VII ҚРЗ Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі.
19. Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын және ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенция, Қазақстан Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 29 маусымдағы № 247 Заңымен қосылған.
20. Тұрмыстағы әйелдердің азаматтығы туралы конвенция, Қазақстан Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 30 желтоқсан № 19-II Заңымен қосылған.
21. Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық түрлерін жою туралы конвенцияның факультативтік хаттамасы, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 4 шілде № 220-II Заңымен ратификацияланған.
22. "Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" 1991 жылғы 20 желтоқсандағы № 1017-XII Қазақстан Республикасының Заңы.
23. "Тұрғын үй қатынастары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі № 94 Қазақстан Республикасының Заңы.
24. "Саяси партиялар туралы" 2002 жылғы 15 шілдедегі № 344 Қазақстан Республикасының Заңы.
25. "Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы" 2005 жылғы 30 мамырдағы № 54 Қазақстан Республикасының Заңы.
26. "Мәдениет туралы" 2006 жылғы 15 желтоқсандағы № 207 Қазақстан Республикасының Заңы.
27. "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Қазақстан Республикасының Заңы.
28. "Босқындар туралы" 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 216-IV Қазақстан Республикасының Заңы.

29. "Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы" 2009 жылғы 8 желтоқсандағы № 223-IV Қазақстан Республикасының Заңы.

30. "Дене шынықтыру және спорт туралы" 2014 жылғы 3 шілдедегі № 228-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының Заңы.

31. "Ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы" 2015 жылғы 29 қазандағы № 372-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының Заңы.

32. "Қоғамдық кеңестер туралы" 2015 жылғы 2 қарашадағы № 383-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының Заңы.

33. "Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының Заңы.

34. "Жәбірленушілерге өтемақы қоры туралы" 2018 жылғы 10 қаңтардағы № 131-VI ҚРЗ Қазақстан Республикасының Заңы.

35. "Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы" 2018 жылғы 5 шілдедегі № 176-VI ҚРЗ Қазақстан Республикасының Заңы.

36. "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 7 шілдедегі № 361-VI ҚРЗ Қазақстан Республикасының Заңы.

37. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 10 желтоқсандағы № 382-VI ҚРЗ Қазақстан Республикасының Заңы.

38. "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі "Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі" атты Қазақстан халқына Жолдауының жекелеген ережелерін іске асыру мәселесі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 393-VI ҚРЗ Қазақстан Республикасының Заңы.

39. "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2021 жылғы 12 қазандағы № 67-VII ҚРЗ Қазақстан Республикасының Заңы.

40. "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғау, білім беру, ақпарат және ақпараттандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2022 жылғы 3 мамырдағы № 118-VII ҚРЗ Қазақстан Республикасының Заңы.

41. "2023 – 2025 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" 2022 жылғы 1 желтоқсандағы № 163-VII ҚРЗ Қазақстан Республикасының Заңы.

42. "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық сот ісін жүргізу саласындағы адам құқықтары, жазаны орындау, сондай-ақ азаптау мен басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе қадір-қасиетті қорлайтын қарым-қатынас түрлерінің алдын алу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2023 жылғы 17 наурыздағы № 212-VII ҚРЗ Қазақстан Республикасының Заңы.

43. "Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы" 2020 жылғы 27 тамыздағы № 390 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы.

44. "Қазақстан Республикасының адам құқықтары саласындағы одан әрі шаралары туралы" 2021 жылғы 9 маусымдағы № 597 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы.

45. "Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы" 2021 жылғы 15 қазандағы № 674 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы.

46. "Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы № 384 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы" 2022 жылғы 1 сәуірдегі № 853 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы.

47. "Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық құрылтайды құру және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы" 2022 жылғы 15 маусымдағы № 930 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы.

48. "Мерейлі отбасы" ұлттық конкурсы туралы" 2013 жылғы 6 желтоқсандағы № 250 Қазақстан Республикасы Президентінің өкімі.

49. "Зорлау және өзге де сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттермен байланысты қылмыстарды саралаудың кейбір мәселелері туралы" 2007 жылғы 11 мамырдағы № 4 Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Нормативтік қаулысы.

50. "Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының нормаларын қолдану туралы" 2008 жылғы 10 шілдедегі № 1 Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Нормативтік қаулысы.

51. "Босқын мәртебесін беру, ұзарту, одан айыру және оны тоқтату қағидаларын бекіту туралы" 2010 жылғы 9 наурыздағы № 183 Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы.

52. "Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған квотаны белгілеу және оны Қазақстан Республикасының облыстары, республикалық маңызы бар қалалары, астанасы арасында бөлу қағидаларын бекіту, еңбек қызметін жүзеге асыру үшін жергілікті атқарушы органдардың шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған



рұқсаттары талап етілмейтін адамдардың тізбесін айқындау және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы" 2016 жылғы 15 желтоқсандағы № 802 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы.

53. "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы" 2017 жылғы 29 қарашадағы № 790 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы.

54. "Баланың құқықтарын қорғауды күшейту, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл және жасөспірімдер арасында суицидтің көбеюі мәселелерін шешу жөніндегі 2020 – 2023 жылдарға арналған жол картасын бекіту туралы" 2020 жылғы 30 наурыздағы № 156 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы.

55. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің Адам саудасына байланысты қылмыстардың профилактикасы, алдын алу және оларға қарсы күрес жөніндегі 2021 – 2023 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" 2021 жылғы 24 ақпандағы № 94 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы.

56. "Объектілерді террористік тұрғыдан осал объектілерге жатқызу қағидалары мен өлшемшарттарын бекіту туралы" 2021 жылғы 12 сәуірдегі № 234 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы.

57. "Дені сау ұлт" әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау" ұлттық жобасын бекіту туралы" 2021 жылғы 12 қазандағы № 725 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы.

58. "2021 – 2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобаны бекіту туралы" 2021 жылғы 12 қазандағы № 728 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы.

59. "Адам құқықтары және заңның үстемдігі саласындағы одан арғы шаралар жоспарын бекіту туралы" 2022 жылғы 28 сәуірдегі № 258 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы.

60. "Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы" 2022 жылғы 24 қарашадағы № 945 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы.

61. "Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының 2023 – 2027 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы" 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 961 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы.

62. "Қазақстан Республикасындағы мерекелік күндердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 689 қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы" 2023 жылғы 31 мамырдағы № 426 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы.

63. "Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы" 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы.

64. "Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы" 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы.

65. "Халықты әлеуметтік қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын бекіту туралы" 2023 жылғы 29 маусымдағы № 263 Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығы.

66. "Мектепке дейінгі жастағы және мектеп жасындағы балалар орта білім алғанға дейін оларды есепке алуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" 2017 жылғы 11 шілдедегі № 324 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. бұйрығы.

67. "Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарын бейнебақылау жүйелерімен жарақтауға стандарттарды және оларға қойылатын талаптарды бекіту туралы" 2019 жылғы 23 қаңтардағы № 49 Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің және 2019 жылғы 23 қаңтардағы № 32 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бірлескен бұйрығы.

68. "Жүктілікті жасанды үзуді жасаудың тәртібін, медициналық және әлеуметтік көрсетілімдерінің, сондай-ақ жүктілікті жасанды үзуді жасауға қарсы көрсетілімдерінің тізбесін бекіту туралы" 2020 жылғы 9 қазандағы № ҚР ДСМ-122/2020 Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығы.

69. "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. бұйрығы.

70. "Қазақстан Республикасында акушерлік-гинекологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы" 2021 жылғы 26 тамыздағы № ҚР ДСМ-92 Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығы.

71. "Он сегіз жасқа толмаған жұмыскерлердің еңбегін пайдалануға тыйым салынатын жұмыстардың тізімін, он сегіз жасқа толмаған жұмыскерлердің ауыр заттарды тасуы мен қозғалтуының шекті нормаларын және әйелдердің еңбегін пайдалануға тыйым салынатын жұмыстардың тізімін, әйелдердің ауыр заттарды қолмен көтеруінің және жылжытуының шекті нормаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 8 желтоқсандағы № 944 Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" 2021 жылғы 10 желтоқсандағы № 464 Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығы.

72. "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің террористік тұрғыдан осал объектілері мен білім және ғылым саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды

ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" 2022 жылғы 30 наурыздағы № 117 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығы.

73. "Босқын мәртебесін беру туралы өтінішхатты тіркеу мен қарау қағидаларын бекіту туралы" 2022 жылғы 7 сәуірдегі № 118 Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығы.

74. "Ұлттық әл-ауқат қорын қоспағанда, мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардағы корпоративтік басқарудың үлгілік кодексін бекіту туралы" 2018 жылғы 5 қазандағы № 21 Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" 2022 жылғы 8 қыркүйектегі № 63 Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің бұйрығы.

75. "Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің бұйрығы.

76. "Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларын бекіту туралы" 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 506 Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің бұйрығы.

77. "Халықты әлеуметтік қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуді қаржыландыру және мониторингілеу қағидаларын бекіту туралы" 2023 жылғы 29 маусымдағы № 261 Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығы.

78. "Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі" 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Мемлекет Басшысының Қазақстан халқына Жолдауы.

79. "Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам" 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы.